Қазақ тілін оқытуға арналған
бірүлгі оқу-әдістемелік кешен

ОҚУЛЫҚ

# Қазақ тілі

УЧЕБНИК

базалық деңгей

# А2

базовый уровень

Астана, 2016

ӘОЖ 811.512.122(075)
Қ 17

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасының тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында шығарылды.

Издано по заказу Комитета по развитию языков и общественно-политической работы Министерства культуры и спорта Республики Казахстан в рамках государственной программы функционирования и развития языков на 2011-2020 годы.

**Сарапшылар:**
А.М. Алдаш, М.С. Жолшаева, З.С. Күзекова, А.М. Байғұтова, Қ.Т. Рысалды, Ж.К. Қиынова.

**Қ Қазақ тілі. Базалық деңгей / Авторлары:**
Г.Қ. Досмамбетова, А.К. Балабеков, А.Т. Бозбаева-Хунг, Ә.Ж. Хазимова, Б.О. Салыхова.
Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2016-320 бет.
Қ 17 ISBN 978-601-7504-37-3

Қазақ тілін базалық деңгейде меңгеруге арналған оқулық қазақ тіліндегі материалдарды тыңдап түсіну, оқып түсіну, қазақ тілінде жаза білу мен сөйлей білу қабілеттерін арттырады. Оқулық мазмұны он екі бөлімнен, әр бөлім екі сабақтан тұрады. Әр сабақта қарастырылған қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің түрлі әдістері сенімді түрде сөйлеуге дағдыландырады, өйткені тілді базалық деңгейде меңгерудің материалдары толық қамтылған.

Оқулық қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде үйренушілерге, қазақ тілінің оқытушылары, әдіскерлеріне және жалпы оқырман қауымға арналған.

Учебник для изучения казахского языка на базовом уровне развивает способности понимания услышанного и прочитанного на казахском языке материала, формирует навыки письменной и устной речи. Содержание учебника включает двенадцать разделов, каждый из которых изложен в двух уроках. Разнообразные методы, предложенные в ходе уроков, формируют навыки свободной коммуникации на базовом уровне, так как содержание, достаточное для данного уровня охвачено в полной мере.

Учебник предназначен для изучающих казахский язык как иностранный или как второй язык, преподавателей и методистов, а также для широкого круга читателей.

ӘОЖ 811.512.122(075)

ISBN 978-601-7504-37-3

© Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті, 2016
© Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2016
© Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2016

# МАЗМҰНЫ


## I БӨЛІМ. ОТБАСЫ

**1 сабақ. Отбасы** ........ 7
- *Тәуелдік жалғау. Шығыс септік. Нақ осы шақ*

**2 сабақ. Менің отбасым үлкен** ........ 17
- *Жіктік жалғау. Тәуелдік жалғау. Иелік форма.*
- *Жалғаулықтар. Нақ осы шақ. Болымсыз түрі*

## II БӨЛІМ. ҒИМАРАТТАР

**1 сабақ. Ғимараттар** ........ 28
- *Тәуелдік жалғаудың III жағы*

**2-сабақ. ...қалай баруға болады?** ........ 39
- *Тәуелденген сөзге барыс септіктің жалғануы. -уға болады.*
- *Бұйрық райдың II жағы*

## III БӨЛІМ. ӘУЕСҚОЙЛЫҚ

**1 сабақ. Әуесқойлық** ........ 50
- *Нақ осы шақ, күрделі түрі. -нан астам. -шы/-ші жұрнағы*

**2 сабақ. Әуесқой адамдар қандай заттар жинайды?** ........ 62
- *-ша/-ше жұрнағы. -лық жұрнағы. Жинақтық сан есім. Шартты рай*

## IV БӨЛІМ. УАҚЫТ

**1 сабақ. Уақыт** ........ 72
- *Тәуелденген сөзге табыс септік жалғауының жалғануы.*
- *...-дан ...-ға дейін ...-дан бері. ...-ғанда қосымшасы, ...-дан ... кетті. ..-ға .... қалды*

**2 сабақ. Уақытты тиімді пайдалану** ........ 85
- *-сыз/-сіз болымсыз жұрнағы. Өз есімдігі. Қалау рай*

## V БӨЛІМ. ЕСІМДЕР СЫРЫ

**1 сабақ. Есімдер сыры** ........ 97
- *Көптік жалғау. Туралы шылауы*
- *Да/де/та/те жалғаулығы*

**2-сабақ. Есіміңіз қандай мағына береді?** ........ 108
- *-еке/-әке қосымшасы. -дай/-дей/... жұрнағы.*
- *Барлық, бәрі есімдіктері. ... деп ойлау*

## VI БӨЛІМ. АДАМ КЕЛБЕТІ

**1 сабақ. Адам келбеті** ........ 117
- *...-дан кейін/соң. Алу етістігі. ...ға қарағанда*

**2-сабақ. Түр және талғам** ........ 126
- *-лы/лі, -ды/-ді, -ты/-ті жұрнағы*

## VII БӨЛІМ. ҮЙ. ПӘТЕР

**1 сабақ. Үй** ........ 135
- *Көру көмекші етістігі. Есімше*

**2 сабақ. Пәтер** ........ 144
- *...-ғанша қосымшасы*

## VIII БӨЛІМ. МЕНІҢ ЕЛІМ

**1 сабақ. Менің елім** ........ 151
- *Ауыспалы осы шақ. Өткен шақ (қайталау)*

**2-сабақ. Көрікті орындар** ........ 159
- *-лы/-лі жұрнағы (қайталау)*

## IX БӨЛІМ. ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІ

**1 сабақ. Өсімдіктер әлемі** ........ 166
- *Тәуелдік жалғау*

**2-сабақ. Жануарлар әлемі** ........ 176
- *Қаратпа сөздер*

## X БӨЛІМ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРЫНДАРЫ

**1 сабақ. Қызмет көрсету орындары** ........ 186
- *Барыс септік*

**2-сабақ. Қоғамдық орындар** ........ 195
- *-уға болады/болмайды*

## XI БӨЛІМ. ӨМІРБАЯН

**1 сабақ. Өмірбаян** ........ 206
- *«соң, кейін»*

**2-сабақ. Жеке іс парағы** ........ 215
- *Шығыс септік*

## XII БӨЛІМ. ІС ҚАҒАЗДАР

**1 сабақ. Іс қағаздар** ........ 228
- *Тәуелдік жалғау + барыс септік*

**2-сабақ. Бұйрық** ........ 241
- *Етіс + бұйрық рай*

ГРАММАТИКАЛЫҚ АНЫҚТАҒЫШ ........ 253

СӨЗДІК ҚОР ........ 287

ТЫҢДАЛЫМ МӘТІНДЕРІ ........ 302

ТАПСЫРМА ҚОСЫМШАЛАРЫ ........ 319

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тілін оқытуға арналған оқулық үздіксіз білім беру моделі арқылы «Қазақ тілін шетел тілі және екінші тіл ретінде оқыту» әдістемесі негізінде қазақ тілін меңгерудің бес деңгейі бойынша әзірленген. Оқулықта берілген грамматикалық материал мен сөздік қордың үйлесімділігі тіл үйренушіні сенімді түрде қазақ тілінде сөйлеуге дағдыландырады.

Әр бөлім негізгі лексикалық тақырып бойынша жеңілден күрделіге ұласатын ой қозғау, пікірін білдіру, өз ойын айту, сондай-ақ жаңа лексикалық қормен таныстыру, негізгі лексикалық тақырыпқа дайындық тапсырмаларын орындауға негізделген.

Грамматика бөлігінде қазақ тілі грамматикасының негізгі элементтері қарастырылып, сөйлеу әрекетіндегі қызметі түсіндіріледі. Өтілген грамматиканы бекіту мақсатында тыңдап түсіну мен оқып түсіну қабілетін қалыптастыруға бағытталған мәтіндерде сол грамматикалық элементтер берілген. Тыңдалым бөлігі тіл үйренушінің естігенін түсінуі мен оған қатысты тапсырмаларды еркін орындау дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқылым бөлігінде ұсынылған материалдар тіл үйренушілердің өз пікірін білдіруіне, қандай да бір қорытынды жасауына мүмкіндік беретіндей қызықты әрі тартымды, танымдық мәні жоғары, күнделікті өмірмен тығыз байланысты болуына қарай сұрыптап алынған. Сабақ барысында танысқан жаңа сөздерді, грамматикалық материалды, дайын құрылымдарды тіл үйренушінің меңгергендігі Сөйлесім және Жазылым бөліктерінде бекітіледі.

Оқулықтың екінші басылымында алдыңғы жылдардың практикасына сәйкес тіл үйренушілердің пікірлеріне, әдіскерлер мен оқытушылардың ұсыныстарына көңіл бөлініп, әзірлемешілер тарапынан жаңа сабақтар қосылды. Әр сабақтың мақсатына қарай түрлі жаттығулар қалыптастырылды. Жаңа аудиоматериалдар әзірленді.

Екінші басылымға зор еңбек сіңірген Айдар Балабеков мырзаға, сарапшылар ретінде көмек қолын созған Зейнехан Күзекова, Айман Алдаш, Майра Жолшаева ханымдарға алғыс білдіреміз.

***Қазақ тілін меңгеруге септігін тигізеді деген сеніммен ұсына отырып, сіздерге сәттілік тілейміз!***

## ПРЕДИСЛОВИЕ

Учебник, предназначенный для обучения казахскому языку, составлен на основе методики «Обучения казахскому языку как иностранному или как второму языку» по пяти уровням усвоения казахского языка. Сочетание грамматического материала со словарным фондом способствует формированию речевых навыков обучающихся языку.

В каждом разделе учебников лексические темы представлены по принципу «от простого к сложному», что позволяет строить собственные высказывания при выражении собственных мнений и мыслей. Наряду с этим предполагается знакомство с новой лексикой и выполнение подготовительных заданий, предваряющих основную лексическую тему.

В разделе Грамматика рассматриваются основные элементы грамматики казахского языка и их функции в речевой деятельности. В целях закрепления пройденного грамматического материала в текстах, направленных на фомирование способностей слушания с пониманием и чтения с пониманием, представлены эти грамматические элементы.

Раздел Аудирование направлен на развитие навыков понимания прослушанного текста и свободного выполнения заданий к нему обучающимися языку. Материал, предложенный в разделе Чтение, имеет широкое познавательное значение и тесно связан с повседневной жизнью, интересные факты и притягательная форма повествования позволяет обучающимся языку выражать свое мнение и делать определенные выводы. Задания, представленные в разделах Говорение и Письмо, закрепляют грамматический материал, новые слова и готовые конструкции, усвоенные в ходе урока.

Во втором издании учебников, учитывая практику предыдущих лет разработчиками были добавлены новые уроки с учетом мнений обучающихся языку, предложений методистов и преподавателей. Были составлены различные упражнения в соответствии с целью каждого урока. Подготовлены новые аудиоматериалы.

Выражаем огромную благодарность за весомый труд для подготовки второго издания Айдар Балабекову, также Зейнехан Кузековой, Айман Алдаш, Майра Жолшаевой, которые оказали большую помощь в качестве эксперта.

***Надеемся, что наш учебник окажет содействие в овладении казахским языком. Желаем удачи!***

# І БӨЛІМ

## БІРІНШІ САБАҚ

### ОТБАСЫ

Тәуелдік жалғау. Шығыс септік. Нақ осы шақ.

- *Сәлеметсің бе? Сау бол! Асың дәмді болсын!*

## ЕКІНШІ САБАҚ

### МЕНІҢ ОТБАСЫМ ҮЛКЕН

Жіктік жалғау.  Тәуелдік жалғау. Иелік форма.
Жалғаулықтар. Нақ осы шақ. Болымсыз түрі

- *Жайлы жатып, жақсы тұр/тұрыңыз/тұрыңдар/тұрыңыздар*

# 1 - САБАҚ ОТБАСЫ

**1. 287-беттегі сөздермен танысыңыз.**
Познакомьтесь со словами на стр. 287.

**2. Өткен грамматиканы еске түсіріңіз. Тиісті есімдікті қойыңыз.**
Вспомните изученную грамматику. Вместо точек вставьте нужное местоимение.

**менің** **сенің** **сіздің** **оның**

1) *Менің* үйім Абай көшесінде.
2) ________ атың кім?
3) ________ көйлегім қызыл.
4) ________ жұмысыңыз қандай?
5) ________ отбасы үлкен бе?
6) ________ ұялы телефоным жоқ
7) ________ мекенжайың қандай?
8) ________ әкем қырық екі жаста.
9) ________ інісі футбол ойнауды ұнатады.
10) ________ фирмаңыз екінші үйде ме?
11) ________ әйелі есепші ме?
12) Мына фотосуреттегі ________ досым.

**3. Мағыналас сөзге тиісті жалғауды жалғап, сөйлем жазыңыз.**
Напишите предложения, заменяя слова синонимами и добавляя нужные окончания к ним.

іні | кенже ұл | есім | отау иесі | бауыр | ата-ана

1) Менің бауырым бар. *Менің інім бар*
2) Сіздің әке-шешеңіз неше жаста? ________
3) Менің атым – Ақбота. ________
4) Оның ең кіші баласы – мұнайшы. ________
5) Ол ағасын, қарындасын жақсы көреді. ________
6) Темірлан – Асқардың үлкен ұлы. ________

**4. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Ответьте на вопросы.

*Бұл отбасында неше адам бар?*
*Азаматтың әйелінің есімі кім?*
*Отау иесі кім?*
*Қара шаңырақ иесі кім?*
*Кенжесі кім?*



**5. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

| Тәуелдік жалғау (көпше түрі)<br>Притяжательное окончание (мн. число) | 164-бет |
|---|---|
| Біздің қала*мыз* үлкен<br>Сендердің жұмыс*тарың* жақсы ма? | 164 стр. |

**6. Тәуелдік жалғауының көпше түріндегі 10 сөз/сөз тіркесін табыңыз.**
Найдите 10 слов/словосочетаний, употребленных в притяжательной форме множественного числа.

- 1) менің отбасым
- 2) Алматы қаласында
- 3) сіздің әкеңіз
- 4) сіздердің әкелеріңіз
- 5) жел соғады
- 6) сендердің есімдерің
- 7) сенің атың
- 8) дүйсенбіде барамын
- 9) олардың үйлері
- 10) біздің пәтеріміз
- 11) тауға шығасың
- 12) біздің ата-анамыз

- 1) қазақ тілі
- 2) емханада жұмыс істеймін
- 3) телефондарың
- 4) оның ұлы
- 5) суретің
- 6) олардың бауыры
- 7) кімді атайды?
- 8) біздің сынып
- 9) оқуларың
- 10) сен оқисың
- 11) достарыңыз
- 12) тату достар

**7. Тәуелдік жалғаудың жекеше түрін көпше түрге ауыстырыңыз.**
Замените окончания единственного числа притяжательной формы на окончания множественного числа.

менің ⟶ біздің  сенің ⟶ сендердің  сіздің ⟶ сіздердің  оның ⟶ олардың

1) Менің әке-шешем алпыс жаста. *Біздің әке-шешеміз алпыс жаста*
2) Сенің есімің кім? ______
3) Сіздің қай ұлыңыз отау иесі? ______
4) Оның ауылы үлкен бе? ______
5) Сенің дәрігерің не айтты? ______
6) Сіздің сіңліңіз ертең келеді ______
7) Менің атам сондай бауырмал кісі! ______
8) Ол бұрын менің ауылымда тұрды ______

**8. Сөйлем құраңыз.**
Составьте предложения.

| | | |
|---|---|---|
| Біздің | *автобустары* | Түркістан қаласында тұрады. |
| Сендердің | *есімдері* | жасы нешеде? |
| Сіздердің | *мұғаліміміз* | қалай? |
| Олардың | *ағаларыңыздың* | кім? |
| Автопарктердің | *жұмыстарың* | қалай жүреді? |
| Біздің | *бағасы* | мектепте оқиды. |
| Дәптерлердің | *кенжеміз* | жүз-екі жүз теңге. |

## ОҚЫЛЫМ



**1. Жауап беріңіз.**
Ответьте на вопросы.

1. Сіздің отбасыңыз шағын ба, үлкен бе?
2. Қазір шағын отбасы көп пе әлде үлкен отбасы көп пе? Қалай ойлайсыз?

**2. Топтық жұмыс. Кестені толтырыңыз. Ойыңызбен бөлісіңіз.**
Работа в группе. Заполните таблицу. Поделитесь мыслями.

Шағын және үлкен отбасы. Қандай болады?

| Бірінші топ<br>Шағын отбасы | | Екінші топ<br>Үлкен отбасы | |
|---|---|---|---|
| + | – | + | – |
| *үлкен үй керек* | *мереке көңілді емес* | *көңілді мерекелер* | *үлкен үй қажет емес* |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

**3. Оқыңыз. Көп нүкте орнына тиісті сөздерді жазыңыз.**
Прочитайте. Вместо точек напишите нужные слова.

жалқаулау, тәжірибелі, зерек, талантты, тұрмыс, үлгілі, аудармашы, қабілетті, үйленген, қонақжай, күйеу

Менің атым – Самат. Мен университетте бірінші курста оқимын. Менің болашақ мамандығым – заңгер. Мен сіздерге өз отбасым туралы айтып берейін. Менің отбасым үлкен және ____________ отбасы. Әкем мен анам Ұзынағаш ауылында тұрады. Әкем Асқар ____________ және өте жақсы дәрігер. Ал анам Ұлжан мұғалім болып жұмыс істейді. Ол өте ____________ адам. Сол үшін оларды ауыл адамдары өте қатты сыйлайды.

Менің екі ағам және бір әпкем бар. Ағаларым ____________ олардың өз отбасылары бар. Үлкен ағамның екі баласы бар. Үлкен ұлы үшінші сыныпта оқиды. Оның аты – Сержан. Ол өте ____________ бала, ал кіші ұлы керісінше ____________. Әйелі Самал ____________ болып жұмыс істейді. Ол қазақ, орыс, ағылшын және француз тілдерін жақсы меңгерген. Екінші ағам Алматыда жеке фирмада жұмыс істейді. Оның бір қызы бар. Ол төрт жаста. Өзі сондай ____________ Жүзге дейін еркін санайды. Ағамның әйелі Жанар емханада медбике. Жасы жиырма үште. Әпкем Айжан ____________ құрған. Ол Атырау қаласында тұрады. Менің ата-анам ____________ баласын қатты жақсы көреді және сыйлайды. Ол өте ____________ музыкант. Оның есімі – Қайрат.

Біз үнемі бір-бірімізге көмектесеміз және барлық мейрамдарда бір-бірімізді құттықтап тұрамыз. Ата-анамның туған күнінде, демалыс кезінде бәріміз ата-анамның үйінде жиналамыз. Сол кезде үлкен отбасы болған қандай жақсы екенін түсінемін.

**4. Жауап беріңіз.**

Ответьте.

1. Асқар Ұлжанның кімі болады?
2. Ұлжан Сержанның кімі болады?
3. Асқар Сержанның кімі болады?
4. Самал Асқар мен Ұлжанның кімі болады?
5. Айжан Асқардың кімі болады?
6. Айжан Қайраттың кімі болады?

күйеуі — әйелі — келіні — атасы — қызы — әжесі

**5. Жауап беріңіз.**

Ответьте.

1. Саматтың отбасында неше адам бар?
2. Саматтың отбасында қандай мамандық иелері бар?
3. Саматтың отбасы мүшелері қайда тұрады?
4. Кімнің мамандығы туралы айтылмады?
5. Асқар мен Ұлжанның балалары қай кезде жиналады?
6. Самат неге үлкен отбасын жақсы көреді?



## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**

Ознакомьтесь с правилом.

Шығыс септік

Исходный падеж

255-бет

Мен үй*ден* шықтым. Сен Астана*дан* келдің бе?

255 стр.

**2. Шығыс септіктің тиісті жалғауын қойыңыз.**

Вставьте вместо точек соответствующие окончания исходного падежа.

1) Дүкен*нен* сатып алдым.
2) Базар_____ сатып аласың ба?
3) Үй_____ шықты.
4) Досым_____ алған жоқпын.
5) Бауырым_____ білдім.
6) Әкімдік_____ келген жоқ.

**3. Сөздерді тиісті қатарға жазыңыз.**

Напишите слова в соответствующий ряд.

~~отбасынан~~ | ~~ұйымдарынан~~ | ~~кинотеатрлардан~~ | кітаптардан | сөздіктерінен | кітаптарымыздан | отбасыларынан | ~~досыңыздан~~ | кітапханасынан | спортзалдардан | әніңнен | ағаштан | қаймақтан | асханасынан | ауруханадан | автотұрақтардан

шығыс септік жалғауы (ш.с.)
1) *Отбасынан*
2) ____________
3) ____________
4) ____________

тәуелдік жалғау (т.ж.) + (ш.с.)
1) *досыңыздан*
2) ____________
3) ____________
4) ____________

көптік жалғау (к.ж.) + (ш.с.)
1) *кинотеатрлардан*
2) ____________
3) ____________
4) ____________

(к.ж.) +(т.ж.) + (ш.с.)
1) *ұйымдарынан*
2) ____________
3) ____________
4) ____________

**4. Ережемен танысыңыз.**

Ознакомьтесь с правилом.

Нақ осы шақ (жай түрі)
Собственно-настоящее время (простая форма)

**256-бет**

Мен банк*те* тұрмын. Мен үй*де* отырмын.
Мен көше*де* жүрмін. Мен диван*да* жатырмын.

256 стр.

**5. Суреттерді пайдаланып, тиісті сөздерді жазыңыз.**

Напишите нужные слова, используя картинки.

| | | | |
|---|---|---|---|
|  |  |  |  |
| жүр | отырсың | тұр | жатыр |

1) Менің ұлым мектепте ____________.

2) Спортшылар рингте ____________.

3) Сен креслода ____________ ба?

4) Менің ағам диванда ____________.

**6. Тиісті етістікті жазыңыз.**
Напишите соответствующие глаголы.

1. Мен мекемеде *тұрмын* 
2. Сіз кинотеатрда ________________ бе? 
3. Ол диванда ________________ 
4. Сен театрда ________________ 
5. Сіздер қайда ________________ ? 
6. Біз базарда ________________ 
7. Ол ауруханада ________________ 
8. Мен қазір үйде ________________ 
9. Сендер спортзалда ________________ ме? 

**7. Сөздерге қажетті септік жалғауын жалғаңыз.**
В каждом столбце вместо точек напишите слова, поставив их в нужном падеже.

**Барыс септік. Жатыс септік.**
Дательно-направительный падеж. Местный падеж.

| | Қай жаққа? | Қайда? | Қайдан? |
|---|---|---|---|
| мекеме | Мен ________________ барамын? | Мен ________________ отырмын. | Мен ________________ шықтым. |
| кітапхана | Сіз ________________ келдіңіз. | Сіз ________________ отырсыз. | Сіз ________________ шықтыңыз. |
| ықшамаудан | Сен ________________ барасың ба? | Сен ________________ жүрсің. | Сен ________________ келесің . |
| пәтер | Ол ________________ барады. | Ол ________________ жүр. | Ол ________________ шығады. |
| дүкен | Мен ________________ барамын. | Мен ________________ жүрмін. | Мен ________________ келдім. |
| аурухана | Сіз ________________ келген жоқсыз. | Сіз ________________ жатырсыз. | Сіз ________________ шықтыңыз ба? |

**8. Суреттерге қарап, сөйлемді аяқтаңыз.**

Посмотрите на рисунки и напишите предложения.

тұр | жүр | отыр | жатыр

1. Мына суретте Ерланның кенжесі _______________. Ал үлкен ұлы _______________.



2. Мына суретте мен ауруханада _______________.



3. Бұл суреттегі сен бе? Сен қайда _______________?



4. Менің ата-анам креслода _______________.



## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Оқыңыз.**
Прочитайте.




**2. Сөздерді суретпен сәйкестендіріңіз.**
Соедините слова с рисунками.





**Кімге айтасыз?**
**Кому скажете?**

**Жайлы жатып, жақсы тұрыңыздар!**

**Жайлы жатып, жақсы тұрыңыз!**

**Жайлы жатып, жақсы тұрыңдар!**

**Жайлы жатып, жақсы тұр!**





## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Мәтінді тыңдаңыз, тиісті сөздер мен жалғауларды жазыңыз.**
Прослушайте текст. Напишите соответствующие слова и окончания.

№1

**Өмірбаян**

Аты-жөні: ______________________________

Туған жылы, айы, күні: ______________________________

Туған жері: ______________________________

Ұлты: ______________________________

Білімі, оқыған оқу орны: ______________________________

Ата-анасы: ______________________________

Отбасы жағдайы: ______________________________

Әскери қызметі: ______________________________

Қазіргі жұмысы: ______________________________

**2. Диалогті тыңдаңыз. Дұрысын белгілеңіз.**
Прослушайте диалог. Отметьте правильные варианты.

№2

| | | |
|---|---|---|
| 1. Жандостың қарындасы бар ма? | ☐ Иә, бар. | ☐ Жоқ. |
| 2. Ол қайда жұмыс істейді? | ☐ Ауруханада. | ☐ Әкімдікте. |
| 3. Жандостың әйелінің есімі кім? | ☐ Жанар. | ☐ Сәуле. |
| 4. Оның неше ұлы бар? | ☐ Екі ұлы. | ☐ Үш ұлы. |
| 5. Кімдер отау иелері? | ☐ Таңат, Ержан. | ☐ Ержан, Нұржан. |
| 6. Кенжесі кім? | ☐ Нұржан. | ☐ Таңат. |
| 7. Нұржанды қалай атайды? | ☐ Отау иесі. | ☐ Кенжетай. |

**3. Мәтінді тыңдаңыз. Тиісті сөздерді жазыңыз.**
Прослушайте текст. Вместо точек напишите соответствующие слова.

№3



1. Санжар – ______________ адам.
2. Оның бір бауыры ______________ қаласында тұрады.
3. Есімі – ______________
4. Басқалары ______________ қаласында тұрады.
5. Автор Санжардың бауырын Павлодар қаласының ______________ кездестірді.
6. Ол ______________ танымады.

## СӨЙЛЕСІМ

**1. Жұптық жұмыс.**
Работа в паре.

**А) Біреуіңіз 319-беттегі отбасы суретімен танысасыз, екіншіңіз оған қарамайсыз, бірақ сұрақтар қойып, жауаптарды жазасыз.**
Один из вас знакомится с рисунком семьи на стр. 319, другой не видит его, но задает вопросы и пишет ответы.

***Бұл суретте – сіздің отбасыңыз.***




ата-ана
бауыр
бауырмал
деп атау
есім
кенже
кіші
қара шаңырақ иесі
отау иесі

**Ә) Енді орындарыңызбен ауысыңыздар.**
Теперь поменяйтесь местами.

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Отбасыңыз туралы шағын мәтін жазыңыз. Жоғарыдағы сөздерді қолданыңыз.**
Напишите небольшой текст о своей семье. Используйте для этого слова, приведенные выше.

# 2 - САБАҚ

## МЕНІҢ ОТБАСЫМ ҮЛКЕН

**1. 287-беттегі сөздермен танысыңыз.**
Познакомьтесь со словами на стр. 287.

**2. Өткен грамматиканы еске түсіріңіз. Тиісті есімдікті қойыңыз.**
Вспомните изученную грамматику. Вставьте нужное местоимение.

мен | сіз | сен | сіз | ол

1. *Мен – дәрігермін.*
2. ________ Қайырбексің бе?
3. ________ отау иесісіз.
4. ________ қазақ.
5. ________ Хромтаудансыз ба?
6. ________ Алматыдансың.
7. Мына суретте ________ тұрмын.
8. ________ үйленгенмін. Менің отбасым бар.
9. Сен үйленбеген________ .
10. ________ жиырма алты жастамын.
11. Мына суретте ________ қайдасың?
12. ________ Саша Кузнецовсыз ба?
13. ________ аспазбын.
14. ________ отыздасыз ба?

**3. Жіктік жалғауды қолданып, сөйлемдерді көшіріңіз.**
Перепишите предложения, используя окончания личной формы.

Менің есімім – Арман (1), тегім – Омаров (2). Жасым отыз сегізде (3). Ұлтым – қазақ (4). Мамандығым – заңгер (5). Отбасым бар (6). Мен Ақсуда тұрамын (7).

1) Мен ________________________________ .
2) Мен ________________________________ .
3) Мен ________________________________ .
4) Мен ________________________________ .
5) Мен ________________________________ .
6) Мен ________________________________ .
7) Мен ________________________________ .

**4. Өзіңіз туралы жазыңыз.**
Напишите о себе.

Менің есімім – ____________________ (*1*)
тегім – ____________________ (*2*)
Жасым ____________________ (*3*)
Ұлтым – ____________________ (*4*)
Мамандығым – ____________________ (*5*)
Отбасым ____________________ (*6*)
Мен ____________________ тұрамын (*7*)

1) Мен ________________________________ .
2) Мен ________________________________ .
3) Мен ________________________________ .
4) Мен ________________________________ .
5) Мен ________________________________ .
6) Мен ________________________________ .

**5. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

| Жіктік жалғау (көпше түрі)<br>Личные окончания, мн. число | 257-бет |
|---|---|
| Біз достармыз.<br>Сендер мұғалімсіңдер ме? | 257 стр. |

**6. Жіктік жалғаудың көпше түріндегі 10 сөз/сөз тіркесін табыңыз.**
Из приведенного списка найдите 10 слов/словосочетаний, употребленных в личной форме множественного числа.

| | |
|---|---|
| *олар құрбылар* | сіздердің бөлмеңіз |
| біз ағайындымыз | бөлесінің бөлмесі |
| жеңгесіңдер | жиеншары |
| келіннің аты | күйеу балаңыз |
| менің жеңгем | күйеу баласымын |
| біздің келініміз | көкесі |
| сендер жиенсіңдер | олар ағылшындар |
| сендердің жиендерің | нағашымыз |
| сендер кімсіңдер? | сіздер дүнгенсіздер ме? |

**7. Сөздерді тиісті қатарға жазыңыз.**
Напишите слова в соответствующий ряд.

Сапарбековпін, ауылданмын, отыз екі жастамын, бөлмедесің, Қазақстаннанмын, ұйғырмын, жиеніміз, немере ағасымын, Астанадамын, тәтемсің, бөлесісіз, Николай Бегловпын, Алматыданмын, ағайындымыз, жиырма алтыдасыз, Сәтбаевтансың.

| | |
|---|---|
| жіктік жалғау (ж.ж.) | 1. *Сапарбековпін*<br>2. ___<br>3. ___<br>4. ___ |
| Жатыс септік (ж.с.)<br>+<br>(ж.ж.) | 1. *отыз екі жастамын*<br>2. ___<br>3. ___<br>4. ___ |
| Тәуелдік жалғау (т.ж.)<br>+<br>(ж.ж.) | 1. *немере ағасымын*<br>2. ___<br>3. ___<br>4. ___ |
| Шығыс септік (ш.с.)<br>+<br>(ж.ж.) | 1. *Қазақстаннанмын*<br>2. ___<br>3. ___<br>4. ___ |

**8. Сөз тіркестерін екінші бағандағы сөздермен сәйкестендіріңіз.**
Соедините словосочетания с соответствующими словами из второго столбца.

| | |
|---|---|
| 1) Мен оның | ағаң |
| 2) Сен біздің | ағасымын |
| 3) Сіз менің | бөлемсіз |
| 4) Ол сенің | досымызсың |

| | |
|---|---|
| 1) Біз олардың | нағашымызсыздар |
| 2) Сіздер біздің | жеңгелерісіңдер |
| 3) Олар сенің | жезделеріміз |
| 4) Сендер Әселдің | келіндерің |

**9. Қажетті сөздерді қойыңыз.**
Вставьте соответствующие слова.

Асқардың нағашы | атасының | ~~оның~~ | сіздердің

1) Мен ________________ құрбысымын.
2) Сіздер ______________________ жездесісіздер ме?
3) Біз ______________________ бөлелеріңізбіз.
4) Олар ______________________ жиендері.

## ОҚЫЛЫМ

**1. Топтық жұмыс. Сұрақтарды топ болып талқылаңыздар. Жауаптарыңызды өзге топқа айтып беріңіздер.**
Работа в группе. Обсуждайте вопросы в группе, потом расскажите в другую группу.

1. Балаға үнемі ескерту жасау керек пе? Неге? Себебі?
2. Кіші бала үлкен баланың заттарын қолдану керек пе? Неге? Себебі?
3. Ерте үйлену дұрыс па? Неге? Себебі?

**2. Топтық жұмыс. Сұрақтарға жауап жазыңыздар.**
Работа в группе. Ответьте на вопросы.

Мектеп жасындағы балаларға ата-аналар қандай ескертулер жасайды?

1. *үйге ерте кел*
2. ______________________
3. ______________________
4. ______________________
5. ______________________
6. ______________________

16-25 жастағы баласына ата-аналар қандай кеңес береді?

1. *жақсы жұмыс істе*
2. ______________________
3. ______________________
4. ______________________
5. ______________________
6. ______________________

**2. Оқыңыз.**
Прочитайте.

Менің атым – Самат. Жетінші сыныпта оқимын. Ата-анам маған үнемі ескерту жасайды. Мысалы, үйге ерте кел, сабағыңды оқы, компьютерде көп ойнама, бас киім ки, жылы киін. Мен кішкентай бала емеспін. Бәрін білемін, бірақ олар айта береді. Оларға қалай түсіндірсем екен?





Менің атым – Арман. Бесінші сыныпта оқимын. Менің ағам бар. Аты – Мақсат. Ол алтыншы сыныпта оқиды. Анам маған үнемі Мақсаттың ескі киімін ки, Мақсаттың ескі сөмкесін немесе кітаптарын ұста дейді. Ал менің ұстағым келмейді. Оны ата-анама қалай түсіндірсем екен?

Менің есімім – Қайрат. Жасым жиырма бесте. Қалада тұрамын, жеке фирмада жұмыс істеймін. Үйдің кіші баласымын. Үлкен ағаларым мен әпкелерімнің өз отбасы бар. Ата-анам ауылда тұрады. Олар – зейнеткерлер. Олар маған үнемі үйлен дейді. Алайда маған үйлену әлі ерте. Мен жұмыста жақсы жетістіктерге жеткім келеді. Қазір мен үшін карьера бірінші орында. Ата-анама айтсам, олар түсінбейді. Олар жұмыс пен отбасын бірге алып жүру оңай деп ойлайды. Меніңше, қазіргі кезде бұл қиын секілді.



**3. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

*Қай мәселе отбасында жиі кездеседі? Нөмірлеңіз.*

| | | |
|---|---|---|
| Саматтың мәселесі ☐ | Арманның мәселесі ☐ | Қайраттың мәселесі ☐ |

**4. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

1. Самат нешінші сыныпта оқиды?
2. Оған қандай ескертулер ұнамайды?
3. Арманға анасы үнемі не айтады?
4. Қайрат қайда тұрады және жұмыс істейді?
5. Қайратқа ата-анасы үнемі не айтады?
6. Қайрат үшін не маңызды?
7. Қайрат отбасын құру туралы не ойлайды?



## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

| Иелік форма<br>Форма принадлежности | **257-бет** |
| --- | --- |
| Мына сурет – **ме***нікі*<br>**Үлкен бөлме ағасы***нікі* | 257 стр. |

**2. Иелік форманың тиісті жұрнағын қосып сөйлем құраңыз.**
Составьте предложения, добавив нужные суффиксы формы принадлежности.

***Теннис ракеткасы жезденіздікі.***

**теннис ракеткасы** | **кітап** | **диск** | **ұялы телефон** | **электронды пошта**




**бөлем** | **Сәкеннің немере інісі** | **жезденіз** | **есепшінің күйеу баласы** | **көкең**

**3. Тәуелдік жалғаулы сөзді иелік формамен ауыстырыңыз.**
Замените слова в притяжательной форме на форму принадлежности.

1) Мынау – менің қағаздарым. *Мына қағаздар менікі*
2) Бұл – Қуаттың үйі. ______
3) Бұл кімнің суреті? ______
4) Мынау сіздің фотосуретіңіз бе? ______
5) Бұл – сендердің сыныптарың. ______
6) Менің пәтерім – мынау. ______
7) Мынау кімнің ноутбугі? ______
8) Бұл кімнің телефоны? ______
9) Бұл – нағашыларымның бөлмесі. ______
10) Мынау Әсияның қолшатыры емес. ______
11) Бұл сенің көзілдірігің бе? ______

**4. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

| *және, мен/пен/бен* жалғаулықтары<br>Союзы *және, мен/пен/бен* | **258-бет** |
|---|---|
| Нотариус кеңсесінде сенімхат *пен* келісімшартқа қол қойдық.<br>Мен Диас *пен* Динараға кеттім. | 258 стр. |

**6. Жалғаулықты алмастырыңыз.**
Замените союзы.

*және* → *мен, пен, бен*

1) Танысып қойыңыз, бұл – Гауһар және Айжан.
*Танысып қойыңыз, бұл – Гауһар мен Айжан.*
2) Жетпіс екінші пәтерде Таңат және Әлия тұрады.
3) Кеше жаңбыр жауды.
4) Мен күзді және жазды ұнатамын.
5) Тұсаукесерге  және туған күнге көп адам келді.
6) Мен тауға сенбіде  және жексенбіде шығамын.
7) Менің кішкентай жиенім би билеуді және ән айтуды жақсы көреді.
8) Сіздің күйеу балаңыз және қызыңыз келді.
9) Аңсар және Ғалия маған бөле болып келеді.
10) Мен қазақ және ағылшын тілдерін жақсы білемін.

**7. Жалғаулықты тиісті орынға қойыңыз.**
Поставьте союзы в нужное место.

1) Менің жездемнің, әпкемнің, жиенімнің тегі – Төрехан.
*Менің жездемнің әпкем мен жиенімнің тегі – Төрехан*
2) Таня, Денис,  Кристина бір-біріне бөле болып келеді.
3) Мен фитнесзалға, кітапханаға, тауға жиі барамын.
4) Мен сіздің жиендеріңізді, жиеншарыңызды, бөлелеріңізді көрген жоқпын.

**8. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

| Нақ осы шақ (болымсыз түрі)<br>Собственно-настоящее время, отрицательнея форма | **169-бет** |
|---|---|
| *Алло, сен спортзалда жүрген жоқсың ба?*<br>*Мен қазір бассейндемін.* | 169 стр. |

**9. Нақ осы шақтың болымсыз түрінде жазыңыз.**

Напишите глаголы собственно-настоящего времени в отрицательной форме.

1) Мен *тұрған жоқпын* . 
2) Сен ______ . 
3) Сіз ______ . 
4) Ол ______ . 
5) Біз ______ . 
6) Сендер ______ . 
7) Сіздер ______ . 
8) Олар ______ . 

**10. Сурет бойынша сөйлем құраңыз.**

Составьте предложения по рисункам.




Салтанат: *Салтанат креслода отырған жоқ, ол кабинетте тұр.*




Санжар ______




Олар ______




Олжас ______

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Суреттерге сәйкес құрылымдарды жазыңыз.**
Напишите конструкции, соответствующие картинкам.






## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Қысқа мәтіндерді тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Прослушайте мини-текст. Ответьте на вопросы.

№4

1) Олар бір-біріне кім болып келеді?

2) Оның  атасы мен әжесінің кімі бар?

3) Олар бір-біріне бөле ме?

4) Дәулеттің кімі бар?

5) Назеркенің неше бөлесі бар?

**2. Мәтінді тыңдаңыз. Осы адам туралы І жақта жазыңыз. Жіктік жалғауын жалғаңыз.**
Прослушайте текст. Напишите об этом человеке в І лице, используя личные окончания.

№5

| | |
|---|---|
| (аты-жөні) | *Мен* *Мұрат Қаражігітовпін* |
| (мекенжайы, қаласы) | *Мен* |
| (жасы) | *Мен* |
| (мамандығы) | *Мен* |
| (отбасы жағдайы) | *Мен* |

## СӨЙЛЕСІМ

**1. Топтық жұмыс.**
Работа в группе.

**А) Жұмыс дәптеріңізге өзіңіздің тұрған, отырған, жүрген және жатқан 4 суретіңізді салыңыз.**
На рабочей тетради нарисуйте 4 рисунка, где вы стоите, сидите, ходите и лежите.

**Ә) Суреттеріңізде қайда тұрғаныңыз, отырғаныңыз, жүргеніңіз, жатқаныңыз туралы бірінші жолға жазыңыз.**
В первую строку напишите где вы стоите, сидите, ходите и лежите.

**Б) Енді 3 тіл үйренушіге олардың салған суреттері бойынша сұрақтар қойыңыз, жауаптарын 3-жақта жазыңыз.**
Теперь задайте вопросы 3 обучающимся по нарисованным рисункам, ответы напишите в 3-м лице.

| ҚАЙДА? | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тұр | отыр | жүр | жатыр |
| Мен | *Мен тұрмын* | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Белгіленген сөздерді қолданып, туыстарыңыз туралы шағын мәтін жазыңыз.**
Используя приведенные слова, напишите мини-текст о ваших родственниках.

болып келеді, жезде, жеңге, жиен, жиеншар, бөле,
күйеу бала, келін, көке, тәте,  нағашы, немере ағай

# II БӨЛІМ

## БІРІНШІ САБАҚ

### ҒИМАРАТТАР

Тәуелдік жалғаудың ІІІ жағы

- *Телефонға шақырып жібересіз бе? Өкінішке орай. Шақырып жіберші. Қазір шақырамын. Сені телефонға шақырып жатыр.*

## ЕКІНШІ САБАҚ

### ... ҚАЛАЙ БАРУҒА БОЛАДЫ?

Тәуелденген сөзге барыс септіктің жалғануы. -уға болады.
Бұйрық райдың ІІ жағы

- *Телефон соқ. Қоңырау шал*

# 1 - САБАҚ

## ҒИМАРАТТАР

**1. 288-беттегі сөздермен танысыңыз.**
Познакомьтесь со словами на стр. 288.

**2. Суретке сәйкес сөздерді жазыңыз.**
Напишите нужные слова.

|  |  |  |  |  |
|---|---|---|---|---|
| *ғимарат* | ________ | ________ | ________ | ________ |
|  |  |  |  |  |
| ________ | ________ | ________ | ________ | ________ |

**3. Сурет пен сөзді сәйкестендіріңіз.**
Соедините картинки с соответствующим словом.

| шеберхана | мешіт | дәріхана | асхана | дәмхана | қонақүй | шаштараз | әуежай |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ○ | ○ | ○ | ○ | ○ | ○ | ○ | ○ |
| ○ | ○ | ○ | ○ | ○ | ○ | ○ | ○ |
|  |  |  |  |  |  |  |  |

**4. Сөздерді табыңыз.**
Найдите слова.

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| п | о | ш | т | а | ж | т | а | р | | |
| о | р | н | а | л | а | с | у | | д | |
| ө | н | ~~т~~ | ~~ұ~~ | ~~р~~ | ~~ғ~~ | ~~ы~~ | ~~н~~ | ↔ | ү | й |
| с | а | р | а | й | а | г | ү | л | ң | |
| у | т | | г | ү | л | з | а | р | г | |
| | ы | м | ұ | р | а | ж | а | й | і | |
| а | л | а | ң | | у | | ғ | | р | |
| с | у | ↔ | б | ұ | р | қ | а | қ | ш | |
| д | а | ң | ғ | ы | л | | ш | к | е | ң |
| ә | л | е | м | к | ө | п | і | р | к | |

________________________________________
________________________________________

1) *тұрғын үй*
2) ________
3) ________
4) ________
5) ________
6) ________
7) ________
8) ________
9) ________
10) ________
11) ________
12) ________
13) ________
14) ________

**5. Сандарды атаңыз.**
Назовите цифры.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1500 | 8500 | 4500 | 7000 | 7300 | 2400 |
| 3500 | 1200 | 7450 | 6030 | 5600 | 9500 |

**6. Суреттерді пайдаланып, сөйлем құраңыз.**
Составьте шесть предложений, используя картинки.

алды | батыс | биік | ескі








| | | | |
|---|---|---|---|
| Абай<br>С. Сейфуллин<br>А. Пушкин<br>Тәуелсіздік<br>М. Мақатаев<br>Гёте | көшесінде<br>даңғылында | не | орналасқан.<br>бар.<br>тұр. |

**7. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

**Тәуелдік жалғаудың III жағы**
Притяжательное окончание 3-го лица

260-бет

Бұл көшеде «Береке» дүкен*і* орналасқан.
Автобус*тың* есіг*і* ашылды.

260 стр.

**8. Екі тіркестің қайсысына тәуелдік жалғауы жалғанатынын табыңыз.**
Найдите одно из двух словосочетаний, к которому присоединяется притяжательное окончание.

| | |
|---|---|
| 1) киім дүкен<br>~~жиырма бірінші дүкен~~ | *киім дүкені* |
| 2) «НДК» банк<br>үлкен банк | |
| 3) Нұра өзен<br>шағын өзен | |
| 4) «Самал» ықшамаудан<br>екі ықшамаудан | |
| 5) қызыл алма<br>тау алма | |
| 6) досымның есім<br>қысқа есім | |
| 7) «Әзірет сұлтан» мешіт<br>Көгілдір мешіт | |
| 8) газет дүңгіршек<br>алты дүңгіршек | |
| 9) Эйфель мұнара<br>әдемі мұнара | |
| 10) «Сарыарқа» қонақүй<br>кең қонақүй | |
| 11) Республика даңғыл<br>ұзын даңғыл | |
| 12) Республика сарай<br>Жамбыл атындағы сарай | |

**9. Сөйлемде жіберілген қатені табыңыз. Түзетіңіз.**
Найдите ошибки в предложениях. Исправьте их.

1) Көкемнің еңбек өтіл қырық жыл. Мынау – Қонаев көшесі.
2) Әлемде ең ұзын даңғыл қалай аталады? Бұл – Абай ескерткіш.
3) Есіл жағалау өте әдемі. Әйгерім – Дәулеттің жиені.
4) Аланда балабақша балалар ойнады. Алматыда бірнеше жол айрығы бар.
5) Қастеев атындағы мұражай қайда орналасқан? Бұл – «Сәуле» шаштараз.

**10. Сұрақтарға толық жауап беріңіз.**
Дайте полные ответы на вопросы.

1) Сабыржан сізге қандай туысқан болып келеді?
*Ол – менің ағамның ұлы.*
2) Арайлым ше?
3) Мейірханға Кәусар ше?
4) Сіздің жездеңіз, күйеу балаңыз, жеңгеңіз немесе келініңіз бар ма? Олардың есімдері кім?
5) Сіздің ата-анаңыздың неше немересі, жиені бар?
6) Бақыттың неше інісі, жиені бар?
7) Кім кімнің бөлесі?
8) Кім кімнің жиені және жиеншары?



## ОҚЫЛЫМ

**1. Оқыңыз.**
Прочитайте.

*Әлемдегі ең .... көше*

### ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ТАР КӨШЕ



Бұл – әлемдегі ең тар көше. Ол Германиядағы Ройтлинген қаласында орналасқан. Көшенің аты – Шпройерхофштрассе. Ені 31 сантиметр. 1727 жылы салынды. Бұл көшемен тек кішкентай бала ғана жүре алады.

### ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ КЕҢ КӨШЕ



Аргентинаның Буэнос-Айрес қаласында орналасқан 9 шілде даңғылы әлемдегі ең кең көше болып есептеледі. Ол 14 жолақтан тұрады (бір жағында 7 жолақ).

Ұзындығы – 1 шақырым. Бұл даңғылға жүз жыл болды. 9 шілде даңғылы бойында көптеген ескерткіштер, мұражайлар, ескі ғимараттар мен қонақүйлер орналасқан.

### ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҰЗЫН КӨШЕ



Бұл көше Канаданың Торонто қаласында орналасқан, аты - Янг-стрит (Жас көше). Ұзындығы – 1896 шақырым. Жас көшенің «жасы» 500-600 жыл екен. Мұндай ұзын көше басқа еш жерде жоқ.



### ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ КҮРДЕЛІ ЖОЛ АЙРЫҒЫ

Бұл – заңгер Гарри Прегерсон жол айрығы. Лос-Анджелесте орналасқан, 1993 жылы салынды. Шынында, ол – өте күрделі жол айрығы. Бірнеше көпір, көптеген көшелерден тұрады. Бір көшенің ұзындығы 10 шақырым.

### ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҚЫСҚА КӨШЕ



Суретте – әлемдегі ең қысқа көше. Атауы – Эбенезерплейс. Шотландиядағы Вик қаласында орналасқан. Ұзындығы 2 метр. Бұл көшеде тек қана бір ғимарат бар. 1883 жылы салынған. Оның ішінде дәмхана мен қонақүй бар. Мекенжайы: Ebenezer Place, 1-үй.

**2. 1-тапсырмадағы мәтін бойынша кестені толтырыңыз.**
Заполните таблицу, используя материал из задания №1.

| | Көше атауы | Қайда орналасқан? | Қашан салынды? | Қысқаша сипаттама | Қызықты ақпарат |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | |
| 2 | | | | | |
| 3 | | | | | |
| 4 | | | | | |
| 5 | | | | | |

## ГРАММАТИКА

**1. Құрылыммен танысыңыз.**
Ознакомьтесь со структурой.

*-дағы* қосымшасы
Аффикс *-дағы*

261-бет

Айжан*дағы* ұялы телефон менікі.
Абылай хан даңғылы*ндағы* ғимарат қашан салынды?

261 стр.

**2. 31-б. мәтін бойынша -дағы формасында тұрған 3 сөзді тауып көшіріңіз.**
Найдите и перепишите 3 слова из текста на  стр. 31, находяшихся в форме –дағы.

1) ____________________ 2) ____________________ 3) ____________________

**3. Тиісті қосымшаларды қосыңыз.**
Присоедините соответствующее аффиксы.

| -дағы/-дегі, -тағы/-тегі | -ндағы/-ндегі |
|---|---|

1) үлкен *үйдегі*, Оспановтар *үйіндегі*
2) қызыл киім__________, «Сән» киім дүкен__________.
3) отбасы фотосурет__________, бесінші фотосурет__________.
4) Володяның туған күн__________, туған күн__________.
5) екі шаңырақ__________, қара шаңырақ ие__________.
6) мына тұсаукесер__________, аяқ киім тұсаукесер__________.
7) әдемі жейде__________, Арман жейде__________.
8) Көкшетау қала......................., жас қала................................

**4. Қажетті сөздерге *-дағы/-дегі,-тағы/-тегі, -сындағы/-сіндегі* қосымшасын қосыңыз.**

Добавьте к соответствующим словам аффиксы *-дағы/-дегі,-тағы/-тегі, -сындағы/-сіндегі*.

1) Абай көше__________ саябақта балалар футбол ойнайды.
2) Шкаф__________ кітаптарды мен сатып алдым.
3) Компьютер__________ суреттер кімдікі?
4) Тәуелсіздік даңғыл__________ ескерткіш 2001 жылы орнатылды.
5) М. Әуезов ат__________ театр  Жеңіс даңғылында орналасқан.
6) Саябақ__________ гүлзарда қызыл, сары гүлдер бар.

**5. Қажетті сөздерге *-дағы/-дегі,-тағы/-тегі, -ндағы/-ндегі* қосымшасын қосып, сөйлем құраңыз. Соңғы екі суретті өзіңіз сипаттаңыз**

Составьте предложения, присоединяя к нужным словам суффиксы *-дағы/-дегі,-тағы/-тегі, -ндағы/-ндегі*. Последние два рисунка опишите сами.



1) сары, киім, шкаф.

*Шкафтағы киім – сары.*



2) дүңгіршек, газеттер, тұрады?, қанша

__________________________



3) кім, гүлдерді, үстел, сатып алды?

__________________________



4) кең, «Қазақстан» қонақүй, бөлмелер

__________________________



5) __________________________

__________________________



6) __________________________

__________________________

**6. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Ответьте на вопросы.

1) Сіздің қалаңыздағы/ауылыңыздағы ең
    ұзын көше
    қысқа көше
    кең көше
    тар көше
    үлкен жол айрығы
    қалай аталады?
2) Ол көшелерде қандай ғимараттар бар? Дүкен бе? Дәріхана ма?

**7. Құрылыммен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с конструкцией.

| *...ның* қасында<br>рядом *с...* | **171-бет** |
|---|---|
| Бөлем*нің* қасы*нда* Әсия отыр.<br>Кинотеатр*дың* алды*нда* гүлзар бар. | 171 стр. |

**8. Тиісті ілік септік жалғауын жалғаңыз.**
Присоедините нужное окончание родительного падежа.

1) шаштараз*дың* алдында
2) тұрғын үй______ артында
3) бассейн______ қасында
4) шеберхана______ оң жағында
5) теміржол бекеті______ жанында
6) саябақ______ ортасында
7) тұрғын үй______ сол жағында
8) ескерткіш______ қарама-қарсысында
9) мектеп______ жанында
10) жағалау______ алдында
11) кітап мұражайы______ артында
12) сарай______ оң жағында
13) алаң______ ортасында
14) сән салоны______ сол жағында
15) дүңгіршек______ артында

**9. Суретке қарап, тиісті сөзді жазыңыз.**
Напишите нужное слово, используя картинки.

**астында** **артында**
**қарама-қарсысында** **қасында**






1) Атасының ______________ немересі отыр.
2) Үйдің ______________ ағаш бар.
3) Дәріхананың ______________ шеберхана орналасқан.
4) Теледидардың ______________ гүл тұр.

**10. Тиісті жалғау мен сөзді табыңыз.**

Найдите нужное окончание и слово.

1) Атасының *алдында* немересі отыр.

2) Қонақүй______ ___________________ жол айрығы салынды.

3) Емхана______ ___________________ дəріхана бар.

4) Мешіт______ ___________________ саябақ бар.

5) Көше______ ___________________ бағдаршам тұр.

6) Базар______ ___________________ шеберхана бар.

-тің сол жағында

-нің оң жағында

~~-ның алдында~~

-дың артында

-дің қасында

-ның ішінде

**11. Көмекші сөздерді пайдаланып, суреттерді сипаттаңыз.**

Опишите картинки, используя вспомогательные слова.













## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Оқыңыз.**
Прочитайте.













**2. ✓ белгісін қойыңыз.**
Поставьте знак ✓ .

| | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---|---|---|
| 1) – Қайырлы күн!<br>– Оқасы жоқ! | | |
| 2) – Кешір.<br>– Оқасы жоқ. | | |
| 3) – Қайырлы күн!<br>– Оқасы жоқ! | | |
| 4) – Жәнібек үйде ме?<br>– Өкінішке қарай, ол үйде. | | |
| 5) – Жәнібекті телефонға шақырып жіберші.<br>– Өкінішке қарай, ол жоқ. | | |
| 6) – Жайлы жатып, жақсы тұр.<br>– Рақмет! | | |
| 7) – Жайлы жатып, жақсы тұрыңыз.<br>– Қазір шақырамын. | | |

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Тыңдаңыз, дұрыс жауапты белгілеңіз.**
Прослушайте, отметьте правильные ответы.

№6



№__



№__




№__




№__




№__




№__

**2. Тыңдаңыз. Мәтінде айтылған ғимараттарды суретке салыңыз.**
Прослушайте. Расположите в схему рисунка названные объекты.

№7

№ 7




***Ш. Қалдаяқов көшесі***

## СӨЙЛЕСІМ

**1. Екеуара жұмыс.**
Работа в паре.



**А. *1*-суреттегі көшеге атау беріңіз.**
Дайте название этой улице.

**Ә. Көшеге 6 түрлі ғимарат салыңыз.**
Нарисуйте на этой улице 6 разных зданий/сооружений.

**Б. Курстасыңыз сізге ма/ме.. сұраулық шылауларын қолданып сұрақ қояды, сіз: «Иә/Жоқ, ...» - деп жауап бересіз. Егер дұрыс тапса, ол өз оқулығындағы *2*-суретке сол нысандарды салады.**
Ваш сокурсник будет задавать вам вопросы, используя вопросительные частицы ма/ме ..., вы должны отвечать: «Да/Нет, ...» . Если отгадает, то он нарисует это здание на рисунке *2*.

44-үйдің сол жағында шеберхана тұр ма?

Иә, 44-үйдің сол жағында шеберхана тұр.

**В. Орындарыңызбен ауысыңыздар.**
Поменяйтесь ролями.



## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Қалаңыздың/ауылыңыздың бас көшесіндегі/даңғылындағы ғимараттардың орналасуын сипаттап жазыңыз.**
Напишите расположение зданий на главной улице/проспекте вашего города.

# 2 - САБАҚ ... ҚАЛАЙ БАРУҒА БОЛАДЫ?

**1. 289-беттегі сөздермен танысыңыз.**
Познакомьтесь со словами на стр. 289.

**2. Мағынасы қарама-қарсы сөздерді табыңыз.**
Найдите слова, имеющие противоположные значения.

| алды | батыс | биік | ескі | оңтүстік | алыс | сол жақ |
|---|---|---|---|---|---|---|

1) жақын – *алыс*
2) солтүстік – ____________
3) шығыс – ____________
4) оң жақ – ____________
5) арты – ____________
6) аласа – ____________
7) жаңа – ____________

**3. Сұраққа жауап беріңіз.**
Ответьте на вопрос.

Гүлжанның ***қасында/алдында***.... кім тұр?



**4. Картаға қарап, тиісті сөздерді жазыңыз.**
Напишите соответствующие, ориентируясь по карте слова.

1 – *Солтүстік Қазақстан*
2 – ____________
3– ____________
4 – ____________
5 – ____________
6 – ____________
7 – ____________
8 – ____________



**5. Картаны пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңыз.**
Дополните предложения, используя карту.

1) Петропавл қаласы *Солтүстік Қазақстанда* орналасқан.
2) Павлодар қаласы ____________ орналасқан.
3) Өскемен қаласы ____________ орналасқан.
4) Түркістан қаласы ____________ орналасқан.
5) Ақтау қаласы ____________ орналасқан.
6) Рудный қаласы ____________ орналасқан.
7) Талдықорған қаласы ____________ орналасқан.
8) Орал қаласы ____________ орналасқан.

**6. Тиісті сөздерді жазыңыз.**
Напишите нужные слова.


*жолақты жол*


____________ жол бекеті


____________ ғимарат


____________ бұрыл


____________ бұрыл


____________ бойы

**7. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

| Тәуелденген сөзге барыс септік жалғауының жалғануы (тәуелдік жалғауының III жағы) Притяжательная форма направительного падежа | 171-бет |
|---|---|
| Олар С. Сейфуллин даңғылының оң жағ***ына*** бұрылды.<br>Ол Абай көше***сіне*** қарай жүреді. | 171 стр. |

**8. Сөздерге III жақтағы тәуелдік жалғауы мен барыс септік жалғауын жалғаңыз.**
Присоедините окончания притяжательной формы III лица и окончания направительного падежа.

2) оның үй*іне*____
2) «Астана» алаң ________
3) Есіл өзенінің жағалау ________
4) «Бәйтерек» монумент________ ________
5) ғимараттың қарама-қарсы________
6) «Балауса» балабақша ________
7) әкемнің жас________
8) супермаркет тұсаукесер________
9) «Ұялы телефон» дүңгіршег________
10) «Театр» аялдама________
11) «Академик Сәтбаев» көпір________
12) «Сайран» автобекет________

**9. Сөйлемдерді үлгі бойынша қайта құраңыз.**
Измените предложения по предложенному образцу.

1) Ол саябаққа барды. («Балалар әлемі»).
*Ол «Балалар әлемі» саябағына барды.*

2) Мен мектепке келдім. («Білім»)
________________________________________

3) Олар оң жаққа бұрылды (көшенің)
________________________________________

4) Біз дүкенге қарай жүрдік. (азық-түлік)
________________________________________

5) Жергілікті тұрғындар тұйық көшеге қарай жүрді. (Қайнар)
________________________________________

6) Сіздер даңғылға қарай жүре беріңіздер. (Абай)
________________________________________

**Жатыс септік**
Местный падеж

Тәуелдік жалғау + жатыс септік
Тәуелдік жалғау + барыс септік

**10. Берілген сөздерді пайдаланып, асты сызылған сөздің жалғауын өзгертіңіз.**
Используя приведенные слова, измените окончания подчеркнутых слов.

| қарай жүре беріңіз | келді | барады | келіп тоқтайсыз |
|---|---|---|---|

1) Менің жиенім кинотеатрдың қасында тұр.
*Менің жиенім кинотеатрдың қасына келді*

2) Сіз тура жүресіз. Сосын Тұран даңғылындағы «Әсем» тұрғын үйінің алдында тоқтайсыз.
________________________________________

3) Олар «Анкара» қонақүйінде тұрды.
________________________________________

4) Жергілікті тұрғындар зәулім ғимараттың сол жағында жүреді.
________________________________________

**11. Сурет бойынша сөйлемдер құраңыз.**
Составьте предложения по рисункам.

**Шығыс септік**
Исходный падеж

Тәуелдік жалғау + шығыс септік

→ Мен Оңтүстік даңғылынан Батыс көшесінің сол жағына бұрылдым.
→ Сіз ____________________________________
→ Ол ____________________________________
→ Сендер ____________________________________



## ОҚЫЛЫМ

**1. Оқыңыз.**
Прочитайте.

### *Қалалардағы көшелер*

Алматы тұрғындары мен қонақтары бір үйді іздесе: «Ол қай көшелердің қиылысында орналасқан?» - деп сұрайды. Неге? Себебі Алматы көшелері тік салынған. Бір көше екінші көшемен қиылысады. Астананың Есіл өзенінің сол жағалауындағы көшелер тура солай салынып жатыр. Ал ежелгі қалалардың көшелері мен даңғылдары басқаша. Мысалы, Римде олай ешқашан сұрамайды, өйткені бұл қаланың көшелері күн сәулесіндей ортадан жан-жаққа шашыраған.



### Қалай жетуге болады ?

**ӘУЕЖАЙДАН:**

Қабанбай батыр көшесінен 1 мамыр көшесіне қарай жүріңіз. 1 мамыр көшесіне жеткенде, оңға бұрылыңыз. Бірінші қиылыста солға бұрылыңыз. Сол жағыңызда «Азамат» орталығының ғимараты көрінеді.

**ТЕМІРЖОЛ БЕКЕТІНЕН:**

М.Лермонтов көшесінен Қ.Сәтбаев көшесіне дейін жүріңіз. Қ.Сәтбаев көшесіне жеткенде оңға бұрылыңыз. Қ.Сәтбаев көшесінің бойымен С.Торайғыров көшесіне дейін жүріңіз. С.Торайғыров көшесінің екінші қиылысында оңға бұрылсаңыз, «Азамат» орталығы ғимаратын көре аласыз.

**ҚАЛА ӘКІМДІГІНЕН:**

Республика даңғылының бойымен Абай көшесіне дейін жүріңіз. Абай көшесіне жеткенде, оңға бұрылыңыз. Сіз С. Торайғыров көшесіне түсесіз. С. Торайғыров көшесімен тура жүріңіз. Үшінші қиылыста сол жағыңызда орналасқан М. Мақатаев көшесіне қарай бұрылсаңыз, бес қабатты ғимаратты байқайсыз. Ол – «Азамат» орталығы.

**2. Суреттерді сипаттаңыз.**
Опишите схему на картинке.





II БӨЛІМ

**3. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Ответьте на вопросы.

### ҚАЛАЛАРДАҒЫ КӨШЕЛЕР

1) Қай қалалардың көшелері тік келеді?
2) Қандай қалалардың көшелері тік емес?
3) Алматы тұрғындары неге көшелердің қиылысын сұрайды?
4) Ежелгі Рим қаласының тұрғындары көшелер қиылысын сұрай ма?

### ҚАЛАЙ ЖЕТУГЕ БОЛАДЫ?

1) Мәтінде неше қала туралы ақпарат берілген?
2) Мәтінде берілген көшелерді атаңыз.
3) Қандай ғимаратқа жету мәселесі қарастырылған?
4) Ол ғимарат қалай аталады?
5) Қай көшеде орналасқан?
6) Қай бағыт бойынша жол қысқа?

## ГРАММАТИКА

**1. Құрылыммен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с конструкцией.

| -уға/-уге болады | 263-бет |
|---|---|
| Бөлмеге кір*уге болады*.<br>Шеберханаға қалай бар*уға болады*? | 263 стр. |

**2. Сөздерді үлгі бойынша *-ға болады/-ге болады* формасына ауыстырыңыз.**
Замените по образцу приведенные слова на формы слов *-ға болады/-ге болады*.

1) бару – *баруға болады*
2) жету – ______
3) тоқтау – ______
4) сұрау – ______
5) өту – ______
- 18 ғасырда адамдар уақытпен жұмыс істей бастаған. Бірақ ол кезде барлық адамдарда сағат болмады. Сондықтан оларды жұмысқа арнайы адамдар оятқан. Ол адамдар көшеде айғайлау арқылы адамдарды жұмысқа оятқан.
- Ең алғашқы қолсағатты 19 ғасырдың басында Евгения Богарне ойлап тапқан.

IV БӨЛІМ

**4. Топтық жұмыс. Жауап беріңіздер.**
Работа в группе. Ответьте на вопросы.

1. Неге казиноларда сағат болмайды деп ойлайсыз?
2. "Чопардз" фирмасының сағаты неге қымбат? Қалай ойлайсыз?

**5. Екеуара жұмыс. Сұрақтар бойынша диалог құрыңыз.**
Работа в паре. Составьте диалог используя вопросы.

1. Биг Бен сағаттың аты ма?
2. Қай елде көп сағат жасалады?
3. Құмсағат қай кезде тез жүреді?
4. Қол сағатты кім және қашан ойлап тапты?

**6. Топтық жұмыс. Мәтін бойынша 5 сұрақ дайындаңыз. Екінші топқа сұрақ қойыңыз.**
Работа в группе. Составьте 5 вопросов и задайде второй группе.

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

*-сыз/-сіз* жұрнағы
суффикс *-сыз/сіз*

**271-бет**

Сіңлілері ойын-сауық орталығына Айнұр*сыз* барып келді.
Ертең күн жел*сіз* болады.

271 стр.

**2. Тиісті жұрнақты қойыңыз.**
Вставьте нужные окончания.

| | | |
|---|---|---|
| 1. олар*сыз*____ | 7. жең________ | 13. гүлдер________ |
| 2. қызық________ | 8. домбыра________ | 14. ғаламтор________ |
| 3. жарнама________ | 9. сағат тілі________ | 15. бағдаршам________ |
| 4. ағаш________ | 10. сіз________ | 16. ақпарат________ |
| 5. арман________ | 11. меңгеруші________ | 17. озық технология________ |
| 6. қонақтар________ | 12. кім________ | 18. түскі ас________ |

**3. Сөйлемдерді тиісті бағанға көшіріңіз.**
Перепишите предложения в соответствующие столбцы.

1) Сіз Елдоссыз ба? Телефонсыз қалдың ба?
2) Олар сенсіз барды ма? Сіз қалайсыз?
3) Мен – Маратпын. Мен сағатсыз қалдым.
4) Менің бөлелерім демалыссыз жұмыс істейді? Сіз кімсіз?
5) Оқушылар сабақта мұғалімсіз отыр. Сіз мұғалімсіз бе?

| *-сыз/-сіз* **жұрнағы** | **жіктік жалғау** |
|---|---|
| 1) *Телефонсыз қалдың ба?* | 1) *Сіз Елдоссыз ба?* |
| 2) ______ | 2) ______ |
| 3) ______ | 3) ______ |
| 4) ______ | 4) ______ |
| 5) ______ | 5) ______ |
| 6) ______ | 6) ______ |

**4. Жаңа ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с новым правилом.

*Өз/өзім/өзі* есімдіктері
Местоимения *өз/өзім/өзі*

Мен *өзім* барамын.
Сен *өзің* барасың ба?

**271-бет**
271 стр.

**5. Тәуелдік жалғауын жалғаңыз.**
Присоедините притяжательные окончания.

| | |
|---|---|
| Мен өз*ім*____ | Біз өз______ |
| Сен өз______ | Сендер өз______ |
| Сіз өз______ | Сіздер өз______ |
| Ол өз______ | Олар өз______ |

**6. Берілген сөздерді тиісті орнына қойыңыз.**
Приведенные справа слова поставьте в нужное место.

1) Біз іс-шараны *өзіміз* ұйымдастырдық.
2) Менің арманым – ата-анамсыз тауға шығу.
3) Мына ойыншық әскерді сен істедің бе?
4) Олар айтысқа қатыса ма?
5) Сабақтарды бетінше оқисың ба?
6) Сіз әнді айтасыз ба?

өзім
өзің
өзіңіз
~~өзіміз~~
өздері
өз

**7. Жалғаулы/ жалғаусыз есімдікті таңдаңыз.**
Выберите местоимения с окончаниями или без окончаний.

1) Мен _*өз*_ міндеттерімді білемін. *өз/өзім*
2) Таңертеңгі тамағыңды сен ______________ дайында. *өз/өзің*
3) Ол ______________ ақша жинақтарын мақтан етеді. *өзін/өзінің*
4) Құрметті әріптестер, сағат беске дейін маған ______________ жоспарларыңызды көрсетіңіздер. *өзіңіздің/өздеріңіздің*
5) Мына ақша ______________ ме? *өз/өзіңдікі*
6) Мен шеберханаға ______________барамын. *өз/өзім*
7) Менің жиенім ______________ ұшаққа билет сатып алды. *өз/өзі*
8) Бұл жоспарды сен ______________ ұсындың ба? *өз/өзің*

IV БӨЛІМ

**8. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

Қалау рай
Желательное наклонение

**272-бет**

Менің театрға *барғым келді*.
Сен не *істегің келеді*.

272 стр.

**9. Болымды/болымсыз формада жазыңыз.**
Напишите в утвердительной и отрицательной формах.

| | + | - |
|---|---|---|
| 1. | менің жазғым келеді | ______________ |
| 2. | ______________ | сіздің жинағыңыз келмейді |
| 3. | олардың көргісі келеді | ______________ |
| 4. | сенің оқығың келеді | ______________ |
| 5. | ______________ | сендердің ұйымдастырғыларың келмейді |
| 6. | менің қолданғым келеді | ______________ |
| 7. | оның тамақ ішкісі келеді | ______________ |
| 8. | ______________ | бөлесінің тамақ жегісі келмейді |

**10. Сөйлемдерді тиісті бағанға көшіріңіз.**
Перепишите предложения в соответствующие столбцы.

1) Менің ертең үйде оларсыз қалғым келмейді. Олар жұмыстан қашан келеді?
2) Қонақтар келді. Қонақтардың шай ішкісі келді.
3) Сағат бестен онға дейін келмей ме? Сағат нешеде келгің келеді?
4) Дәрігер емханаға келді. Сіздің түскі асты неге ішкіңіз келмей тұр?

**11. Сұраққа жауап беріңіз.**
Ответьте на вопрос.

| Ауыспалы келер шақ/Өткен шақ | Қалау рай |
|---|---|
| 1) ____________ | 1) ____________ |
| 2) ____________ | 2) ____________ |
| 3) ____________ | 3) ____________ |
| 4) ____________ | 4) ____________ |

***Сіздің қандай армандарыңыз болды/бар?***
***Сіз не істегіңіз келді/келеді/келіп тұр?***

Балалық шағыңызда ____________



Жиырма бес жасқа келгенде ____________

Ал қазір ____________

**12. Сөйлемдерді берілген сөздермен толықтырыңыз.**
Прочтите. Напишите вместо многоточий соответствующие слова.

өзім өзім оқығанда тұрғанда сағатсыз бері төртеуі дейін
өзіңіз болғым келген бері өзім

– ____________ спортпен айналысасыз ба?



– Мен институтта ____________ жеңіл атлетикамен, жүгірумен шұғылдандым. ____________ шаңғы, коньки тебуді жақсы көремін. Бірақ бала кезімде хоккейші ____________ .

– Отбасы жағдайыңыз қандай?

– ____________ 31 жасымда үйлендім. Әйелімнің мамандығы – мұғалім. Аты – Нұрсәуле. Отбасымызда Әміржан, Нұржан атты ұлдарымыз, Айдана деген кішкентай қызымыз бар. Кенжеміз 2008 жылы туған. ____________ көп балалы отбасынан шықтым. Әкем Ілияс – жасы 88-дегі кісі. Қазір ол Аягөзде тұрады.

– Сізді ____________ жүреді дейді.

– Мен 1989 жылдан ____________ сағат тақпаймын. Ақпан айында кешкі сағат тоғыз шамасында аялдамада ____________, төрт жігіт қолымдағы жақсы сағатым мен ақшамды тартып алды. Екеуі жабылғанда, шамам жетер еді, бірақ ____________ жабылды, қалтамдағы ақшаға ____________ алып кетті. Содан ____________ сағатсыз жүремін. Уақытты ұялы телефонымнан қараймын.

**13. Жарнама мен хабарландыру мәтініндегі ақпараттарды кестеге жазыңыз.**
Выпишите в таблицу информацию из текста рекламы и объявления.






Жұмыспен қамту
орталығы
1 ақпаннан бастап жұмыссыздарды
аяқкиім шеберханасы,
азық-түлік дүкендері,
шаштараздар мен автопаркке жұмыс
істеуге шақырады.
Жалақысы - 30 000-нан 60 000 теңгеге
дейін.

Байланыс телефондары:
46-53-21, 45-04-73

| | Жарнама | Хабарландыру |
|---|---|---|
| Қай мекеме берді? | | |
| Мекенжайы/байланыс телефондары қандай? | | |
| Не ұсынады? | | |
| Күндері | | |
| Бағалары/Жалақысы | | |

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Үлгіге қарап, пойыздың жүру кестесін жазыңыз.**
По приведенному образцу напишите расписание передвижения поездов.



**АЛМАТЫ-1 ТЕМІР ЖОЛ БЕКЕТІ**

1) *Алматы-2 – Астана пойызы сағат сегізден отыз минут кеткенде темір жол бекетінен кетеді.*

2) ______________________________

3) ______________________________

4) ______________________________

5) ______________________________

6) ______________________________

7) ______________________________

8) ______________________________

| Пойыз № | Бағыт | келуі | тұруы | кетуі | Жүретін күндері |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | АЛМАТЫ-2 - АСТАНА | 08 сағ. 30 мин. | | | күн сайын |
| 2 | АСТАНА - АЛМАТЫ-2 | | | 19 сағ. 25 мин. | күн сайын |
| 3 | АЛМАТЫ-2-ПЕТРОПАВЛ | 11 сағ. 33 мин. | 25 мин. | 11 сағ. 58 мин. | күн сайын |
| 4 | ПЕТРОПАВЛ-АЛМАТЫ-2 | 06сағ. 24 мин. | 31 мин. | 06 сағ. 55 мин. | күн сайын |
| 5 | АСТАНА - МАҢҒЫСТАУ | | | 22 сағ. 54 мин. | дүйсенбі, сәрсенбі, жұма, жексенбі |
| 6 | МАҢҒЫСТАУ - АСТАНА | 18 сағ. 25 мин. | | | сейсенбі, бейсенбі, сенбі |
| 7 | АЛМАТЫ - С-ПЕТЕРБОР | | | 20 сағ. 35 мин. | төрт күнде бір рет |
| 8 | С-ПЕТЕРБОР - АЛМАТЫ | 10 сағ. 33 мин. | | | төрт күнде бір рет |

IV БӨЛІМ

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Тыңдаңыз. Мәтінге қай тақырып сай келеді? Белгілеңіз.** №18
Прослушайте. Какая тема подходит к тексту? Отметьте.

- ☐ Ақша табу және уақыт
- ☐ Болашақ және уақыт
- ☐ Табыс және уақыт

**2. Мәтінді қайта тыңдаңыз. Тиісті сөздерді жазыңыз.** №18
Прослушайте еще раз. Заполните пропуски.

Көптеген адамдар өз ________________________ дұрыс үнемдейді.

Табысқа жеткен ________________________ төмендегі кеңестерді ұсынады.

Жасайтын ________________________ үнемі жазып жүріңіз.

Бір тәуліктегі жұмыс уақытын ________________________ пайдалану.

Бір жұмысты бастасаңыз, соңына дейін ________________________.

Ең бастысы өз жеке ________________________ ұмытпаңыз.

**3. Мәтінді қайта тыңдаңыз. Сұраққа жауап беріңіз.** №18
Прослушайте еще раз. Ответьте на вопросы.

1. Жасайтын жұмыстарды неге жазуға болады?
2. Қандай жұмыстарды бірінші жасау керек?
3. Қандай жұмыстарды жазып отыру керек?
4. Уақытты босқа өткізбеу үшін не істеу керек?
5. Жұмыс қиын болса не істеу керек?
6. Нені бірінші орынға қою керек?



**2. Тыңдаңыз, дұрыс нұсқаларды белгілеңіз.** №19
Прослушайте, отметьте правильные варианты.

1) Ол нешеде оянады? ........................................................................................
2) Ол үйден нешеде шығады? ..............................................................................
3) Ол неге автобусқа отырмайды? .......................................................................
4) Түскі асын ол қайдан ішеді? ...........................................................................
5) Ол үйленген бе, бойдақ па? ............................................................................
6) Сағат нешеде ұйықтайды? ..............................................................................

## СӨЙЛЕСІМ

**1. Топтық жұмыс. Бірінші жолға өзіңіздің армандарыңызды жазыңыз. 3 тіл үйренушіге сұрақ қойып, жауаптарын жазыңыз. Қалау райды қолданыңыз.**

Работа в группе. В первую строчку напишите о своей мечте. Задайте вопросы трем обучающимся языку, запишите их ответы. Используйте желательное наклонение.

**АРМАН, АРМАН, АРМАН!!!**

| | Балалық шақта | Қазір | Бес жылдан кейін |
|---|---|---|---|
| *Мен өзім* | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Бір жарнама және хабарландыру дайындаңыз.**

Подготовьте одну рекламу и объявление.

Жарнама мен хабарландыруда не айтқыңыз келді?

# V БӨЛІМ

## БІРІНШІ САБАҚ

### ЕСІМДЕР СЫРЫ

Көптік жалғау. *Туралы* шылауы
*Да/де/та/те* жалғаулығы

## ЕКІНШІ САБАҚ

### ЕСІМІҢІЗ ҚАНДАЙ МАҒЫНА БЕРЕДІ?

*-еке* қосымшасы. *-дай/-дей/*... жұрнағы.
Барлық, бәрі есімдіктері. ... деп ойлау

# 1 - САБАҚ
## ЕСІМДЕР СЫРЫ

V БӨЛІМ

**1. 293-беттегі сөздермен танысыңыз.**
Познакомьтесь со словами на стр. 293.

**2. Мағыналас сөздерді табыңыз.**
Найдите синонимы.

1) президент – *Елбасы*
2) есім беру – ____________
3) неше – ____________
4) суық - ____________

4) есім – ____________
5) дүниеге келу – ____________
6) ата-ана – ____________
7) сәби – ____________

**3. Бағандағы сөздермен сөз тіркестерін құраңыз.**
Составьте словосочетания из слов, приведенных в рамках.

азан, атына заты, атымды, тақырып, беделді, кім, ниетпен ат, Салтанат, ақынның

туралы?, деп атадық, құрметіне, азамат, қойды, шақырып, бойынша, сай, қойылды

1) *Азан шақырып*
2) ____________
3) ____________
4) ____________
5) ____________

6) ____________
7) ____________
8) ____________
9) ____________

**4. Мағынасына қарай сөздерді 2 бағанға бөліп жазыңыз.**
Напишите слова в 2 столбика, распределив их по значению.

| | | |
|---|---|---|
| Есімімді қойды | атын қойды | спектакльді қойғызды |
| атасы қойды | мен қойғыздым | атын қойғызды |

| Атау септік (атауыштық мән) | Табыс септік (объектілік мән) |
|---|---|
| 1) | 1) |
| 2) | 2) |
| 3) | 3) |

**5. Тиісті сөздерге табыс немесе барыс септік жалғауын жалғаңыз.**
Присоедините к соответствующим словам окончания винительного или дательно-направительного падежа.

1) Сенің атыңды атақты тілші*ге* қойғызды ма?
2) Менің есімім____ атақты ақын____ қойғызды.
3) Сіздің атыңыз____ кім қойды?
4) Оның ат____ кім деп қойды?
5) Сабыржан____ компьютер____ мұнда қойғыздық.
6) Сабыржан____ компьютер____ мұнда қойды.
7) Ұлыма ат____ ата-әжесі қояды.

**6. Берілген сөздермен сөйлемді толықтырыңыз.**
Дополните предложения, вставив слова приведенные справа.

1) Асқар ағай кенже қызының атын бақытты болсын деген үмітпен *Бақытгүл* ________ деп қойды.
2) Аудан орталығына қандай ат ____________________?
3) Алдыңгүні Қайырбековтердің отбасында азан шақырып сәбиге ат ____________________.
4) Жиенімнің атын мен ____________________ .
5) Қара шаңырақ иесін ____________________ деп атады.
6) Нұржан кенжесінің атын Баймұрат ақсақалға ____________________ .
7) Ол ұлына Д.А. Қонаевтың ____________________ Дінмұхамед есімін қойды.
8) Нағашы көкем ұл туылсын деген ____________________ қызының атын Ұлжан деп атаған.

| |
|---|
| *Бақытгүл* |
| *ырыммен* |
| *қойдым* |
| *қойғызды* |
| *құрметіне* |
| *Данияр* |
| *қойылды* |
| *берілді* |

V БӨЛІМ

**7. Бірінші бағандағы сөздерді қолданып, сұрақтарға жауап беріңіз.**
Ответьте на вопросы, используя слова в первой колонке.

| | Кім деп атады? | Қалай қойылды? | Кімге қойғызды? |
|---|---|---|---|
| Мейіржан, сәби, мейірімді болсын деген ниетпен, беделді кісі | *Мейіржан деп атады.* | *Сәбиге аты мейірімді болсын деген ниетпен қойылды.* | *Сәбидің есімін беделді кісіге қойғызды.* |
| Тайыр, нағашылары келу, нағашы атасы | | | |
| Мәдина, әжесінің туған күнін тойлау, бөлесі | | | |
| Зере, әкем мен анам келу, атақты ақын | | | |
| Жұмабек,туыстары келу, жиенім | | | |

**8. Әр сөйлемдегі екі сөзге көптік жалғауын жалғаңыз.**
Присоедините окончание множественного числа к двум словам каждого предложения.

1) Мен дүңгіршектен жергілікті газет-журнал сатып алдым.
2) Ата-ана сәбидің есімін ырымдап қояды.
3) Бұрынғы есім мағынасы өзгеше болған.
4) Сәби есімі – Назгүл және Нұржан.
5) Абай даңғылында театр, мұражай орналасқан.
6) Сағат алтыдан он минут кеткенде сен гүлзардың алдында тұр.
7) Қазіргі кезде сәбиге қандай есім қойылып жүр?
8) Менің нағашым үлкен бөлмеде демалып жатыр.

**9. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

Көптік жалғау (есімге қатысты)
Окончание множественного числа (об именах)

**273-бет**

Марат*тар* үйдің қасында отыр.
Раушан*дар* киноға кетті.

273 стр.



**10. Есімдерге көптік жалғауды жалғаңыз.**
Присоедините окончание множественного числа к собственным именам.

1) Диас сабақ оқып отыр.
2) Әйгерім жұмыста жүр.
3) Настя қазақша сөйлей ме?
4) Расул дәрігер болып жұмыс істейді.
5) Ерасыл отбасымен Түркияда демалып жатыр.
6) Димаш марка жинаумен әуестенеді.
7) Темірлан футбол ойнауды ұнатады.
8) Әмина базарға кетті.

**11. Әннен үзіндіні оқыңыз. Орындаңыз.** №20
Прочитайте отрывок из песни. Спойте.

**Сәби болғым келеді**

*Сөзін жазған М. Мақатаев.* *Әнін жазған Т. Рахимов.*

Құс та болғым келмейді, қанатым бар.
Қанатым бар күмістен жаратылған.

Сәби болғым келеді-ай, сәби болғым,
Бұл өмірден хабарсыз жаңа туған.
Сәби болғым келеді-ай, сәби болғым,
Бұл өмірден хабарсыз жаңа туған....

**12. Мәліметтерге сүйене отырып, сөйлемдер құраңыз.**
Составьте предложения, опираясь на приведенные сведения.

1




3



**Қабанбай батыр ескерткіші**
**Тұрған жері:** Талдықорған қ., Тәуелсіздік даңғылы.
**Орнатылған уақыты:** 2009 ж. қыркүйек.

**Абай ескерткіші**
**Тұрған жері**: Семей қ., Абай алаңы.
**Орнатылған уақыты**: 1972 ж. қыркүйек.

3



**Керей және Жәнібек хандар ескерткіші**
**Тұрған жері:** Астана қ., Тәуелсіз даңғылы,
**Орнатылған уақыты:** 2010 ж. 1 маусым.

4



**Қаныш Сәтбаев ескерткіші**
**Тұрған жері:** Павлодар қ., Тәуелсіздік даңғылы.
**Орнатылған уақыты:** 2010 ж. 12 сәуір.

5



**Д.А. Қонаев ескерткіші**
**Тұрған жері:** Алматы қ., Д. Қонаев к.
**Орнатылған уақыты:** 1978 ж.

## ОҚЫЛЫМ

**1. Сұраққа жауап беріңіз.**
Ответьте на вопросы.



1. Сіздің атыңызды кім қойған?
2. Ол атты не үшін таңдады деп ойлайсыз?
3. Сіздің атыңыз неге байланысты қойылған?
4. Атыңыздың мағынасын білесіз бе?

**2. Топтық жұмыс. Сұрақтарды топ болып талқылаңыз.**
Работа в группе. Обсуждайте вопросы.

1. Төмендегі есімдердің мағынасы қандай деп ойлайсыз?
2. Ата-аналар бұл есімдерді не үшін таңдайды деп ойлайсыз?
3. Қай есім көп тараған деп ойлайсыз?

Абай | Айсұлу | Елнұр | Арман | Екатерина

Александр | Чарли | Индира | Мақсат

**3. Оқыңыз.**
Прочитайте.

Бала туғанда әр ата-ана баласына жарасымды әрі әдемі есім бергісі келеді. Кейбір адамдар қазіргі заманға сай және кең таралған аттарды қояды. Енді кейбір адамдар атақты адамдардың есімін қояды. Сондай-ақ әр халықта балаға ат беру дәстүрі бар.

Қазақ халқында балаға азан шақырып ат қою дәстүрі бар. Бұл дәстүр қазіргі кезде ауылдық жерлерде сақталған. Үлкен қалаларда үнемі сақталмайды. Дәстүр бойынша балаға есім үш күн ішінде берілу керек. Үлкен кісі азан шақырып, баланың құлағына үш рет берілген есімді қайталайды. Әдетте, қазақ халқында тұңғыш балаға есімді атасы немесе әжесі қояды. Кейде жасы үлкен, атақты және танымал адамдарға қойғызады.

Сондай-ақ қазақ халқында ат қою ырымға да қатысты. Ондай ырымдар өте көп. Мысалы, ғалым, білімді болсын деп, атақты ғалымдардың атын қойған.

Нидерланды халқында тұңғыш балаға өз атасы мен әжесінің атын қояды. Ал екінші балаға нағашы атасы мен әжесінің атын қояды. Егер екі атаның да есімі Питер болса, туылған екі баланың да атын Питер қояды. Сонда бір үйде екі Питер болады.

Үндістердің балаларына есім қойылмайды. Балаларды «ути» деп атайды. Бала 2-3 жасқа келгенде неге қызықса, соған байланысты ат ойлап табады екен.

Еврей халқында ұл балаға туғаннан кейін сегізінші күні ат қояды. Балаға есімді әкесі немесе анасы қояды. Егер бұл уақытта балаға есім берілмесе, онда ұл бала 12, ал қыз бала 13 жасқа келгенде есімді өзі таңдайды екен.

**4. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

*Сізге қай дәстүр ұнады? Неге?*

**5. Ақпаратты белгілеңіз.**
Отметьте информацию.

| | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Адамдар балаларына атақты адамдардың есімін қояды. | ☐ | ☐ |
| Әр халықта балаға ат беру дәстүрі жоқ. | ☐ | ☐ |
| Қазақ халқында балаға ат қою дәстүрі бар. | ☐ | ☐ |
| Балаға есім үш күн ішінде берілу керек. | ☐ | ☐ |
| Баланың құлағына екі рет есімді қайталайды. | ☐ | ☐ |
| Қазақ халқында тұңғыш балаға есімді атасы немесе әжесі қояды. | ☐ | ☐ |
| Нидерланды халқында екінші балаға өз атасы мен әжесінің атын қояды. | ☐ | ☐ |
| Үндістердің балалары есімді өскен кезде өздері таңдайды. | ☐ | ☐ |

V БӨЛІМ

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

да/де/та/те жалғаулығы
союз да/де/та/те

**273-бет**

Оның *да* ұлты қазақ.
Д. Қонаевқа ескерткіш Шымкентте *де*, Алматыда *да* бар.

273 стр.

**2. *да/де/та/те* жалғаулығын тиісті орындарға қойыңыз.**
Поставьте союзы *да/де/та/те* в нужное место.

1) Менің есімім – Әйгерім, сенің есімің Әйгерім екен.
2) Менің кенжемнің есімі – Берік.
3) Wi-Fi желісі әуежайда, теміржол бекетінде жұмыс істеп тұр.
4) Қазақ халқында, орыс халқында сәбиге есімді беделді азамат қояды.
5) Ат қою туралы ақпаратпен таныстым.
6) Менің кенже қызым ағылшынша, французша жақсы сөйлейді.
7) Сәбиге ат қою үшін көп ойлану қажет.
8) Сағат оннан бес минут кеткенде, жиырма минут кеткенде ол бөлмеден шықпады.
9) Менің есімімді Дінмұхамед Қонаевтың құрметіне қойған.

**3. Диалогтердегі сөйлемдердің ретін нөмірлеп көрсетіңіз.**
Пронумеруйте предложения из диалогов по порядку.

***1-диалог***

☐ – Біз де.
☐ – Сендер ағайындысыңдар ма?
☐ – Иә, ағайындымыз. Сендер ше?

***2-диалог***

☐ – Жіберейін.
☐ – Жарайды, ол кісіге де жіберемін.
☐ – Маған ақпаратты электронды поштама жібересіз бе?
☐ – Меңгерушіге де ме?

***3-диалог***

☐ – Мен аудандық та, облыстық та іс-шараларды ұйымдастырумен айналысамын.
☐ – Мен де сондай іс-шараларды ұйымдастырамын.

V БӨЛІМ

**4. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

*Туралы* шылауы
Служебное слово *туралы*

**273-бет**

Бұл фильм кім *туралы*?
Олар ауа райы *туралы* сөйлесіп отыр.

273 стр.

**5. Үлгі бойынша жазыңыз.**
Напишите по приведенному образцу.

***туралы***


*сағат туралы*

















V БӨЛІМ

**6. Сұраққа жауап беріңіз.**
Ответьте на вопрос.

*Бұл кітап не/кім туралы?*







*Бұл кітап* ______________________ ______________________
*айтыс туралы* ______________________ ______________________







______________________ ______________________
______________________ ______________________

**7. Кестемен танысып, сөйлемдерді қажетті сөзбен толықтырыңыз.**
Ознакомьтесь с содержанием таблицы, дополните предложения нужными словами.

<table>
<tr><td>ЕСІМ</td><td>адамға</td><td rowspan="2">қойылады</td></tr>
<tr><td rowspan="2">АТ</td><td>адамға</td></tr>
<tr><td>жануарға, өсімдікке, елді-мекенге, жер-су атауларына</td><td rowspan="2">беріледі</td></tr>
<tr><td>АТАУ</td><td>газет-журналдарға, көшелерге, мәтінге</td></tr>
</table>

1) Сәбиге Ақмарал ______________________ қойылды.

2) Ауылдың ______________________ – Ақсай.

3) Аудандық газеттің ______________________ қандай?

4) Шығыс аймақтағы елді мекендердің ______________________ сайтта берілген.

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Оқыңыз.**
Прочитайте.




**2. Берілген құттықтау-тілектің нешінші мәтінде жазылғанын көрсетіңіз.**
Отметьте в таблице номер текста, в которых встречаются данные поздравления и пожелания.

| | 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|---|
| Жаңа жылмен құттықтау | | | √ |
| Туған күнмен құттықтау | | | |
| Сәбидің дүниеге келуімен құттықтау | | | |
| Амандық тілеу | | | |
| Бауы берік болуын тілеу | | | |
| Зор денсаулық тілеу | | | |
| Дені сау болсын деген тілек | | | |
| Бақытты бол деген тілек | | | |
| Өмірде бақытты болсын деген тілек | | | |
| Жұмыста табысты болу деген тілек | | | |
| Оқуда табыс тілеу | | | |

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқаны белгілеңіз.**
Прослушайте. Отметьте правильный вариант.

№21

*Мәтінде не туралы айтылды?*

***Бірінші мәтін***

- ☐ Павлодар тарихы туралы
- ☐ Кешегі жаңалық туралы
- ☐ Ауа райы туралы

***Үшінші мәтін***

- ☐ Нағашылар туралы
- ☐ Б. Момышұлы туралы
- ☐ Есімнің қойылуы туралы

V БӨЛІМ

| ***Екінші мәтін*** | ***Төртінші мәтін*** |
|---|---|
| ☐ Отбасы туралы | ☐ Уақыт туралы |
| ☐ Мектеп туралы | ☐ Жұмыс туралы |
| ☐ Балабақша туралы | ☐ Күн тәртібі туралы |

**2. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Прослушайте. Ответьте на вопросы.

№22

1. Санжардың есімін кім қойды?
2. Санжар қайда оқиды?
3. Дінмұхаммедтің атын кім қойды?
4. Дінмұхамедке өз аты ұнай ма?
5. Ботагөздің атын кім қойды?



**3. Қайта тыңдаңыз. Ақпаратты белгілеңіз.**
Прослушайте еще раз. Отметьте.

№22

| | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Санжардың атын Санжар Асфендияров секілді академик болсын деп қойған. | ☐ | ☐ |
| Санжардың әжесі оның атын қателесіп қойған. | ☐ | ☐ |
| Адамның болашағына есімі әсер етеді дегенге Санжар сенеді. | ☐ | ☐ |
| Дінмұхамедтің аты мен болашақ мамандығы сай. | ☐ | ☐ |
| Адамның болашағына есімі әсер етеді дегенге Дінмұхамед сенеді. | ☐ | ☐ |
| Ботагөздің аты романға байланысты қойылған. | ☐ | ☐ |
| Ботагөздің аты өзіне ұнамайды. | ☐ | ☐ |
| Ботагөз балаға ат қоюда баланың түріне қарау керек деп ойлайды. | ☐ | ☐ |

## СӨЙЛЕСІМ

**1. Топтық жұмыс. Өз ойларыңызды айтыңыздар.**
Работа в группе. Поделитесь мнениями.

*Сіз қалай ойлайсыз? Как вы думаете?*

| | | |
|---|---|---|
| Баланың атын әкесі мен анасы қою керек | Баланың атын түріне қарап қою керек | Адамның аты болашағына әсер етеді |

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Кестеге есіміңіз туралы жазыңыз. 3 тіл үйренушіге сұрақтар қойып, жауаптарын III жақта жазыңыз.**

Напишите в таблицу о своем имени. Задайте вопросы 3 обучающимся языку и ответы запишите в III лице.

| Есімдер | Кім қойды? | Қалай қойылды? | Қандай ниетпен қойылды? |
|---|---|---|---|
| *Менің есімім* | *Менің есімімді* | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

V БӨЛІМ

# 2 - САБАҚ ЕСІМІҢІЗ ҚАНДАЙ МАҒЫНА БЕРЕДІ?

**1. 294-беттегі сөздермен танысыңыз.**
Познакомьтесь со словами на стр. 294.

**2. Топтық жұмыс. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Работа в группе. Ответьте на вопросы.

*Балаға ат қоюға байланысты қандай дәстүрлерді білесіз?*



**3. Сәйкестендіріңіз.**
Соедините.

| | |
|---|---|
| Индира ▢ | ▢ Индира Ганди секілді үлкен саясаткер болсын деп қойған. |
| Нұрсұлтан ▢ | ▢ Елбасы сияқты болсын деген ниетпен қойылады. |
| Абай ▢ | ▢ Қонаевтың құрметіне қойылады. |
| Қайрат ▢ | ▢ Ақылды болсын деген ниетпен қойылады. |
| Дінмұхаммед ▢ | ▢ Мықты, күшті адам болсын деп қойылады. |

**4. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

| *Барлық, бәрі* есімдіктері<br>Местоимения *барлық, бәрі* | 274-бет |
|---|---|
| Бұл кинотеатрда *барлық* фильмдер қазақ тілінде көрсетіледі.<br>Бұл кинотеатрда фильмдер*дің* *бәрі* қазақ тілінде көрсетіледі. | 274 стр. |

**5. Екі нұсқаның дұрысын таңдаңыз.**
Выберите правильный из двух вариантов.

1) Қазақтың *барлық* есімдері әдемі.
2) Адам есімдерінің ___________ ырымдап қойылады.
3) Банкте ___________ клиенттерге жеңілдік бар.
4) Уақытымның ___________ жоспар құрумен өтті.
5) ___________ іс-шаралар кешкі сағат жетіде басталады.

**6. *Барлық/бәрі* есімдігін қолданып, сұрақтарға жауап беріңіз.**
Ответьте на вопросы, используя местоимение *барлық/бәрі*.

1) Фотосуретте кім бар?
*Фотосуретте барлығы бар.*______________________________.

2) Қаладағы барлық жаңа көшелерге атау берілді ме?
______________________________________________.

3) Ағылшындар барлық сәбилерге қос есім қоя ма?
______________________________________________.

4) Ежелгі қалалар мен ескерткіштер туралы сайттардың атауын таптың ба?
______________________________________________.

**7. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

*деп ойлау, менің ойымша* **274-бет**

Бүгін жаңбыр жауады *деп ойлаймын*.
*Менің ойымша*, ертең күн жылы болады.

274 стр.



**8. Берілген сөздермен сөйлем құраңыз.**
Составьте предложения с данными словами.

1) деп/ғалымның /есімі/атақты /ойлаймын /қойылды /құрметіне/Оның
______________________________________________

2) Менің/жұмыс/болып/құрастырушы/ойымша/істейді/тарихи/ол/мәліметтер
______________________________________________

3) атыңыз/тілінде/мағынаны/деген/Сіздің/әдемі/білдіреді/латын
______________________________________________

**9. Тиісті тәуелдік жалғауды жалғаңыз.**
Присоедините нужное притяжательное окончание.

1) менің ойымша
2) сенің ой______ша
3) сіздің ой______ша
4) оның ой______ша
5) біздің ой__________ша
6) сендердің ойлар__________ша
7) сіздердің ойлар__________ша
8) олардың ойлар__________ша

## ОҚЫЛЫМ

**1. Оқыңыз.**
Прочитайте.

### Қызықты ақпараттар

1. Егер қазақ отбасында қыз туылса, келесі бала ұл болсын деген үмітпен сәбиге мынадай есімдер қойылады: *Ұлбосын, Ұлжан, Ұлбала, Жаңыл, Тойдық, Дәметкен, Қызтумас, Адасай.*

2. Осы ырыммен байланысты түрік халқында қыз балаға ер бала есімі беріледі екен.



3. Жапондықтардың есімі мен тегінің үйлесуі күрделі ғылым болып есептеледі. Бұл мемлекетте есімдердің арнайы тізімі бар. Ол екі мыңнан астам иероглифтен құрылған. Қазір де сәбилердің ата-аналары есім құрастырушылардан арнайы есім сұрап барады.
Бір қызығы, бір ауыл тұрғындарының аттары қайталанбайды.



4. Әлемдегі ең ұзын есім иесі Үндістанда тұрады. Қысқа есімі – Брахматма. Ол өз-өзіне жаңа есім құрастырған. Оның атын есте сақтау мүмкін емес. Есімін айту үшін 10 минуттан астам уақыт керек. Ол 1478 әріптен тұрады. Атақты адамдардың аттарынан, тарихи орындарынан құрастырған. Ал оның бұрынғы аты да қысқа болмаған: Хуманаоджасваматашетаргандас.



5. Британияда дүниеге келген барлық сәбиге екі есім қойылады: бірінші және ортаңғы есім. Сәбиге қос есім беру – бұрыннан келе жатқан ағылшындардың дәстүрі. Кейде бірнеше ортаңғы есім де беріледі. Бірақ, әдетте, төрт есімнен аспайды:
Чарльз Филипп Артур Джордж,
Анна Элизабет Алиса Луиза.





6. Ежелгі римдіктердің 70-ке жуық есімі болған. Солардың ішінен жиырмасы ғана қолданылған. Қағазға жазғанда 1-3 әріпке дейін қысқарған. Мысалы, Публий есімі П. деп қысқартылған. Себебі П-дан басталатын басқа есім болмаған.

**2.** ***Туралы*** **сөзін қолданып, «Қызықты ақпараттар» мәтінінің бөлімдеріне тақырып қойыңыз.**

Озоглавьте разделы текста «Қызықты ақпараттар», используя слово *туралы*.

**1.** ______________________________

**2.** ______________________________

**3.** ______________________________

**4.** ______________________________

**5.** ______________________________

**6.** ______________________________

**3. Жауаптардың дұрыс/бұрыстығын белгілеңіз.**

Отметьте знаком правильные/ неправильные варианты.

| | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---|---|---|
| 1) Қазақ халқы қыз балаға Ұлжан есімін қоймайды. | | |
| 2) Түрік халқы қыздарына ұлдардың есімін қояды. | | |
| 3) Жапония мемлекетінде барлық есімдердің арнайы тізімі бар. | | |
| 4) Жапондықтар үшін ат пен тегінің үйлесуі өте маңызды. | | |
| 5) Брахматма деген Үндістан азаматы атын өзі өзгертті. | | |
| 6) Оның атын айту үшін аз уақыт керек. | | |
| 7) Ол өз атын қысқартты. | | |
| 8) Ағылшындар барлық сәбилеріне тек қана бір ат қояды. | | |
| 9) Олардың бұл дәстүріне көп жыл болды. | | |
| 10) Ежелгі Рим елінде адам аты өте көп болған. | | |

**4. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Ответьте на вопросы.

1) Ұлбосын есімінің қыз балаға қойылу себебі туралы сіздің ойыңыз?
2) Сіздің ойыңызша, түрік халқында қыз балаға ұлдың атын не үшін қояды?
3) Жапондықтардың ат қоюға қатысты қандай дәстүрі бар?
4) Сіз жапон ауылдарында есімдер қайталанбайтыны туралы не ойлайсыз?
5) Ежелгі Римде неге есімдерді бір әріпке дейін қысқартқан?

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

| -еке/-әке қосымшасы<br>Суффикс -еке/-әке | **274-бет** |
|---|---|
| М*әке*, хал қалай?<br>Алло, Ай*еке*, бұл мен ғой. | 274 стр. |

**2. *-еке/-әке* қосымшасын қолданып есімдерді өзгертіңіз.**
Преобразуйте собственные имена, используя суффикс *-еке/-әке*.

1) Ержан – ____________________
2) Дәулет – ____________________
3) Айдар – ____________________
4) Бауыржан – ____________________
5) Нұржан – ____________________
6) Серік – ____________________
7) Ілияс – ____________________
8) Марат – ____________________
9) Талғат – ____________________
10) Қалыбек – ____________________

V БӨЛІМ

**3. Тиісті есімдерді -еке/-әке қосымшасын қосып өзгертіңіз.**
Преобразуйте соответствующие имена, используя суффикс -еке/-әке.

**1-диалог**

– Дәурен, сен қайдасың?
– Дәмханадамын. Тамақтанып отырмын.

**2-диалог**

– Шаймерден, демалыс қалай өтті?
– Рақмет, тамаша өтті.

**3-диалог**

– Құда, немереңізді қалай атадыңыз?
– Санжар деп атадым.
– Бұл есімнің мағынасы қандай?
– Хан деген мағынаны білдіреді.

**4. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

| *-дай/-дей* ... жұрнағы<br>Суффикс *-дай/-дей* ... | **275-бет** |
|---|---|
| Астана*дай* әдемі қала жоқ.<br>Сені інім*дей* көремін. | 275 стр. |

**5. Тиісті қосымшаны қосыңыз.**
Присоедините соответствующие суффиксы.

*-дай/-дей, -тай/-тей*

1) Асқар__________
2) мен__________
3) досын__________
4) әкесін__________
5) сен__________
6) қарындасым__________
7) бауырың__________
8) гүл__________
9) сағат__________
10) сағат тілі__________

**6. Тиісті сөздерді жазыңыз..**
Напишите соответствующие слова.

Күләштай | Дәурен ағайдай | Жамбылдай | Бақыт әжесіндей

1) Менің есімімді ____________________ беделді болсын деген ниетпен көкем қойды.
2) Оның атын ____________________ бақытты болсын деп қойды.
3) Мен немеремнің атын ____________________ өнерлі болсын деген ниетпен қойдым.
4) ____________________ жүз жасасын деп атам ұлыма атақты ақынның атын қойды.


Күләш Байсейітова, әнші,
1912-1957


Жамбыл Жабаев, ақын,
1846-1945

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Диалогтерді оқыңыз.**
Прочитайте диалоги.

**1-диалог**

- Раушан, қандай жаңалық бар?
- Ертең диплом аламын.
- Дипломың құтты болсын! Жемісін көр. Жұмыста табысты бол.
- Рақмет, Бәке! Өзің қалайсың? Не істеп жүрсің?
- Кеше мен әке болдым.
- Сәбиіңнің бауы берік болсын!
- Рақмет. Айтқаның келсін.

V БӨЛІМ

### 2-диалог

- Әлеке, қалайсыз?
- Бәрі аман.
- Сіздерді қоныс тойымызға шақырамыз. Жексенбі күні қонаққа келіңіздер.
- Үй алдыңдар ма?
- Иә, пәтер сатып алдық.
- Пәтерлерің құтты болсын! Керегесі кең, шаңырағы биік болсын! Отбасыларыңа зор денсаулық, бақыт тілейміз.
- Рақмет, Әлеке!

**2. Диалогтердегі ақпараттарды кестеге жазыңыз.**
Напишите в таблицу информацию из диалогов.

| | 1-диалог | | 2-диалог |
|---|---|---|---|
| *Қандай жаңалық?* | | | |
| *Қандай тілектер?* | | | |

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Тыңдаңыз. Көп нүкте орындарына тиісті сөздерді жазыңыз.**
Прослушайте. Напишите вместо точек соответствующие слова.

№23

### Бірінші әңгіме

Менің ______________ бар. Оның есімі – ______________ . Оның атын ______________ қойды. ______________ құрметіне қойды. Ол ______________ деген ниетпен қойды.

### Екінші әңгіме

Менің атым – ______________ . Менің ______________ әпкем бар, ______________ інім бар.

**2. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Прослушайте. Ответьте на вопросы.

№24

**Бірінші диалог**

Әсет Құдайбергенұлы жарнама суреті туралы қандай ой айтты?

______________________________________________

______________________________________________

**Екінші диалог**

Мұратты достары қалай атайды?

______________________________________________

______________________________________________

**Үшінші диалог**

Хабарландыру бойынша жиналысқа кімдер шақырылды?

______________________________________________

______________________________________________

**Төртінші диалог**

Ол ұлына неге Илья есімін қойды?

______________________________________________

______________________________________________

## СӨЙЛЕСІМ

**1. Топтық жұмыс. Сіз 2-3 тіл үйренушімен бірге есімдер туралы вебсайттың басты бетін дайындаңыз. Оның атауы, бөлімдері, суреттері қандай болатыны туралы ой бөлісіңіздер. Соңында жоба ретінде қағазға вебсайттың басты бетін салып, тұсаукесер іс-шарасын ұйымдастырыңыздар.**

Работа в группе. Вместе с 2-3 обучающимися языку подготовьте главную страницу вебсайта о собственных именах. Поделитесь тем, как вы назвали созданный вами вебсайт, его разделах и оформлении. Затем в качестве проекта представьте как выглядит вебсайт на бумаге и организуйте его презентацию.




## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Хатқа жауап беріңіз.**
Напишите ответ на письмо.

*Сәлем, Бәке!*
*Хал қалай?*
*Өзім жақсымын. Отбасым да аман-есен.*
*Мен өз фирмамды ашқым келеді. Онда фотостудия, шаштараз, сән салоны болады деп ойлаймын. Барлық құжаттарды дайындап жатырмын.*
*Сенен бір көмек керек. Фирмамды қалай атауды білмей тұрмын. Сенің ойыңша, атау қандай болу керек? Мүмкін, қос атау ма? Немесе тарихи атау ма?*

# VI
# БӨЛІМ



## БІРІНШІ САБАҚ

### АДАМ КЕЛБЕТІ

... *-дан кейін/соң*. Алу етістігі. ...*ға* қарағанда

## ЕКІНШІ САБАҚ

### ТҮР ЖӘНЕ ТАЛҒАМ

*-лы/лі, -ды/-ді, -ты/-ті* жұрнағы

# 1 - САБАҚ

## АДАМ КЕЛБЕТІ

**1. 295-беттегі сөздермен танысыңыз.**
Познакомьтесь со словами на стр. 295.

**2. Тиісті сөздерді жазыңыз.**
Напишите соответствующие слова.




**3. Мағыналары қарама-қарсы сөздерді жазыңыз.**
Напишите антонимы к приведенным словам.

1) аласа – *биік*
2) арық – ______________
3) дейін – ______________
4) аққұба – ______________
5) жұқа – ______________
6) айырмашылық – ______________

**4. Мағыналас сөздерді жазыңыз.**
Напишите синонимы к приведенным словам.

1) шамалы – *жуық*
2) бет – ______________
3) ұқсау – ______________
4) бет – ______________
5) әдемі – ______________
6) қал – ______________
7) содан соң – ______________
8) ажырату – ______________

**5. Мәтін мазмұны бойынша адамдардың кескіндерін суретке салыңыз.**
Нарисуйте лица людей в соответствии с характеристиками, данными в тексте.

| | |
|---|---|
| 1<br>Біздің мекемеге сұңғақ бойлы жігіт кірді. Шашы бұйра, көзі көк. Бетінде секпілі көп. Бізбен танысты. | 2<br>Кеше үйге қонақ шақырдық. Қонақтардың біреуі – менің әріптесім. Ол – аққұба, шашы сарғыш, көзі көк жігіт. |
| 3<br>– Бейсенбі күні мен атақты әншіні көрдім.<br>– Қай әншіні?<br>– Аты кім еді? Шашы қара, қараторы, бойы аласа.<br>– Көзі қара ма?<br>– Жоқ, қой көзді.<br>– Қарашаш Бейсенова ма?<br>– Иә, сол. | 4<br>– Сен «Қос есім» деген киноны көрдің бе?<br>– Қашан болды?<br>– Кинотеатрларда жүріп жатыр. Фильмде бір қыз болады. Бойы ұзын, 180 сантиметр, шашы бұйра, қалың, ұзын, қарақат көзді. |
| 1 | 2 |
| 3 | 4 |

**6. Сұраққа жауап беріңіз.**
Ответьте на вопросы.

*Оларға неге осы есімдер берілді? Қалай ойлайсыз?*

| | | |
|---|---|---|
| Алтыншаш | Қарашаш | Сұлушаш |
| Ботагөз | Қалдыбек | Меңдіқыз |

VI БӨЛІМ

**7. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

| *-дан/-ден, -тан/-тен, кейін/соң* <br> *после ...* | **276-бет** |
|---|---|
| Айгүл демалысқа бір ай*дан кейін* шығады. <br> Кездесу*ден соң* барлық мәліметті сұрап алдым. | 276 стр. |

**8. Шығыс септік жалғауын жалғаңыз.**
Присоедините окончания исходного падежа к словам.

1) Емтихан*нан*____ соң сен қайда барасың?
2) Ұзын бойлы жігіт________ кейін тұрған қыз – менің әріптесім.
3) Егіз ұлдарым________ кейін кенже қызым бар.
4) Үш сағат________ соң келіп тұрсың ба?
5) Бассейн________ кейін біз үйге барамыз.
6) Кеңсеге 21 қыркүйек________ кейін келіңіз.

**9. Дұрысын таңдап, сөйлемді толықтырыңыз.**
Дополните предложения, выбрав правильный вариант.

| дейін | бері | бастап | кейін | соң |
|---|---|---|---|---|

1) Сен ертең жұмыстан __________ қайда барасың?
2) Бұл мекемеде сіз қай кезден __________ жұмыс істейсіз?
3) Бірінші курстан __________ ол тек беске оқыды.
4) Түскі тамаққа __________ дүкен аралайық.
5) Осы оқиғадан __________ мен бәрін білдім.
6) Театрдан кітапханаға __________ 1 шақырым.
7) Түске __________ де, түстен __________ де үйде боламын.
8) Олар Талдықорғанда 2012 жылдан __________ тұрып жатыр.
9) Көктемнен __________ менің бетімде сепкіл пайда болды.
10) Сіз банкке __________ қайда жұмыс істедіңіз?
11) Жаңа жылға __________ сендер қайда боласыңдар?

**10. Әннен үзіндіні оқыңыз. Орындаңыз.** №25
Прочитайте отрывок из песни. Спойте ее.

**ӘЙТЕУІР, СОЛ ҚЫЗ – БІР СҰЛУ**

*Сөзін жазған Қ. Шаңғытбаев* — *Әнін жазған С. Мұхамеджанов*

...Білмеймін, аққуба ма, қара ма екен,
Мейірім бір көргенде қана ма екен?
Ел кезіп, аудан қоймай жүргенімде,
Япырым-ай, қайсы ауылдан, қайсы ауылдан табар екем?
Айсұлу әлде Нұрсұлу,
Жансұлу әлде Күнсұлу.
Атын білмей қор болдым.
Әйтеуір, сол қыз,
Әйтеуір, сол қыз,
Әйтеуір, сол қыз – бір сұлу.
2 рет

VI БӨЛІМ

**11. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Ответьте на вопросы.

1)Ән не туралы?
2) Әнде қандай есімдер айтылады?
3) Мәтінде қыздың келбетін суреттейтін қандай сөздер бар?

**12. Суреттегі адамдардың келбетін сипаттап жазыңыз.**
Опишите внешность людей, изображенных на картинках.







## ОҚЫЛЫМ

**1. Оқыңыз.**
Прочитайте.

### *Нұрбек пен Айбек*

Менің егіз ағам бар. Біреуінің аты – Айбек, екіншісінің аты – Нұрбек. Біз бәріміз ата-анамызбен бірге Қарағанды облысындағы Қаражал ауылында тұрамыз. Мен қара шаңырақ иесімін, әке-шешеммен бірге тұрамын, ал егіз ағам отау тігіп, отбасыларымен бөлек тұрады.

Бауырларым бір-бірінен айнымайды. Екеуінің де көзі қара, шашы қоңыр. Олардың әуестігі де ұқсас. Егер балалық шағында Айбек маркалармен әуестенген болса, Нұрбек төсбелгілерді жинады. Екеуі де қазір спортпен айналысады. Олардың бір ғана айырмашылығы бар. Айбектің мойынында кішкентай ғана қалы бар.

Бірінші болып дүниеге келген – Нұрбек, 10 минуттан кейін дүниеге Айбек келді. Қазір олардың жасы жиырма сегізде. Егіз бауырлар өздері туралы талай қызықты әңгімелер айтады.

Егіздердің біреуі ауырса, екіншісі де ауырып қалады екен. Бір қызығы, олардың тістерінің де орналасуы бірдей.







– Соңғы жылдары бір-бірімізге қатты ұқсаймыз. Бұрын мен толықтау, ал Нұрбек арық еді, қазір бірдейміз. Тек қана маған қарағанда Нұрбектің бойы сәл аласа, - дейді Айбек, - әзілді мен айтып жатсам, қазір ғана оны Нұрбек айтты деп күледі достарымыз.

– Мен банкте департамент меңгерушісі болып жұмыс істесем, Нұрбектің өз фирмасы бар. Ол азық-түлік сатумен айналысады. Көшеде оның әріптестері маған: «Неге амандаспайсың?» – деп ренжіп қалады. Мен Нұрбек емеспін, Айбекпін. Нұрбек менің сыңарым дегенде ғана түсінеді, - дейді Айбек.

**2. Егіз бауырлардың ұқсастығы мен айырмашылығын шеңбердегі тиісті орындарға жазыңыз.**

Напишите в соответствующие части кругов сходство и различия братьев-близнецов.

**ҰҚСАСТЫҒЫ:** **АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ:**



**3. Егіздерге қатысты күлкілі оқиғаларды мәтіннен табыңыз.**

Найдите из текста смешные истории, произошедшие с братьями-близнецами.

**4. Сіздің өміріңізде егіздерге қатысты күлкілі оқиғалар болды ма?**

Были ли в вашей жизни забавные истории, связанные с близнецами?

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Оқыңыз.**

Прочитайте.

| | |
|---|---|
| – Кешіріңіз, бұл автобус стадионға дейін бара ма?<br>– Жоқ, бармайды, 53-автобус барады. | – Жолақысы қанша тұрады?<br>– 80 теңге. |
| – Келесі қандай аялдама?<br>– Әлия Молдағұлова аялдамасы. | – Неше аялдамадан соң түсуім керек?<br>– Үш аялдамадан соң түсесіз. |

**2. Тиісті сөздерді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.**
Дополните предложения, вставив соответствующие слова.

1) Кеше маған Мағжан телефон ______________ .
2) Ал мен, өкінішке орай, үйде болған ______________ .
3) Ол қашан телефон ______________?
4) Мағжан сенімен бірге қалаға ______________ бара ма?

| | |
|---|---|
| дейін | шалады |
| жоқпын | соқты |

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

*Алу* модальдік етістігі
Модальный глагол *алу*

Мен қазақша сөйлей *аламын*.
Балам, сен үйге өзің бара *аласың ба*.

**276-бет**
276 стр.

**2. Тиісті қосымшаларды қосыңыз.**
Присоедините соответствующие суффиксы.

1) ол істей______ алады______;
2) сен тұр______ ала______;
3) мен сатып ал______ алма______;
4) сіз би биле______ ала______;
5) олар шаңғы теб______ ала______ ма?;
6) кенжеміз кітап оқ______ ала______;
7) өзім ки______ аламын;
8) ол ізде______ алмады;
9) өздері түс______ ала______;
10) мен көр______ алды______;
11) сен сұра______ ала______;
12) сен жинастыр______ алған жоқ______ .

**3. Модальдік мағынасы бар 7 сөйлемді белгілеңіз.**
Отметьте 7 предложений с глаголами, имеющие модальное значение.

- [ ] 1) Мен фотосурет алдым.
- [ ] 2) Сен өзіңмен нетбук ала аласың ба?
- [ ] 3) Олар базардан картоп пен қырыққабат сатып алды.
- [ ] 4) Әлия, супермаркеттен қызанақ сатып ала аласың ба?
- [ ] 5) Ұлдарым футбол ойнай алады.
- [ ] 6) Мен коньки тебе алмаймын.
- [ ] 7) Сенің конькиіңді алдым.
- [ ] 8) Бұл іс-шараны ұйымдастыра аласыз ба?
- [ ] 9) Кешіріңіз, сіз аудандық сайысқа қатыса алмайсыз.
- [ ] 10) Орыс тіліне кім аудара алады?
- [ ] 11) Майкрасофттың барлық бағдарламаларында жұмыс істей аламын.

**4. Оқулықта берілген сөздікті қолданып, ескі теледидар мен жаңа теледидардың мүмкіндіктерін салыстырыңыз.**

Сравните технические возможности старого и телевизора нового поколения, пользуясь словарем учебника.



**5. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Ответьте на вопросы.



*Сіз*
- егіздерді ажырата аласыз ба?
- Excel-де жұмыс істей аласыз ба?
- қазақша сөйлей аласыз ба?
- MMS-хабарлама жібере аласыз ба?
- сандық фотоаппаратпен жұмыс істей аласыз ба?
- қандай музыкалық аспап тарта аласыз?
- мәшине жүргізе аласыз ба?

*Сіздің әйеліңіз/күйеуіңіз/досыңыз/құрбыңыз*
- домбыра тарта ала ма?
- жүзе ала ма?

**6. Құрылыммен танысыңыз.**

Ознакомьтесь с конструкцией.

| | |
|---|---|
| *... -ға қарағанда*<br>смотря (по сравнению) на | **276-бет** |
| Қалаға *қарағанда* ауылдың ауасы таза.<br>Әлібекке *қарағанда* Айбектің бойы ұзын. | 276 стр. |

**7. Барыс септік жалғауын қолданып, "қарағанда" сөзімен бірге орнына қойыңыз.**

Выберите окончания дательно-направительного падежа и вместе со словом "қарағанда" поставьте в соответствующее место.

1) Ер адамдар әйелдердің шашы қара екен.
2) Әнуар Санжар қараторы болып келеді.
3) Шілде тамыз айында ауа райы ыстық болды.
4) Сіз сыңарыңыздың шашы бұйра.
5) Бұл қаладағы көпір мұражай ғимараты ерте салынды.

*-ге*
*-ге*
*-ге* *қарағанда*
*-ға*
*-ға*

**8. Қажетті есімдікті таңдаңыз.**

Выберите нужное местоимение.

1) ________ аудандық ауруханада жұмыс істеймін. *(мен/маған)*
2) ________ қарағанда інің әкеңнен айнымайды. *(сен/саған)*
3) ________ сұңғақ бойлы жігіт. *(ол/оған)*
4) ________ қарағанда бауырымның бойы ұзын. *(мен/маған)*
5) ________ қарағанда оның шашы бұйралау. *(сіз/сізге)*

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Прослушайте. Ответьте на вопросы.

№26

1) Құрбылардың есімдері кім? ____________________

2) Кинотеатрға баруды кім ұсынды? ____________________

3) Нұргүл неге бұл фильмді мамыр айында көре алмады? ____________________

4) Фильм нешеде басталды? ____________________

5) Фильм қай тілде көрсете басталды? ____________________

6) Оған көрермендердің пікірі қандай болды? ____________________

7) Фильм қазақ тілінде жалғасты ма немесе басынан басталды ма? ____________________

VI БӨЛІМ

## СӨЙЛЕСІМ

**1. 4 немесе 3 адамнан тұратын жұптық жұмыс.**
Работа в группе из 4-х или 3-х человек.

**А) 319-беттегі суреттердің ішінен біреуін таңдап, сол адамның келбетін суреттеңіз. Екіншіңіз қосымша сұрақтар қою арқылы сол адамды табыңыз.**
Выберите и опишите внешность одного человека со стр. 319.

**Ә) Енді орындарыңызбен ауысыңыздар.**
Теперь поменяйтесь ролями.

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Екі диалог құраңыз.**
Составьте два диалога.

**Сіздің қызметіңіз:** аудандық тілдерді дамыту басқармасының меңгерушісісіз.
**Сіздің мақсатыңыз:** жұмысқа жаңа қызметкерді қабылдау.
**Іс-шара:** үміткермен сөйлесу.

| Не істей алады? | Кім болғысы келеді? |
| --- | --- |
| **Бірінші үміткер:**<br>+ қазақ тілі,<br>+ орыс тілі,<br>+ ағылшын тілі,<br>+ фотокамераға түсіру,<br>+ Windows бағдарламарымен жұмыс істеу, | аудармашы |
| **Екінші үміткер:**<br>+ қазақ тілі,<br>+ орыс тілі, ағылшын тілі,<br>+ жеңіл мәшине жүргізу,<br>+ автобус жүргізу,<br>+ GPS аппаратурасымен жұмыс істеу. | жүргізуші |

**2. Сіз детектив жанрындағы кинофильмді түсіруге әртістерді таңдайсыз (кастинг жүргізесіз).**
**Фильмде екі бас кейіпкер болады. Үміткерлерге қандай талаптар қойылатыны туралы кестені толтырып жазыңыз.**

Вы выбираете артистов для фильма в жанре детектив. В фильме два главных героя. Заполните таблицу о требованиях к кандидатам.

VI БӨЛІМ

**БАС КЕЙІПКЕРЛЕР**

| Келбеті, бойы, жасы, ұлты | Не істей алуы керек? |
| --- | --- |
| **Ер адам:**<br>____________________<br>____________________<br>____________________<br>____________________ | ____________________<br>____________________<br>____________________<br>____________________ |
| **Әйел адам:**<br>____________________<br>____________________<br>____________________<br>____________________ | ____________________<br>____________________<br>____________________<br>____________________ |

# 2 - САБАҚ

## ТҮР ЖӘНЕ ТАЛҒАМ

**1. 295-беттегі сөздермен танысыңыз.**
Познакомьтесь со словами на стр. 295 .

**2. Сөздерді сәйкестендіріңіз.**
Соедините слова между собой.

| | |
|---|---|
| қарақат | бет |
| қиғаш | бойлы |
| қушық | көз |
| қыр | қас |
| орта | пен сақал |
| пұшық | мұрын |
| сарғыш | мұрын |
| сары | реңді |
| томпақ | шаш |
| мұрт | қыз |

**3. Кестеге өзіңіз және басқа адамдар туралы ақпараттарды жазыңыз.**
Напишите в таблицу информацию о себе и о других.

| Есімі | Бойы | Салмағы | Жүзі | Көзі | Шашы | Мұрны | Көзілдірік |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жандос | *орта бойлы* | *80 кг* | *ақсары мұрты бар* | *көк* | *қайратты, қара* | *қыр* | *тақпайды* |
| Мен | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

## ОҚЫЛЫМ

**1. Оқыңыз.**
Прочитайте.

### Сәбираның отбасы

1

Менің аты-жөнім – Сәбира Әуесханқызы. Отбасыммен бірге Атырау қаласында тұрамын. Мектепте тарих сабағынан оқушыларға білім беремін. Тұрмыстамын. Екі балам бар. Ұлымның есімі – Дәулет. Кенжемнің есімі – Жәния.

Дәулет – ұзын бойлы, көрікті жігіт. Қыр мұрынды, қой көзді, сұңғақ бойлы жігіт. Жасы 33-те. Шашы қалың, қап-қара, әкесінен айнымайды. Келінімнің есімі – Айжан. Ол аққұба келген, көзі көк, шашы ұзын әрі қалың, атжақты келіншек. Жасы 32-де. Дәулет пен Айжанның ерке қызы Салтанаттың көзі анасынікіндей.

Бетінде аздаған секпілдері бар. Немеремнің кірпіктері ұзын, қиғаш қара қастары өте әдемі. Салтанаттың жасы 6-да. Күзде мектепке барады.

Қызым Жәния – студент, жасы 20-да. Оның да бойы ұзын. Бірақ мұрны пұшық, көзі көк түсті. Нағашы әжесіне тартқан. Жақында ұзын шашын кесті. Бұрынғы ұзын бұрымы өзіне жарасатын еді.

Күйеуім Нұрлан Ахметұлы мұнай компаниясында бас инженер болып жұмыс істейді. Жасы 53-те. Балаларымыздың бойы әкесіне тартқан.

VI БӨЛІМ

### Жігіттердің талғамы

2

«Қандай қыздарды ұнатасыңдар?» деген сұраққа 70 мыңнан астам еуропалық жігіт жауап беру үшін көп уақыт ойланыпты. Барлық жауаптарды жинаған соң жігіттерге ұнайтын қыздың түр-кескіні анықталған.

Олардың талғамына көзі көгілдір, шашы ұзын және сарғыш түсті, қыр мұрынды, бойы 175 см, салмағы 60 кг-ға жуық қыздар сәйкес келген. Олардың баласы жоқ, өзінің жеке тұрғын үйі болуы керек.

Тағы бірнеше жігіттердің ортақ пікірі – қыздар жан-жануарларды жақсы көріп, клубқа барғанды ұнатуы қажет. Бәрінен де ең басты талап – темекі тартпауы тиіс.

Бұл – әлем еркектерінің көзқарасы. Ал, біздің қазақ жігіттері армандаған қыздың бейнесі қандай екен? Олардың талғамына шашының түсі қара, қос бұрымды, қыр мұрынды, қарақат көзді, көзілдірік тақпайтын қыздар сай келеді екен. Бойы орташа болуы керек.

**2. Дұрыс/бұрыс жауаптарды белгілеңіз.**
Отметьте правильные и неправильные ответы.

| 1 | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---|---|---|
| 1) Сәбираның үш баласы бар. | | |
| 2) Сәбираның жиені бар. | | |
| 3) Балаларының кенжесі – қыз. | | |
| 4) Оның ұлы – бойдақ. | | |
| 5) Дәулеттің бойы аласа. | | |
| 6) Көзінің түсі қоңыр. | | |
| 7) Дәулеттің қарындасының шашы қысқа. | | |
| 8) Айжан – қараторы келіншек. | | |
| 9) Оның қызы ерке. | | |
| 10) Салтанаттың көзі көк. | | |
| 11) Ол – қиғаш қасты кішкентай қыз. | | |
| 12) Сәбираның күйеуі – ұзын бойлы кісі. | | |

VI БӨЛІМ

**3. 2-мәтінде айтылған қыздардың келбетін салыңыз.**
Нарисуйте портреты девушек, о которых шла речь в тексте №2.



2

*Қыздың келбеті*

| Еуропалық жігіттердің талғамына сай | Қазақ жігіттерінің талғамына сай |
|---|---|
| | |

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

| *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті* жұрнағы<br>суффикс *-лы/лі, -ды/-ді, -ты/-ті* | **277-бет** |
|---|---|
| Ол – қой көз*ді* қыз.<br>Мен көп бала*лы* отбасынанмын. | 277 стр. |

9. Қасқырды ең алғаш Қызыл кітапқа енгізген мемлекет?





IX БӨЛІМ

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

Қаратпа сөздер
Обращения

281-бет

Балам, маған көмектесші!
Құлыным, мына сыйлық саған.

281 стр.

**2. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

| | | |
|---|---|---|
| 1) Мейрамханаға барғанда даяшы қызға<br>2) Мейрамханаға барғанда даяшы жігітке<br>3) Дүкенге барғанда сатушыға<br>4) Автобуста билет сатушыға<br>5) Ұшақта, пойызда жолсерікке<br>6) Студент, оқушы мұғалімге | қалай айтамыз? | қарындас<br>жігітім<br>апай<br>ағай<br>даяшы |

**Есте сақтаңыз!**
Запомните!

*Бұл сөздер еркелету сөздері және қаратпа сөздер ретінде қолданылады.*

қозы ---> *қозым, қошақаным*

бота ---> *ботам, ботақаным*

құлын ---> *құлыным, құлыншағым*

**3. Дұрыс сөзді таңдаңыз. Толықтырыңыз.**
Дополните. Выберите правильный вариант.

| | |
|---|---|
| – ________________, тамақ ішесің бе?<br>– Жоқ, ________________, қарным аш емес. | *бота, ботам, ана, анашым* |
| – ________________, әжең сені қалай атайды?<br>– Әжем мені «________________» дейді. | *Асқар, құлын, құлыным* |
| – ________________, ас мәзірін беріңізші.<br>– Бір минут, қазір әкеліп беремін. | *қарындас, ботам* |
| – ________________, маған көмектесіп жіберші.<br>– Жарайды, әже. Сөмкеңізді беріңіз. | *балам, жігітім* |
| – ________________, бүгін мен емтихан тапсырдым.<br>– Жарайсың! Құтты болсын! | *достар, адамдар* |

**4. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

Танысыңыз! Бұл – Ақлима әже. Оның 10 немересі бар. Әр немересін әртүрлі атпен атайды, еркелетеді.



Маратты қозыға теңейді. Ол Маратты қалай еркелетеді?
Самалды ботаға теңейді. Ол Самалды қалай еркелетеді?
Асқарды құлынға теңейді. Ол Асқарды қалай еркелетеді?

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Тыңдаңыз. Дұрыс нөмірді қойыңыз.**
Прослушайте. Поставьте правильную цифру.

№37

Жануарлар туралы қызықты деректер













**2. Қайта тыңдаңыз. Жауап беріңіз.**
Прослушайте еще раз. Ответьте на вопросы.

№37

1. Туғаннан кейін сағатына 95 километр жүгіретін жануар ________
2. Есте сақтау қабілеті ең төмен балық ________
3. Қай жануар бір көзін ашып ұйықтайды? ________
4. Төрт тізесі бар жануар ________
5. Қай жануардың жүрегі минутына 9 рет соғады? ________
6. Су астында өмірге келетін жануар ________
7. Бір түнде 76 метр тоннель қазатын аң ________
8. Белиз мемлекеті қай жануарды қорғайды? ________
9. Айнадан өзін-өзі танитын жануар ________
10. Омыртқасы түзу жануар ________

## СӨЙЛЕСІМ

**1. Топтық жұмыс.**
Работа в группе.

Пікірсайыс ұйымдастырыңыздар

| 1-топ: | 2-топ: |
|---|---|
| Үйде мысық, ит ұстау дұрыс | Үйде ит, мысық ұстау дұрыс емес |

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Өзіңіздің туған жеріңіздегі жануарлар туралы ақпарат жазыңыз.**
Напишите про животных где вы родились.

1. Туған жеріңіздің атауы
2. Қандай жануарлар мекендейді?
3. Жануар туралы қандай қызық ақпарат білесіз?

# X

# БӨЛІМ

## БІРІНШІ САБАҚ

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРЫНДАРЫ

Барыс септік

## ЕКІНШІ САБАҚ

ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАР

*-уға болады/болмайды*

# 1 - САБАҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРЫНДАРЫ

**1. 299-беттегі сөздермен танысыңыз.**
Ознакомьтесь со словами на странице 299.

**2. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

*Сіз қоғамдық орындарда немесе қызмет көрсету орындарында қай сөзді қолданасыз?*

**3. Тиісті атауларды жазыңыз.**
Напишите название.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| апай | ағай | мырза | ханым | қарындас |
| балам | ботам | жігітім | інішек | досым |














**4. Белгілеңіз.**
Отметьте.

*Сіз қайда жиі барасыз?*

- ☐ *банк*
- ☐ *дүкен*
- ☐ *шаштараз*
- ☐ *сән салоны*
- ☐ *емхана*
- ☐ *дәріхана*
- ☐ *көлік жөндеу орталығы*
- ☐ *спортзалға*
- ☐ *аяқкиім жөндеу шеберханасы*
- ☐ *сағат жөндеу шеберханасы*
- ☐ *кітапхана*
- ☐ *жанармай бекеті*
- ☐ *мейрамхана*
- ☐ *пошта*
- ☐ *халыққа қызмет көрсету орталығы*
- ☐ *көшірме орталығы*

**5. Етістіктерді тиісті формаға қойыңыз.**
Поставьте глаголы нужную форму.

| | |
|---|---|
| *– Асқар, ертең банкке ________________ ба?*<br>*– Иә, барамын. Депозитке ақша ________________* | *бару*<br>*салу* |
| *– Мен кеше шаштаразға ________________*<br>*– Шаш ________________ ба?*<br>*– Иә, шашымды ________________* | *бару*<br>*қидыру*<br>*қидыру* |
| *– Кеше тырнағымды ________________.*<br>*– Қайда?*<br>*– Сән салонында.* | *бояту* |
| *– Ертең көлігімнің майын ________________.*<br>*– Өзің ________________ ба?*<br>*– Жоқ, көлік жөндеу орталығына ________________.* | *ауыстыру*<br>*ауыстыру*<br>*бару* |
| *– Жанармай азайды. Жанармай ________________ керек.*<br>*– Келесі көшеде жанармай бекеті бар.*<br>*– Жақсы. Сонда барайық.* | *құю* |
| *– Ертең Астанаға хат ________________ керек еді.*<br>*– Мен ертең поштаға барамын. Маған бер. Мен ________________.*<br>*– Жақсы болды ғой. Рақмет!* | *жіберу*<br>*жіберу* |

**6. Етістіктерді тиісті формаға қойыңыз.**
Поставьте глаголы нужную форму.

***Бұл қай жер?***

Ол жерде бұзылған сағаттарды жөндейді. ________________

Дәрігерге қаралу үшін барамыз. ________________

Көлік бұзылса, сол жерге барамыз. ________________

Құжаттың көшірмесін жасату үшін барамыз. ________________

Керек құжаттарды алу, рәсімдеу үшін барамыз. ________________

Ақша алу, ақша салу, төлем жасау үшін барамыз. ________________

Демалу, қонақ шақыру, тамақ ішу үшін баратын орын. ________________

Құжаттар алу, рәсімдеу, анықтамалар алу үшін барамыз. ________________

Құжаттарды растау үшін баратын жер. ________________

Киім тазалату және жудыру үшін баратын орын. ________________

X БӨЛІМ

**7. Топтық жұмыс.**
Работа в группе.

1. Әр топтан бір адам шығады.
2. Бір орынды сипаттайды.
3. Екінші топ табу керек.

1. С каждой группы выходит один человек.
2. Описывает одно место.
3. Вторая группа отгадывает.

**Орындар:**

банк, жағажай, театр, дүкен, емхана, шаштараз, халыққа қызмет көрсету орталығы, саябақ, базар, сауда орталығы, қонақүй

## ОҚЫЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

1. Керек құжаттарды халыққа қызмет көрсету орталығынан аласыз ба?
2. egov.kz сайты арқылы аласыз ба?
3. Қайсысы оңай әрі жылдам?

*Мен керек құжаттарды халыққа қызмет көрсету орталығынан аламын, себебі* ________________

______________________________________________

*Мен керек құжаттарды egov.kz сайты арқылы аламын, себебі* ________________

______________________________________________

**2. Оқыңыз.**
Прочитайте.

Сәлеметсіз бе! Сіз Халыққа қызмет көрсету орталығына қоңырау шалдыңыз. Орталық заңды және жеке тұлғаларға қызмет көрсетеді. Жеке тұлғаларға мынадай қызмет түрлерін көрсетеді.






Сіз ол жерден бизнесті дамыту және тіркеу, үйге қатысты анықтамалар мен құжаттар, сондай-ақ мұрағаттық құжаттар мен жеке тұлғаға қатысты құжаттарды ала аласыз. Орталық дүйсенбі-жұма күндері аралығында сағат 09:00-ден кешкі сағат 20:00-ге дейін жұмыс істейді. Сенбі күні сағат 09:00-ден сағат 14:00-ге дейін жұмыс істейді.



– Сәлеметсіз бе! Сіз «Қазақ» банкіне қоңырау шалдыңыз. Банк жеке тұлғаларға мынадай қызмет түрлерін көрсетеді: депозит ашу, несие беру, төлем карточкаларын ашу, интернет-банкинг жүйесі, ақша аудару, коммуналдық төлемдер қабылдау, ақша айырбастау, ипотека. Банк дүйсенбі және жұма күндері сағат 09:00-ден сағат 17:00-ге дейін үзіліссіз жұмыс істейді. Банктің мекенжайы: Алматы қаласы, Абай даңғылы , 14.

**3. Дұрыс нұсқасын белгіленіз.**
Отметьте правильный вариант.

| **Халыққа қызмет көрсету орталығынан** | |
|---|---|
| жеке тұлғаға қатысты құжаттарды алуға болады | ☑ |
| коммуналдық төлем жасауға болады | ☐ |
| мұрағаттық құжаттар алуға болады | ☐ |
| төлем карточкаларын алуға болады | ☐ |
| анықтамалар алуға болады | ☐ |
| депозит ашуға болады | ☐ |
| көлікке қатысты құжаттар алуға болады | ☐ |
| несие ресімдеуге болады | ☐ |
| бизнесті тіркеуге болады | ☐ |
| ақша аударуға болады | ☐ |

**4. Жауап беріңіз.**
Ответьте на вопросы.

1. Халыққа қызмет көрсету орталығы кімдерге қызмет көрсетеді?
2. Орталық қандай қызмет түрлерін көрсетеді?
3. Орталықтың жұмыс кестесі қандай?
4. «Қазақ» банкі кімдерге қызмет көрсетеді?
5. Банк қандай қызмет түрлерін көрсетеді?
6. Банктің жұмыс кестесі қандай?



## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

| Барыс септік<br>Дательный падеж | **282-бет** |
|---|---|
| Олар банкке кетті.<br>Мен ертең Халыққа қызмет көрсету орталығына барамын. | 282 стр. |

**2. Тиісті жалғауды жалғаңыз.**
Добавьте нужные окончания.

| -ға -ге | -қа -ке | -на -не |
|---|---|---|
| банк*ке* | базар______ | халыққа қызмет көрсету орталығы*на* |
| шаштараз______ | дүкен______ | көлік жөндеу орталығы______ |
| нотариус______ | дәріхана______ | көшірме орталығы______ |
| кітапхана______ | пошта______ | сән салоны______ |
| мұрағат______ | мейрамхана______ | дисконт орталық мекемесі______ |
| мұражай______ | монша______ | сағат жөндеу шеберханасы______ |
| театр______ | касса______ | жанармай бекеті______. |
| емхана______ | қонақүй______ | |

**3. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

*Сіз қайда барасыз?*

1. Сіз көлік сатып алдыңыз. Көлікке құжат алу керек.
2. Жаңа жұмысқа орналастыңыз. Сізге карточка аштыру керек.
3. Шашыңызды қидыру керек.
4. Жеке куәлікті ауыстыру керек.
5. Басқа қалаға көшіп бардыңыз. Сізге тіркелу керек.
6. Шет елге ақша аудару керек.
7. Ипотекаға үй алғыңыз келеді.
8. Бизнес жасағыңыз келеді. Оны тіркеу керек.
9. Коммуналдық төлем жасау керек.
10. Көлігіңіздің жанармайы таусылып қалды.

**4. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

| Шығыс септік<br>Винительный падеж |
|---|
| Халыққа қызмет көрсету орталығынан төлқұжатымды алдым. |

**5. Тиісті жалғауды жалғаңыз.**
Добавьте нужные окончания.

*-дан* *-ден* *-тан* *-тен*

банк*тен* 
шаштараз____ 
нотариус____ 
кітапхана____ 
мұрағат____ 
мұражай____ 
театр____ 
емхана____

базар____ 
дүкен____ 
дәріхана____ 
пошта____ 
мейрамхана____ 
монша____ 
касса____ 
қонақүй____

*-нан* *-нен*

халыққа қызмет көрсету орталығы*нан* 
көлік жөндеу орталығы...... 
сән салоны...... 
аяқкиім жөндеу шеберханасы... 
жанармай бекеті.....

**6. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

*Қайдан алады?*

1. Асқар диплом жұмысын жазып жүр. Оған материалдар керек.
2. Саматтың көлігі бұзылып қалды. Оған бөлшектер керек.
3. Алмас төлқұжатын жоғалтып алды. Ол төлқұжатты қайта алу керек?
4. Олар концертке барғысы келеді. Оларға билет сатып алу керек.
5. Оған дәрі-дәрмек керек.
6. Ол жаңа жұмысқа орналасты. Оған карточка керек.
7. Оған мекенжай туралы анықтама керек.

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Оқыңыз.**
Прочитайте.

*– Сәлеметсіз бе! Сіз «Қазақ» банкіне қоңырау шалдыңыз.*
*– Қазақ тілінде ақпарат алу үшін «1»-ді басыңыз.*
*– Орыс тілінде ақпарат алу үшін «2»-ні басыңыз.*
*– Депозиттер туралы ақпарат алу үшін «4»-ті басыңыз.*
*– Ипотека туралы ақпарат алу үшін «5»-ті басыңыз.*
*– Төлем карточкалары туралы ақпарат алу үшін «6»-ны басыңыз.*
*– Несие туралы ақпарат алу үшін «7»-ні басыңыз.*
*– Ақша аудару туралы ақпарат алу үшін «8»-ді басыңыз.*
*– Оператормен байланысу үшін «0»-ді басыңыз.*

**2. Тиісті санды жазыңыз.**
Напишите нужные цифры.

Қазақ тілінде ақпарт алу ______
Ипотека бөлімі ______
Орыс тілінде ақпарат алу ______
Карточка бөлімі ______
Депозиттер департаменті ______
Кеңесшімен сөйлесу ______
Несие бойынша маман ______
Аударымдар бөлімі ______



**3. Екеуара жұмыс.**
Работа в паре.



Біріңіз оператор, екіншіңіз тұтынушы болып өзара телефонмен сөйлесіңіздер.



## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Тыңдаңыз. Керек сөзді жазыңыз.**
Прослушайте и дополните пропуски.

№38

**Оператор:** *– Сәлеметсіз бе! «Самал» сұлулық ______ тыңдап тұр.*

**Тұтынушы:** *– Сәлеметсіз бе! Мен ______ жазылайын деп едім.*

**Оператор:** *– Жақсы. Қай шеберге?*

**Тұтынушы:** *– Тырнақ ______*

X БӨЛІМ

**Оператор:** – *Сағат ______________?*

**Тұтынушы:** – Мүмкін болса, түстен кейін. Сағат ______________

**Оператор:** – Қазір, тырнақ шеберінің ______________ қарайын. Ммм, сағат төртте бос екен. ______________ ба?

**Тұтынушы:** – Иә, жазыңыз.

**Оператор:** – ______________ кім?

**Тұтынушы:** – Алтынай.

**Оператор:** – Алтынай, онда сағат төртте сізді ______________ Мекенжайды білесіз ғой.

**Тұтынушы:** – Иә, ______________ Рақмет! Сау болыңыз!

**Оператор:** – Сау болыңыз!

**2. Тыңдаңыз. Жауап беріңіз.**
Прослушайте. Ответьте.

№39

| 1-сұхбат | 2-сұхбат |
|---|---|
| 1. Ол қайда телефон соқты? | 1. Марат қайда телефон соқты? |
| 2. Ол не үшін телефон соқты? | 2. Ол не үшін телефон соқты? |
| 3. Ол өзімен бірге қандай құжат апару керек? | 3. Ол сағат нешеге жазылды? |
| 4. Мекеме сағат нешеге дейін жұмыс істейді? | 4. Орталықтың мекенжайы қандай? |

## СӨЙЛЕСІМ

**1. Екеуара жұмыс.**
Работа в паре.

| | |
|---|---|
| 1. Төмендегі орындардың екеуін таңдаңыз.<br>2. Біріңіз оператор, біріңіз тұтынушы болыңыз.<br>3. Өзара сұхбат құрыңыз. | 1. Выберите два место.<br>2. Разделитесь по ролям. Оператор и клиент.<br>3. Составьте диалог. |

банк
халыққа қызмет көрсету орталығы
шаштараз
сұлулық салоны
емхана
дәріхана
көшірме орталығы
сағат жөндеу шеберханасы
кітапхана
көлік жөндеу орталығы
мейрамхана
пошта

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Төмендегі мекемелердің қызмет түрлерін жазыңыз.**
Работа в паре.

банк | көшірме орталығы | көлік жөндеу орталығы | кітапхана

Х БӨЛІМ

# 2 - САБАҚ ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАР

**1. 300-беттегі сөздермен танысыңыз.**
Ознакомьтесь со словами на странице 300.

**2. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

1. Сіз қандай қызмет көрсету орталығына жиі телефон шаласыз?
2. Құжаттарды ғаламтор арқылы аласыз ба, әлде халыққа қызмет көрсету орталығына барасыз ба?
3. Шаштараз, сән салонына телефон арқылы жазыласыз ба, әлде бірден барасыз ба?
4. Төлемдерді интернет-банкинг арқылы төлейсіз бе, әлде банкке барасыз ба?

**3. Дмитрий туралы айтыңыз. Осы шақты пайдаланыңыз.**
Расскажите про Дмитрия. Используйте настоящую форму глагола.

*Құжаттарды аудару*

*Алдын ала жазылу жоқ*

*Дүйсенбі-жұма күндері*



*Нотариус*

*Сағат 09:00- 17:00*

*Құжаттарды куәландыру*

**4. Дұрыс нұсқасын белгілеңіз.**
Отметьте правильный вариант.

Қоғамдық орын дегеніміз –

| | |
|---|---|
| адамдар көп жиналатын орын | √ |
| адамдар үнемі пайдаланатын орын | |
| тек балалар ойнайтын орындар | |
| ересек адамдар болатын орындар | |
| көше, саябақтар, сквер, ойын алаңдары | |
| кіреберіс, тұрғын үй аулалары, лифтілер | |
| мектеп, балабақша, университеттер | |
| театр, мейрамхана, мұражай, пошта, кітапхана | |
| жеке авто көлік, автотұрақ, саяжай, фазенда | |
| қоғамдық көлік, автобекет, теміржол бекеті, әуежай | |

**5. Өзіңіз жиі баратын орындарды белгілеңіз.**
Отметьте куда вы часто ходите.

| | | | |
|---|---|---|---|
| ☐ | саябақ | ☐ | балабақша |
| ☐ | театр | ☐ | мұражай |
| ☐ | мейрамхана | ☐ | пошта |
| ☐ | мектеп | ☐ | спорт орталығы |
| ☐ | әуежай | ☐ | саяжай |
| ☐ | автобекет | ☐ | теміржол бекеті |

**6. Оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Прочитайте. Ответьте на вопросы.

| | жиі | сирек | ешқашан |
|---|---|---|---|
| 1) Автобусқа отырасыз ба? | ☐ | ☐ | ☐ |
| 2) Пойызбен жүресіз бе? | ☐ | ☐ | ☐ |
| 3) Ұшақпен ұшасыз ба? | ☐ | ☐ | ☐ |
| 4) Лифтіні пайдаланасыз ба? | ☐ | ☐ | ☐ |
| 5) Көшеде жаяу серуендейсіз бе? | ☐ | ☐ | ☐ |
| 6) Жұмысқа велосипедпен барасыз ба? | ☐ | ☐ | ☐ |

**7. Топтық жұмыс.**
Работа в группе.

*Қоғамдық орындарда не істеуге болады,*
*не істеуге болмайды?*

**8. Қайда не істеуге болмайды?**
Где нельзя делать?

қатты сөйлеуге, қатты күлуге, телефонмен сөйлесуге, шылым шегуге, шекілдеуік шағуға, қоқыс тастауға, ішімдік ішуге, сағыз тастауға, дөрекі сөздер айтуға, адамдарды итеруге, адамдардың мазасын алуға.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| кітапханада | *қатты сөйлеуге* | ________ | ________ | Б |
| автобуста | ________ | ________ | ________ | О |
| театрда | ________ | ________ | ________ | Л |
| алаңдарда | ________ | ________ | ________ | М |
| саябақтарда | ________ | ________ | ________ | А |
| лифтіде | ________ | ________ | ________ | Й |
| көшеде | ________ | ________ | ________ | Д |
| кіреберісте | ________ | ________ | ________ | Ы |

**9. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

***Сіз не істер едіңіз?***

1. Сіз көшеде қыдырып жүрсіз. Алдыңызда бір жас бала кетіп бара жатыр. Ол қолындағы пластик бөтелкесін көшеге тастай салды. Сіз не істер едіңіз?

2. Сіздің кіреберіске үнемі қоқыс жиналып қалады. Кіреберіске бөтен адамдар кірмейді. Қоқысты көршілеріңіз тастауы мүмкін. Сіз не істер едіңіз?

3. Балабақша ауласының сыртында бір ер адам шылым шегіп тұр. Сіз ол адамға не айтар едіңіз?

4. Автобуста бір жас жігіт телефонмен қатты сөйлесіп келеді. Сіз сол автобустасыз. Осы жағдайда сіз не істер едіңіз?

## ОҚЫЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

***Бұл ескертулерді қайдан көреміз?***




**2. Оқыңыз.**
Прочитайте.

Қоғамдық орындарда барлық мемлекеттерге ортақ тәртіптер бар. Мысалы, қатты сөйлемеу, адамдардың мазасын алмау, қоқыс тастамау, шылым шекпеу т.б. Алайда кейбір елдердің өзіндік тәртіптері бар.

Мысалы, Сингапурде:
- қоғамдық орындарда, тіпті барлық жерде сағыз шайнауға болмайды, ол үшін айыппұл төленеді;
- қала ішіндегі өзендерде балық аулауға тыйым салынады;
- қала көшелерінде құстарға тамақ беруге болмайды;
- метрода ұйықтауға және скейтборд тебуге болмайды;
- егер рұқсат болмаса, қоғамдық орындарда қатты дауыстап әндер айтуға рұқсат етілмейді;
- қоғамдық орындарда басқа адамның Wi-fi жүйесіне қосылуға болмайды.

Ал Италиядағы шіркеу алдындағы баспалдақтарда тамақ жеуге болмайды.
Сан-Францискода көшедегі көгершіндерге тамақ беруге тыйым салынады.
Қазақстанда әуежайда суретке түсіруге рұқсат етілмейді екен.
Араб Әміріктері елдерінде қоғамдық орындарда сүйісуге болмайды.
Барселонада суға түсуге арналған киімдермен көшеде жүруге болмайды. Ондай киімдер тек жағажайда рұқсат етіледі.

Сондай-ақ әр елде әр қоғамдық орындардың өз ережелері бар. Ол ережелер сол орындағы тәртіпті сақтау үшін жасалған. Мысалы, мұражайлардан сіз үнемі мына ескертулерді көресіз.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| суретке түсіруге рұқсат етілмейді | тамақтануға және сусын алып кіруге болмайды | экспонаттарды ұстауға болмайды | телефонмен сөйлесуге болмайды | шулауға, қатты сөйлесуге болмайды |

**3. Мәтінде қай сурет туралы айтылды?**
Про какое изображение было сказано в тексте?












**4. Ақпаратты анықтаңыз.**
Определите информацию.

| | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---|---|---|
| 1) Қоғамдық орындарда арнайы тәртіп бар. | ☐ | ☐ |
| 2) Әр елдің өзіндік тәртіптері жоқ. | ☐ | ☐ |
| 3) Мұражайда суретке түсіруге болады. | ☐ | ☐ |
| 4) Мұражайда телефонмен сөйлесуге болады. | ☐ | ☐ |
| 5) Ережелер тәртіпті сақтау үшін керек. | ☐ | ☐ |

**5. Сәйкестендіріңіз.**
Соедините.

| | |
|---|---|
| Қоғамдық орындарда | адамдардың мазасын алуға болмайды |
| Қоғамдық орындарда | тамақ беруге болмайды. |
| Құстарға | балық аулауға рұқсат етілмейді. |
| Өзендерде | ортақ тәртіп бар. |
| Басқа адамның | ескертулерді көресіз. |
| Мұражайлардан | Wi-fi жүйесіне қосылуға болмайды. |

**6. Оқыңыз. Артық сөйлемді табыңыз.**
Прочитайте. Найдите не соответствующее предложение.

Қоғамдық орындарда барлық мемлекеттерге ортақ тәртіптер бар. Мысалы, қоғамдық орындарда қатты дауыстап ән айтуға рұқсат етілмейді. Қоғамдық орындарда адамдар өздерін еркін сезіну керек, сондықтан ескертулер болмау керек.

**7. Жауап беріңіз.**
Ответьте.



1. Синагапурде қоғамдық орындарда не істеуге болмайды?
2. Италияда қайда тамақ жеуге болмайды?
3. Қай қалада көгершіндерге тамақ беруге болмайды?
4. Қазақстанда қайда суретке түсіруге болмайды?
5. Араб әмірліктерінде қоғамдық орында неге тыйым салынады?
6. Барселонада не рұқсат етілмейді?

**8. Есте сақтаңыз!**
Запомните!

БОЛМАЙДЫ | ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ | РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

«-уға болады/болмайды 283-бет

Осы көшемен сол жаққа бұрылуға болады.
Театрда спектакль жүріп жатқанда телефонмен сөйлесуге және бейнетаспаға түсіруге болмайды.

283 стр.

**2. 197-беттегі мәтіннен «-уға болмайды» құрылымдарын тауып оқыңыз.**
Найдите и прочитайте из текста на стр. 197 конструкции «-уға болмайды».

**3. Тиісті қосымшаны жалғаңыз.**
Добавьте окончание.

*-ға/-ге*

1. қатты сөйлеу*ге*
2. суретке түсіру_____
3. кітап оқу_____
4. тамақ ішу_____
5. балық аулау_____
6. қатты сөйлеу_____
7. шылым шегу_____
8. айғайлау_____
9. қоқыс тастау_____
10. ән айту_____

**4. Жазыңыз.**
Напишите.

***Не істеуге болмайды?***



1. ______________________________
2. ______________________________
3. ______________________________
4. ______________________________
5. ______________________________
6. ______________________________
7. ______________________________
8. ______________________________
9. ______________________________
10. ______________________________

**5. Жауап жазыңыз.**
Напишите ответ.



– Көлікті қоюға бола ма?

– ______________________________



– Бұл көшемен солға бұрылуға бола ма?

– ______________________________



– Бұл көшемен кері бұрылуға бола ма?

– ______________________________



– Бұл көшемен оңға бұрылуға бола ма?

– ______________________________



– Суретке түсіруге бола ма?

– ______________________________



– Бұл саябақта велосипед тебуге бола ма?

– ______________________________



– Жолдан өтуге  бола ма?

– ______________________________

**6. Диалог құраңыз. Кестені пайдаланыңыз.**
Составьте диалог. Используйте таблицу.

***Үлгі:*** *– Бұл саябақта итпен қыдыруға бола ма?*
*– Иә, болады.*

| Рұқсат етілген | Тыйым салынған | Болады |
|---|---|---|
| - итпен қыдыру | - суға түсу | - суретке түсіру |
| - футбол ойнау | - аңдарға тамақ беру | - телефонмен сөйлесу |
| - тамақ ішу | - шылым шегу | - жүгіру |

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Оқыңыз.**
Прочитайте.

Құрметті қала тұрғындары және қала қонақтары!

Ауа температурасының төмендеуіне байланысты қаңтардың 24-25 күндері қалааралық тас жолдар жабық. Ескерту: осы күндері жеке немесе қоғамдық көлікпен жолға шығуға болмайтынын ескертеміз!

Қала әкімшілігі

**2. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

*Сіз ұялы телефоныңызға қандай ескерту хабарламаларын аласыз?*

**3. Жазыңыз.**
Напишите.

Жақын арада алған хабарламаны жазыңыз

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Тыңдаңыз. Белгілеңіз.**
Прослушайте. Отметьте.

№40

***Мұражайда***

| | | рұқсат етілген | рұқсат етілмеген |
|---|---|---|---|
| МҰРАЖАЙДА | суретке түсіруге | ◯ | ◯ |
| | экспонаттарды қолмен ұстауға | ◯ | ◯ |
| | су алып кіруге | ◯ | ◯ |
| | қызыл белдіктен асуға | ◯ | ◯ |
| | қатты сөйлеуге | ◯ | ◯ |
| | тамақ алып кіруге | ◯ | ◯ |
| | экспонаттарды кейбір залдарда суретке түсіруге | ◯ | ◯ |

**2. Тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.**
Прослушайте. Дополните пропуски.

№41

Ол үнемі өзінің жалғыз емес екенін есте ________________ Өзін басқа адамдарға кедергі келтірмейтіндей ________________. Біреумен сөйлесіп тұрып сағыз ________________. Шайнаған сағызын жерге ________________ немесе үстелге, орындыққа, қабырғаға ________________. Үлкен кісіге жол ________________. Қоғамдық көлікте үлкендер мен балалы әйелдерді өткізіп ________________, оларға орын береді. Автобустан шығарда алдындағы кісілерді итермей, өткізіп жіберуді ________________. Көліктен түсерде қарттар мен балалы әйелдерге ________________. Біреудің аяғын басып кетсе кешірім ________________, ал егер өзінің аяғын басып кетсе, ашуланбайды. Кәмпиттің немесе сағыздың қағазын т. б. заттарды жерге немесе ________________ салғыштың сыртына лақтыра салмайды.

Көшені тек рұқсат етілген жерден не бағдаршамның жасыл түсіне кесіп өтеді.

**3. Жазыңыз.**
Напишите.

| Қоғамдық орындарда | |
|---|---|
| не істеуге болады? | не істеуге болмайды? |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |

## СӨЙЛЕСІМ

**1. Сіз – мұғалімсіз. Оқушыларға сынып және мектептің тәртібі туралы айтып беруіңіз керек. Сөздерді пайдаланыңыз.**
Вы – учитель. Расскажите ученикам о правилах школы и класса. Используйте слова.

- қол көтеру
- рұқсат сұрау
- сабақта ұйықтамау
- мектеп дәліздерінде жүгірмеу
- сабақтан кешікпеу
- сабақтан қалмау
- мектеп формасын кию
- сабақ айтқанда қатты сөйлеу
- сағыз шайнамау
- жаман сөздер айтпау

## ЖАЗЫЛЫМ

**1. Ойыңызды жазыңыз. Сөздерді пайдаланыңыз.**
Напишите свое мнение. Используйте словосочетания.

*Қоғамдық орындарда тәртіп сақтаудың маңыздылығы*

| | | | |
|---|---|---|---|
| *Менің ойымша* | *Біріншіден* | *есте сақтау* | *сабырлы болу* |
| *басқа адамдарды сыйлау* | *содан кейін* | *өзін-өзі ұстау* | *көпшілік ортада* |

# XI
# БӨЛІМ

## БІРІНШІ САБАҚ

ӨМІРБАЯН

«соң, кейін»

## ЕКІНШІ САБАҚ

ЖЕКЕ ІС ПАРАҒЫ

Шығыс септік

# 1 - САБАҚ ӨМІРБАЯН

**1. 300-беттегі сөздермен танысыңыз.**
Ознакомьтесь со словами на странице 300.

**2. Оқыңыз.**
Прочитайте.

*Қоғамдық орындарда адам өзін қалай ұстау керек?*

Кеше саябақта бір топ жас айғайлап өлең айтып жүрді. Бір үлкен кісі ескерту жасап еді. Олар оны тыңдаған да жоқ. Жастар үшін ұялдым...

| | | |
|---|---|---|
| *Оның несі ұят? Ол саябақ қой, ол жерге адамдар демалу, көңіл көтеру үшін барады.* | *Ондай жастар бар, бірақ бәрі емес деп ойлаймын. Ондай орындарда басқа адамдарды да ойлау керек.* | *Дұрыс айтасың, қазіргі кезде жастар емес, кейбір ересек адамдар да қоғамдық орында өздерін ұстай алмайды.* |

**3. Сәйкестендіріңіз**
Соедините.

| | |
|---|---|
| университетті аяқтау | қызмет істеу |
| колледжді аяқтау | аяқтау |
| дүниеге келген жер | түсу |
| оқу | орта білім алу |
| бітіру | грамоталар алу |
| жұмыс істеу | жоғары білім алу |
| жоғары оқу орны | туған жер |
| қабылдану | тілде сөйлеу |
| жұмысқа тұру | жұмысқа орналасу |
| тілді білу | білім алу |
| марапат | университет |

**4. Етістіктерді өткен шақта жазыңыз.**
Напишите глаголы в прошедшей форме.

| | | |
|---|---|---|
| *ОЛ* | университетті аяқтау | *университетті аяқтады* |
| | дүниеге келу | |
| | оқу | |
| | бітіру | |
| | жұмыс істеу | |
| | қабылдану | |
| | жұмысқа тұру | |

XI БӨЛІМ

**5. Асқар туралы айтып беріңіз.**
Расскажите про Аскара.

*Үйленген, екі баласы бар*

*1979 жыл, 4 қараша, дүниеге келу*

*2003 жыл, «Қазбілім» компаниясы жұмыс*

*1985 жыл, бірінші сынып*



*2001-2003 жыл, магистратура*

*1997 жыл, мектепті аяқтау*

*Қазақ, орыс, ағылшын тілдері*

*1997 жыл, 1 курс, қабылдану*

*2001 жыл, университет аяқтау*

**6. Жауап алыңыз.**
Задайте вопросы и напишите.

Сіздің аты-жөніңіз кім? ____________________
Қай жылы дүниеге келдіңіз? ____________________
Қай айда және қай күні дүниеге келдіңіз? ____________________
Қай жерде дүниеге келдіңіз? ____________________
Қай жылы мектепке бардыңыз? ____________________
Қай жылы мектепті аяқтадыңыз? ____________________
Қай жылы университетке түстіңіз? ____________________
Қай жылы университетті аяқтадыңыз? ____________________
Қай жылы жұмысқа орналастыңыз? ____________________
Қандай тілдерді білесіз? ____________________
Сүйікті ісіңіз қандай? ____________________

**Есте сақтаңыз!**
Запомните!

Өмірбаян құрылымы
- Туған жылы, күні, айы туралы ақпарат
- Туған жері туралы ақпарат
- Білімі туралы ақпарат: орта, жоғары
- Жұмысы туралы ақпарат
- Отбасы туралы ақпарат
- Қосымша ақпарат

**7. Белгілеңіз.**
Отметьте.

*Өмірбаянға қажет ақпарат*

- [ ] жыл
- [ ] ай
- [ ] күн
- [ ] жұмыс
- [ ] тәжірибе
- [ ] мектеп
- [ ] университет
- [ ] мекенжай
- [ ] спорт
- [ ] марапаттаулар
- [ ] отбасы
- [ ] ауыл, аудан, қала
- [ ] әуес іс
- [ ] тілдерді білу

## ОҚЫЛЫМ

**1. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

*Өмірбаян қай кезде жазылады?*

- оқуға түсу кезінде
- жаңа жұмысқа орналасу кезінде
- басқа қалаға, елге көшу кезінде

**2. Оқыңыз.**
Прочитайте.

*Өмірбаян*

Мен, Қарабаев Ержан Қаленұлы, 1979 жылы 4 қарашада Алматы облысы, Қарасай ауданы, Сүмбе ауылында тудым. Әкем – Қарабаев Қален, зейнеткер, анам – Жүнісова Бақыт, мектепте мұғалім болып жұмыс істейді.

1986 жылы Сүмбе орта мектебіне 1 сыныпқа қабылдандым. 1997 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Абай атындағы мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түстім. 2001 жылы университетті аяқтаған соң Алматы қаласындағы №2 орта мектепке мұғалім болып жұмысқа орналастым. 2005 жылдан бірлестік жетекшісі болып қызмет істедім. 2007 жылы кандитаттық диссертациямды қорғадым.

Үйленгенмін. Жұбайым – Нұрымова Лаура Азаматқызы. 1981 жылы туған, «Сапар» жекеменшік компаниясында бас маман болып жұмыс істейді. Екі балам бар: ұлым – Қарабаев Азамат Ержанұлы 7 сыныпта, қызым – Қарабаева Жанар Ержанқызы 5 сыныпта оқиды.

Мекенжайым: Астана қаласы, Иманов көшесі, 67-үй, 12-пәтер.

**3. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Ответьте на вопросы.

1. Ержан қай жылы дүниеге келген?
2. Ол қайда дүниеге келген?
3. Оның ата-анасы кімдер?
4. Ол қай жылы және қандай мектепке барды?
5. Мектепті қай жылы аяқтады?
6. Ол қай жылы қандай университетке оқуға түсті?
7. Ол қайда кім болып жұмыс істеді?
8. Ол қай жылы диссертация қорғады?
9. Оның жұбайының аты кім? Ол кім болып жұмыс істейді?
10. Оның балалары нешінші сыныпта оқиды?



**4. Өмірбаян мазмұны бойынша ретін көрсетіңіз.**
Отметьте по порядку по автобиографии.

| | |
|---|---|
| *1* | Туған жылы, айы күні |
| | Білімі туралы ақпарат |
| | Отбасы туралы ақпарат |
| | Ата-анасы туралы ақпарат |
| | Жұмысы туралы ақпарат |
| | Туған жері туралы ақпарат |

**5. Оқыңыз.**
Прочитайте.

Мен, Беріков Самат Қуандықұлы, 1986 жылы 10 тамызда Алматы облысы, Іле ауданы, Қосшы ауылында тудым. Ұлтым – қазақ.

1992 жылы Қосшы орта мектебіне 1 сыныпқа қабылдандым. 2003 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Қаныш Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университетінің мұнай-газ факультетіне оқуға түстім. 2008 жылы университетті аяқтаған соң Атырау қаласындағы «АтырауМұнай» компаниясына инженер болып жұмысқа орналастым. 2010 жылы сол компанияда бас инженер болдым, 2013 жылы инженерлер бөлімін басқардым.

Үйленгенмін. Жұбайым –Қайырбекова Айгүл Қуанышқызы. 1982 жылы туған, №3 орта мектепте информатика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. Екі балам бар: үлкен ұлым – Беріков Қанат Саматұлы 5 сыныпта, кіші ұлым – Беріков Санжар Саматұлы 2 сыныпта оқиды. Екі ұлым да оқу озаты.

Өзім туралы қосымша мәліметтер:

2011 жылы Атырау қаласы әкімдігінің алғысхатымен марапатталдым. 2013 жылы Халықаралық мұнай-газ компаниясының грантын жеңіп алдым. Грант бойынша шетелде екі жыл зерттеу жұмыстарымен айналыстым. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгергенмін. Әуес ісім – кітап оқу, велоспортпен айналысамын. Әскери міндеттімін. Запастағы лейтенантпын.

Мекенжайым: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 78-үй, 2-пәтер. Үй телефоным: 2-56-87-98, ұялы телефон нөмірім – 87773253907.

**6. Ақпаратты анықтаңыз.**
Определите информацию.

| Реті | Ақпарат | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|---|
| 1. | Самат 1986 жылы 15 тамызда дүниеге келген. | | |
| 2. | Ол Алматы облысы, Іле ауданында туған. | | |
| 3. | 1994 жылы 1 сыныпқа қабылданды. | | |
| 4. | 2008 жылы университетті аяқтады. | | |
| 5. | Оқуды аяқтаған соң жұмысқа орналаспады. | | |
| 6. | 2010 жылы бас инженер болды. | | |
| 7. | Оның үш ұлы бар. | | |
| 8. | 2011 жылы Атырау қаласы әкімдігінің алғыс хатымен марапатталды. | | |
| 9. | Екі жыл Қазақстанда зерттеу жұмыстарымен айналысты. | | |
| 10. | Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерген. | | |

**7. Екі өмірбаянды салыстырыңыз. Жазыңыз.**
Сравните автобиографии. Напишите.

***Үлгі:*** *Ержанның өмірбаянында марапаттаулары жоқ, ал Саматтың өмірбаянында бар.*

______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________

## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

| «соң, кейін» | 284-бет |
|---|---|
| Мектепті аяқтаған соң университетке түстім.<br>Жұмысқа орналасқаннан кейін грант жеңіп алдым. | 284 стр. |

**2. Тиісті жалғауды жалғаңыз.**
Добавьте нужные окончания.

| | | |
|---|---|---|
| түс*кен*___ | орналасу______ | *-ған* |
| бітіру______ | жеңіп алу______ | *-ген* |
| аяқтау______ | болу______ | *-қан* |
| қабылдау______ | қатысу______ | *-кен* |
| мектеп______ | университет______ | *-дан* |
| жұмыс______ | жыл______ | *-ден* |
| үйірме______ | спорт______ | *-тан* |
| | | *-тен* |

**3. Тиісті сөзді жазыңыз.**
Дополните пропуски.

| | | |
|---|---|---|
| барған __*соң*__ | жазған ______ | *соң* |
| алғаннан ______ | келгеннен ______ | *кейін* |
| аяқтаған ______ | тыңдағаннан ______ | |
| көргеннен ______ | қатысқан ______ | |

XI БӨЛІМ

**4. Тиісті формада жазыңыз.**
Напишите в нужной форме.

1. Мен Алматыға келгеннен кейін ағылшын тілін үйрендім. (*келу/кейін*)
2. Ол ______________ ______________ оқуға түсті. (*әскер/кейін*)
3. Олар ______________ ______________ хаттамаға қол қойды. (*жиналыс/соң*)
4. Студенттер факультетке ______________ ______________ студенттік билет алады. (*қабылдану/кейін*)
5. Мен жазғы ______________ ______________ туған жеріме барамын. (*демалыс/соң*)
6. Театр орталық концерт ______________ ______________ орналасқан. (*залы/кейін*)
7. Мен мектеп ______________ ______________ университетке түсе алмадым. (*бітіру/кейін*)

**Өткен шақты еске түсіріңіз**

**5. Тиісті сөзді қойыңыз.**
Напишите нужную слову.

*Мен, сіз, ол, сен, олар, сендер, біз, сіздер*

| | | | |
|---|---|---|---|
| ________ | аяқтадым | ________ | аяқтадық |
| ________ | аяқтадың | ________ | аяқтадыңдар |
| ________ | аяқтадыңыз | ________ | аяқтадыңыздар |
| ________ | ол аяқтады | ________ | аяқтады |

**6. Сұрақ жазыңыз. Досыңызға қойыңыз.**
Составьте вопросы. Задайте другу.

| | |
|---|---|
| Сіз қашан мектепке бару | *Сіз қашан мектепке бардыңыз?* |
| Сен қайда дүниеге келу | ______________________ |
| Сіз қай жылы мектепке бару | ______________________ |
| Сен мектепті қашан бітіру | ______________________ |
| Сіз қашан университетке түсу | ______________________ |
| Сен қай университетте оқу | ______________________ |
| Сіз қандай факультетте оқу | ______________________ |
| Сен қандай тілдер білу | ______________________ |
| Сіз қайда жұмыс бастау | ______________________ |
| Сен қайда жұмыс істеу | ______________________ |
| Сіз кім болып жұмыс істеу | ______________________ |

**7. Өзіңіз туралы ақпаратты толықтырыңыз.**
Дополните информацию про себя.

***Үлгі:*** Мен *1986* жылы *дүниеге* *келдім*.

1. Мен ________________ жылы 1 сыныпқа ________________.
2. ________________ жылы мектепті ________________.
3. Университетке ________________ жылы ________________.
4. Мен ________________ факультетінде ________________.
5. Университетті ________________ жылы ________________.
6. Жұмысқа ________________ жылы ________________.

XI БӨЛІМ

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Тиісті сөзді қойыңыз.**
Дополните нужными словами.

басыңыз | ақпарат | туралы | үшін | алу
байланысу | басыңыз | қоңырау | ақпарат алу

1. Сәлеметсіз бе! Сіз «Қазақ» банкіне ____________________ шалдыңыз.
2. Қазақ тілінде ____________________ үшін «1»-ді басыңыз.
3. Депозиттер ____________________ ақпарат алу үшін «4»-ті ____________________.
4. Ипотека туралы ақпарат алу ____________________ «5»-ті басыңыз.
5. Төлем карточкалары туралы ____________________ алу үшін «6»-ны басыңыз.
6. Несие туралы ақпарат алу үшін «7»-ні ____________________.
7. Оператормен ____________________ үшін «0»-ді басыңыз.

**2. Оқыңыз.**
Прочитайте.

Өмірбаян – жеке тұлғаға қатысты құжат. Ол еркін формада жазылады. Өмірбаян әдетте, адам оқуға түскенде және жұмысқа орналасқанда жазылатын ресми құжат. Өмірбаян кадрлар бөліміне өткізіледі. Ер адамдар әскерге барар кезде өмірбаян жазылады.

**3. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

1. Өмірбаян қандай құжат?
2. Ол қалай жазылады?
3. Өмірбаян қашан жазылады?
4. Ол қайда өткізіледі?
5. Ер адамдар қандай кезде өмірбаян жазады?



XI БӨЛІМ

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.**
Прослушайте. Дополните пропуски.

№42

**Өмірбаян**

Мен, Понарин Александр Иванович, ______________ жылы 4 наурызда Алматы қаласы Медеу ауданында ______________ келдім. Ұлтым – ______________. Қазақстан Республикасының ______________ Әкем Понарин Иван Алматы ______________ салық комитетінде бас маман болып жұмыс істейді. Анам Анна Викторовна жекеменшік фирмада есепші болып жұмыс істейді.

1990 жылы Алматы қаласындағы №3 орыс орта мектебіне бірінші сыныпқа ______________. 1999 жылы ата-анам Астана қаласына жұмыс бабымен ауысты. Сол себепті 2001 жылы Астана қаласындағы №5 лицейді ______________.

2001 жылы Астана қаласындағы Еуразия ұлттық университетінің экономика факультетіне оқуға ______________. Университетті 2006 жылы бітірдім. Сол жылы аталған университеттің магистратурасына ______________. Магистратураны 2008 жылы ______________. Мамандығым – экономист-есепші.

Отбасылық жағдайым: ______________. Әскери қызметке міндеттімін. Запастағы лейтенантпын.

Қазақ,орыс, ағылшын тілдерін жетік ______________. Қазақ және ағылшын тілінен жоғары деңгейді растайтын ______________ бар. Әуес ісім – спортпен айналысу, каратэден қара белдік иегерімін.

Мекенжайым: Астана қаласы, Республика даңғылы, 62-үй, 20-пәтер. Байланыс телефондарым: 87026859878, үй телефоным: 2-96-65-98

**1. Қайта тыңдаңыз. Жазған сөздеріңізбен сұрақ дайындаңыз. Досыңызға қойыңыз.**
Прослушайте еще раз. Составьте вопросы те словами которые написали. Задайте другу.

№42

## СӨЙЛЕСІМ

**1. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

1. Өмірбаянның қандай бөліктері бар?
2. Өмірбаян қай жақта және қай шақта жазылады?
3. Өмірбаян не үшін жазылады?
4. Сіз қашан соңғы рет өмірбаяныңызды жаздыңыз.



## ЖАЗЫЛЫМ

Өз өмірбаяныңызды жазыңыз.
Напишите свою автобиографию.

XI БӨЛІМ

# 2 - САБАҚ

## ЖЕКЕ ІС ПАРАҒЫ

**1. 301-беттегі сөздермен танысыңыз.**
Ознакомьтесь со словами на странице 301.

**2. Белгілеңіз.**
Отметьте.

*Өмірбаянда қандай ақпарат болу керек?*

- ☐ туған жылы, айы, күні
- ☐ әуес ісі
- ☐ достары
- ☐ білімі
- ☐ жақсы көретін тағамы
- ☐ отбасы
- ☐ жұмыс орны
- ☐ тұратын қаласы
- ☐ азаматтығы
- ☐ ұлты
- ☐ тілді білуі
- ☐ мекенжайы
- ☐ байланыс телефоны
- ☐ тәжірибесі
- ☐ марапаттаулар
- ☐ жетістіктері

**3. Сөз тіркесін жасаңыз.**
Составьте словосочетания.

| | | |
|---|---|---|
| еңбек ☐ | ☐ күні | *толтырылған күні* |
| негізгі ☐ | ☐ қолы | ________________ |
| жоғары ☐ | ☐ өтілі | ________________ |
| диплом бойынша ☐ | ☐ жағдайы | ________________ |
| куәліктің ☐ | ☐ қызметі | ________________ |
| жұмыс ☐ | ☐ білім | ________________ |
| отбасы ☐ | ☐ мамандығы | ________________ |
| жеке ☐ | ☐ нөмірі | ________________ |
| толтырылған ☐ | ☐ тәжірибесі | ________________ |
| жеке ☐ | ☐ іс парағы | ________________ |

**4. Тиісті сөздерді жазыңыз.**
Дополните пропуски.

жеке | негізгі | жұмыс | жоғары | еңбек | төлқұжат | бойынша | жеке

Менің ________________ қызметім – аудармашы.
Оның екі ________________ білімі бар.
Менің диплом ________________ мамандығым – экономист.
Мен кеше ________________ іс-парағымды толтырдым.
Оның ________________ нөмірі № 789295801

Оның ________________ тәжірибесі жоқ екен.

Менің ________________ өтілім – 15 жыл.

Жеке іс парағына ............................ қол қажет.

**5. Айбек туралы сұраққа жауап беріңіз.**
Ответьте на вопросы про Айбека.

*экономист*

*Екі университет*

*№78986596*



*15 жыл жұмыс істеу*

*Кәсіби маман /тәжірибелі/*

*Жеке іс парағын толтыру*

*Диплом бойынша есепші-экономист*

*Үйленген*

1. Оның негізгі қызметі қандай?
2. Оның білімі қандай?
3. Асқардың еңбек өтілі неше жыл?
4. Асқардың жұмыс тәжірибесі бар ма?
5. Оның диплом бойынша мамандығы қандай?
6. Отбасы жағдайы қандай?
7. Оның төлқұжатының нөмірі қандай?
8. Ол жеке іс парағын толтырды ма?

**6. Жауап беріңіз.**
Ответьте на вопросы.

| | **Менің университетім** |
|---|---|
| 1. Сіз қай унверситетте білім алдыңыз?<br>2. Университет қайда орналасқан?<br>3. Қай жылы бірінші курсқа қабылдандыңыз?<br>4. Қай жылы аяқтадыңыз?<br>5. Қай факультетте оқыдыңыз?<br>6. Қандай мамандық алдыңыз? | студент<br>реферат<br>сессия<br>жатақхана<br>достар |

| | **Менің жұмысым** |
|---|---|
| 1. Ең бірінші жұмыс істеген мекемеңіз?<br>2. Кім болып жұмыс істедіңіз?<br>3. Қандай бөлімде жұмыс істедіңіз?<br>4. Негізгі қызметіңіз қандай болды?<br>5. Қосымша жұмыс істедіңіз бе? | әріптестер<br>құжаттар<br>жиналыстар<br>хаттар |

**7. Топтық жұмыс.**
Работа в группе

*Студент болған кез бен жұмыс істеген кез.*
*Қызықтары мен қиындықтары*

## ОҚЫЛЫМ

**1. Оқыңыз.**
Прочитайте.

Кадрлар жөніндегі жеке іс парағы – жұмысқа қабылдану, сондай-ақ ұйымдар, мекемелер мен ведомстволар талап еткен жағдайларда толтырылады. Ол – арнаулы бланк түріндегі ресми құжат. Жеке іс парағында көрсетілетін мәліметтер еңбек кітапшасында, өмірбаянда берілетін мәліметтермен дәлме-дәл сәйкес жазылады. Жеке адамның азаматтық хал-жағдайы, кәсібі мен мамандығы, қоғамдық қызметі мен еңбек жолы толық көрсетіледі.

**2. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

1. Жеке іс парағы қашан жазылады?
2. Ол қандай құжат?
3. Жеке іс парағындағы мәліметтер қай құжаттармен сәйкес болу керек?
4. Жеке іс парағында қандай ақпарат толық көрсетіледі?

**3. Оқыңыз.**
Прочитайте.

**Жеке іс парағы**

| | |
|---|---|
| 1. Тегі: | *Жұмабеков* |
| Аты: | *Азамат* |
| Әкесінің аты: | *Қалайбердіұлы* |
| 2. Жынысы (Е/Ә): | Ер [√] Әйел [ ] |
| 3. Туған мерзімі: | *4. 11. 1977 жыл* |
| 4. Туған жері: | *Сүмбе ауылы, Іле ауданы, Алматы облысы,* (ауыл, аудан, қала, облыс, республика) |
| 5. Ұлты: | *қазақ* |
| 6. Білімі: | *жоғары* |

XI БӨЛІМ

| Оқу орнының атауы, орналасқан жері | Түскен жылы | Аяқтаған немесе кеткен жылы | Егер аяқталмаса, қай курстан кетті | Қандай мамандық бойынша оқыды | Қандай біліктілік алып шықты, диплом немесе куәлік нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|
| *Абай атындағы Алматы педагогикалық университеті* | *1997* | *2001* | | *филология* | *қазақ тілі мен әдебиеті* |

7. Қандай шет тілдерін және ТМД елдері тілдерін білесіз: *қазақ тілі – ана тілім, орыс тілі – еркін, ағылшын тілі – сөздікпен*
(оқи аласыз және сөздікпен аудара аласыз, оқисыз және қарым-қатынас жасай аласыз, еркін меңгергенсіз)

8. Ғылыми дәрежеңіз және атағыңыз: *жоқ*

9. Қандай ғылыми еңбектеріңіз бар: *жоқ*

10. Жұмыс тәжірибеңіз жайлы мәлімет: ____________
(әскери қызмет, қосымша жұмыстарды қоса алғанда)

(бұл бөлімді толтырғанда мекеме атаулары сол кездегі атымен жазылады)

| Ай, жыл | | Мекеме атауы, атқарған қызметі | Мекеменің орналасқан жері, мекенжайы |
|---|---|---|---|
| орналасқан уақыты | кеткен уақыты | | |
| *2001* | *2005* | *№ 2 орта мектеп, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі* | *Алматы қаласы, Жеңіс даңғылы, 50* |
| *2005* | *2010* | *№ 5 орта мектеп, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі* | *Алматы қаласы, Достық даңғылы, 12* |

11. Қандай мемлекеттік марапаттарыңыз бар: *Қала әкімінің құрмет грамотасы, 2009 жыл*
(жылы, немен марапатталдыңыз)

12. Әскери міндетке қатысыңыз және атағыңыз: *запастағы майор*

Құрамы: *командалық* Әскер түрі: *жаяу әскер*
(командалық, саяси, әкімшілік, техникалық)

13. Отбасы жағдайыңыз. Жеке іс парағын толтыру кезіндегі жағдайды жазыңыз: *үйленгенмін, Жұбайым – Нұрымова Рита, 1980 ж. Ұлым – Жұмабеков Асқар Азаматұлы, 2005 ж.*
(отбасы мүшелерінің аты-жөнін, туған жылын көрсетіңіз)

14. Мекенжайыңыз, байланыс телефондарыңыз: *Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 15 үй, 6-пәтер. 87026805508*

15. Толтырылған күні, айы, жылы: *«15» тамыз «2010» жыл*

16. Жеке қолы: ____________

(Қызметкер жеке өміріндегі, отбасындағы, жұмысындағы өзгерістерді енгізу үшін ақпарат беріп отыруға міндетті )

**4. Белгілеңіз.**
Отметьте.

*Жеке іс парағында қандай ақпарат болу керек?*

- [x] туған жылы, айы, күні, аты-жөні
- [ ] әуес ісі
- [ ] жынысы
- [ ] білімі
- [ ] жақсы көретін тағамы
- [ ] отбасы
- [ ] жұмыс орны
- [ ] тұратын қаласы
- [ ] ғылыми дәреже, атағы
- [ ] қолы
- [ ] толтырылған күні
- [ ] азаматтығы
- [ ] ұлты
- [ ] тілді білуі
- [ ] мекенжайы
- [ ] байланыс телефоны
- [ ] жұмыс тәжірибесі
- [ ] марапаттаулар
- [ ] жетістіктері
- [ ] диплом тақырыбы
- [ ] әскерге қатысы
- [ ] мөр орны

**5. Реті бойынша нөмірлеңіз.**
Прономеруйте по порядку.

- [ ] отбасы жайлы ақпарат
- [ ] жұмысына қатысты ақпарат
- [ ] жеке басына қатысты ақпарат
- [ ] біліміне қатысты ақпарат
- [ ] байланысу үшін қажет ақпарат

**6. Жазыңыз.**
Напишите.

Жеке іс парағының құрылымы

| | |
|---|---|
| *Туған жылы, күні, айы туралы ақпарат* | |
| | |
| | |

**7. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

1. Азамат қай жылы, қай жерде дүниеге келді?
3. Білімі қандай? Қай университетте оқыды? Мамандығы қандай?
4. Университетке қай жылы түсті және қай жылы бітірді?
5. Қандай тілдерде сөйлейді? Қандай дәрежеде?
6. Ғылыми атағы және еңбектері бар ма?
7. Қайда және қашан жұмыс істеген?
8. Кім болып жұмыс істеген?
9. Қандай марапаттары бар?
10. Әскери міндетті ме?
11. Отбасы жағдайы қандай?
12. Қайда тұрады және байланыс телефоны?
13. Жек іс парағын қашан толтырды?



## ГРАММАТИКА

**1. Ережемен танысыңыз.**
Ознакомьтесь с правилом.

| Шығыс септік<br>Винительный падеж | 284-бет |
|---|---|
| Мен 2014 жылдан бері бас маман болып жұмыс істеймін.<br>Ол 2005-2010 жыл аралығында ғылыми қызметкер болды. | 284 стр. |

**Есте сақтаңыз!**
Запомните!

| | |
|---|---|
| Қашаннан бері? | 2015 жылдан бері |
| Қашан? | 2015-2016 жыл аралығында |

**2. Тиісті қосымшаны жалғаңыз.**
Добавьте окончание.

*-дан/-ден/-тан/-тен/-нан/-нен*

| | |
|---|---|
| 1. 2015 жыл*дан*____ | 6. өткен ай________ |
| 2. таңертең________ | 7. өткен аптада________ |
| 3. наурыз________ | 8. ғасыр________ |
| 4. ақпан________ | 9. университет________ |
| 5. түс________ | 10. мектеп________ |

**3. Тиісті сөзді қойыңыз.**
Дополните пропуски.

| бері | мектептен | өткен | таңертеңнен | жылдан | жылдан |
|---|---|---|---|---|---|

1. Мен 2015 ________________ бері Асқарды көрген жоқпын.
2. Олар ________________ бері жұмысқа келген жоқ.
3. Ол бұл жерде наурыздан ________________ жұмыс істемейді.
4. Мен Айдосты________________ бері көрмедім.
5. ________________айдан бері конференцияға дайындалып жүрмін.
6. Мен Алмасты он ________________ бері танимын. Ол – жақсы маман.

**4. Әсел туралы баяндаңыз.**
Расскажите про Асель.

*2012 жыл/ заңгер болып жұмыс істеу*

*Наурыз/ фитнес залға бару*

*Өткен апта/ демалыста*



*Өткен жыл/Астана/ бармау*

*2010 жылы тұрмыс құру*

*Былтыр/ кино бармау*

Әсел қашаннан бері
- демалыста?
- фитнес залға барады?
- киноға барған жоқ?
- тұрмыста?
- Астанаға барған жоқ?
- жұмыс істейді?

**5. Өзіңіз туралы ақпарат беріңіз.**
Раскажите про себя.

**Сіз қашаннан бері:**

- шет елге барған жоқсыз?
- еңбек демалысын алған жоқсыз?
- жұмыс ауыстырған жоқсыз?
- киноға барған жоқсыз?
- сыныптастарыңызды көрген жоқсыз?
- тауға шыққан жоқсыз?



**6. Арман туралы ақпаратты жазыңыз.**

Напишите информацию про Армана.

*2010-2014 университет*

*2015-2016 «Қазбілім» маман*

*2016, наурыз-сәуір курсқа қатысу*



*2016, мамыр-маусым, іс сапар*

*Сағат 09:00-10:00 жиналыс*

*Қазан-қараша, еңбек демалысы*

1. Арман 2010-2014 жылдар аралығында Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінде оқыды.
2. ______________________________
3. ______________________________
4. ______________________________
5. ______________________________

**7. Өзіңіз туралы ақпарат беріңіз.**

Дайте информацию про себя.

1. Сіз қай жылдары университетте оқыдыңыз?
2. Еңбек демалысында қашан болдыңыз?
3. Қашан курстарға бардыңыз?
4. Қашан іссапарда болдыңыз?

## АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

**1. Оқыңыз.**

Прочитайте.

| Өмірбаян | Жеке іс парағы |
|---|---|
| Еркін формада жазылады. Арнайы бланкі жоқ. Жұмысқа қабылдау кезінде жазылады. | Арнайы бланкіге жазылады. Нақты ақпарат жазылады. Жұмысқа қабылдау кезінде жазылады. |

**Есте сақтаңыз!**
Запомните!

*Өмірбаян, жеке іс парағы адамның өз қолымен толтырылады.*

**2. Жауап беріңіз.**
Ответьте.

1. Екі құжаттың қандай ұқсастықтары бар?
2. Қандай айырмашылықтары бар?

## ТЫҢДАЛЫМ

**1. Тыңдаңыз. Толтырыңыз.**
Прослушайте. Заполните.

№43

**Кадр есебі жөніндегі жеке**
**ІС ПАРАҒЫ**

1. Тегі: ____________________

   Аты: ____________________

   Әкесінің аты: ____________________

2. Жынысы (Е/Ә): ____________________

3. Туған күні, айы және жылы: ____________________

4. Туған жері: ____________________
(село, ауыл, қала, облыс, республика)

5. Ұлты:

6. Білімі:

| Оқу орнының атауы, орналасқан жері | Түскен жылы | Аяқтаған немесе кеткен жылы | Егер аяқталмаса, қай курстан кетті | Қандай мамандық бойынша оқыды | Қандай біліктілік алып шықты, диплом немесе куәлік нөмірі |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

7. Қандай шет тілдерін және ТМД елдері тілдерін білесіз: ____________________
(оқи аласыз және сөздікпен аудара аласыз, оқисыз және қарым-қатынас жасай аласыз, еркін меңгергенсіз)

8. Ғылыми дәрежеңіз және атағыңыз: ____________________

9. Қандай ғылыми еңбектеріңіз бар: ____________________

10. Жұмыс тәжірибеңіз жайлы мәлімет: ____________________
(әскери қызмет, қосымша жұмыстарды қоса алғанда)

(бұл бөлімді толтырғанда мекеме атаулары сол кездегі атымен жазылады)

| Ай, жыл | | Мекеме атауы, атқарған қызметі | Мекеменің орналасқан жері, мекенжайы |
|---|---|---|---|
| орналасқан уақыты | кеткен уақыты | | |
| | | | |

| | |
|---|---|
| 11. Қандай мемлекеттік марапаттарыңыз бар: | ______ (жылы, немен марапатталдыңыз) |
| 12. Әскери міндетке қатысыңыз және атағыңыз: | ______ |
| | Құрамы: ______ Әскер түрі: ______ (командалық, саяси, әкімшілік, техникалық) |
| 13. Отбасы жағдайыңыз. Іс парағын толтыру кезіндегі жағдайды жазыңыз: | ______ ______ (отбасы мүшелерінің аты-жөнін, туған жылын көрсетіңіз) |
| 14. Мекенжайыңыз, байланыс телефондарыңыз: | ______ ______ |
| 15. Толтырылған күні, айы, жылы: | «____» ______ «20____» жыл |
| 16. Жеке қолы: | ______ |

(Қызметкер жеке өміріндегі, отбасындағы, жұмысындағы өзгерістерді енгізу үшін ақпарат беріп отыруға міндетті )

## СӨЙЛЕСІМ

**1. Топтық жұмыс. Сұрақтарға жауап беріңіздер.**

| Табыс септік | | |
|---|---|---|
| Жалғауы | *-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті* | *-ын, -ін, -н* |
| Жай септелу сұрақтары | *кімді? нені?* | |
| Тәуелді септелу сұрақтары | кімімді? кіміңді? кіміңізді? кімін? немді? неңді? неңізді? несін? | кітабы**н**<br>дәптеріңіз**ді**<br>домбырам**ды** |

**Тәуелденген сөз ілік септігіндегі сөзбен тіркеседі.**
Притяжательная форма слова сочетается со словом в Родительном падеже.

**Кейде ілік септігінің жалғауы жазылмайды.**
Иногда окончания родительного падежа опускаются.

**Табыс септігі объектіні білдіреді.**
Винительный падеж обозначает прямой объект, на который направлено действие.

**...-*дан* ...-*ға* дейін**
**от ... до ...**

**Шығыс септігі іс-қимылдың шыққан орнын, мезгілін, себебін білдіреді.**
Исходный падеж указывает на исходный пункт (во времени или пространстве), откуда начинается действие.

*Сабақ оқуды алты**дан** бастадым*

**Барыс септігі қимылдың бағытын, мақсатын, кейде мезгілін білдіреді.**
Дательный падеж обозначает направление, цель и время действия.

*Ол жұмысқа тоғызға дейін келеді.*

**Қолданылуы:** Употребление:

**1) Уақыт аралығын сипаттау кезінде:**
При обозначении промежутка времени:

**сан есім+Ш.с. сан есім +Б.с + дейін**

*Сағат алтыдан тоғызға дейін мен үйде болмаймын.* *(С шести до девяти меня не будет дома.)*

**2) Бір жер мен екінші жердің аралығын сипаттау кезінде:**
При обозначении пространства между определенными местностями:

Зат есім+тәуелдік жалғауының III жағы +ш.с.
зат есім +тәуелдік жалғауының III жағы +Б.с + дейін

*Қарасу ауылынан аудан орталығына дейін 20 километр.*
*(С села Карасу до районного центра 20 километров.)*

**...-*дан* ... *кетті***
**...-*ға* .... *қалды***

От ... ... минут ушло.
До ... ... минут осталось.

**Сағаттың неше болғанын білу үшін Шығыс септік *кетті* етістігімен тіркесіп, Барыс септігі *қалды* етістігімен тіркесіп қолданылады.**
Для того, чтобы узнать который час, используется в сочетании исходного падежа с глаголом кетті и в сочетании дательно-направительного падежа с глаголом қалды.

*Сағат екіден 10 минут кетті.*
*Сағат жетіге 5 минут қалды.*

**...-*дан* бері**
**начиная с ...**

**Белгілі бір уақыттан қазірге дейінгі аралықты көрсету үшін шығыс септік *бері* септеулігімен тіркесіп қолданылады.**
Для обозначения промежутка времени употребляется исходный падеж в сочетании со словом бері.

*«Саяхатшылар» туристік фирмасы 2001 жыл**дан** бері қызмет етеді.*
*(Туристическая фирма «Саяхатшылар» работает с 2001 года.)*
*Содан бері үш жыл өтті. (С тех пор прошло три года.)*

**-*ғанда* қосымшасы**
Аффикс -*ганда*

**Есімшенің *-ған, -ген, -қан, -кен* жұрнақтары өткен шақтың мағынасын береді.**

*Асханаға барғанда тамақты асықпай іш.*

**Есімшеде етістіктің де, есім сөздің де қасиеттері болғандықтан, олар жіктеледі, тәуелденеді және септеледі.**
**Есімшеге жатыс септігі жалғанғанда іс-әрекеттің, заттың немесе орындаушының мекенін, кеңістікте орналасқанын, уақытын білдіреді.**
Аффиксы причастия *-ған, -ген, -қан, -кен* передают значение прошедшего времени.
Поскольку причастия имеют и признаки прилагательного и признаки глагола, они склоняются по лицам в притяжательной форме.
Если к причастию присоединяется предложный падеж, он выражает место локализации предмета, лица, положение в пространстве и время, в котором они находятся.

*Сағат алтыдан он минут кет**кенде** саған телефон соғамын.*
*Сендер тауға шық**қанда** абай болыңдар.*

| IV БӨЛІМ | УАҚЫТТЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ |
|---|---|
| 2 САБАҚ | -сыз/-сіз болымсыз жұрнағы<br>Өз есімдігі.  Қалау рай |

## *-сыз/-сіз* болымсыз жұрнағы
### Отрицательный суффикс *-сыз/-сіз*

**Есім сөздердің түбіріне *-сыз/-сіз* болымсыз жұрнағы тікелей жалғанады.**
К окончаниям имен непосредственно присоединяются отрицательные аффиксы *-сыз/-сіз*.

*Біз кинотеатрға олар**сыз** бардық. (Мы пошли в кинотеатр без них.)*
*Ертең күн жел**сіз** болады. (Завтра будет безветренный день.)*
*Жасалуы. Образование: есім сөздер + -сыз, -сіз (Имена+ -сыз, -сіз)*

## Өз есімдігі
### Возвратное местоимение

**Өз есімдігі әрбір ұғымды, затты даралап бөліп көрсету үшін қолданылады.**
Возвратное местоимение употребляется для обозначения каждого отдельного понятия и предмета.

***Өзі** де кешігін қалды.*
*(Он и сам опоздал.)*

**Өздік есімдігіне өз және оның түрленген формалары жатады.**
К возвратному местоимению относятся местоимение өз и его производные.

*Мен **өзім** барамын. (Я сам пойду.)*
*Сен **өзің** барасың ба? (Ты сам пойдешь?)*

| | | |
|---|---|---|
| Өз есімдігі: | тәуелденеді | өзім |
| | көптеледі | өздері |
| | септеледі | өзінің |

**Тәуелденуі.**
Образование притяжательных форм:

| | |
|---|---|
| Менің өзім | Біздің өзіміз |
| Сенің өзің<br>Сіздің өзіңіз | Сендердің өздерің<br>Сіздердің өздеріңіз |
| Оның өзі | Олардың өздері |

**Септелуі.**
Склонение:

| септік | өзім | өзі |
|---|---|---|
| Атау | өзім | өзі |
| Ілік | өзімнің | өзінің |
| Барыс | өзіме | өзіне |
| Табыс | өзімді | өзін |
| Жатыс | өзімде | өзінде |
| Шығыс | өзімнен | өзінен |
| Көмектес | өзіммен | өзімен |

## Қалау рай
**Желательное наклонение**

**Қалау рай – қимыл, әрекетті іс иесінің қалайтынын, тілейтінін білдіретін етістік түрі.**
Желательное наклонение глагола выражает желание, намерение, стремление субъекта произвести действие.

*Менің театрға **барғым келді**. (Я хотел пойти в кино.)*
*Сенің не **істегің келеді**? (Что ты хотел сделать?)*

| мағынасы | жасалуы | мысалы |
|---|---|---|
| қимыл, әрекетті іс иесінің қалайтынын, тілейтінін білдіреді | Етістік +-ғы, -гі, -қы, -кі +тәуелдік жалғауы + кел | Менің оқығым келеді. |

**Тәуелденуі.**
Образование притяжательных форм:

| Жекеше (ед.ч.) |
|---|
| Менің оқы*ғы*м келді (келеді, келген, келіп отыр) |
| Сенің оқы*ғы*ң келді (келеді, келген, келіп отыр)<br>Сіздің оқы*ғы*ңыз келді (келеді, келген, келіп отыр) |
| Оның оқы*ғы*сы келді (келеді, келген, келіп отыр) |

| Көпше (мн.ч.) |
|---|
| Біздің оқы*ғы*мыз келді (келеді, келген, келіп отыр) |
| Сендердің оқы*ғы*ларың келді (келеді, келген, келіп отыр)<br>Сіздердің оқы*ғы*ларыңыз келді (келеді, келген, келіп отыр) |
| Олардың оқы*ғы*сы келді (келеді, келген, келіп отыр) |

**Жіктелуі.**
Образование личных форм:

| Жекеше (ед.ч.) | Көпше (мн.ч.) |
|---|---|
| Мен бар*са*м игі еді (барсам екен) | Біз бар*са*қ игі еді (барсақ екен) |
| Сен бар*са*ң игі еді (барсаң екен)<br>Сіз бар*са*ңыз игі еді (барсаңыз екен) | Сендер бар*са*ңдар игі еді (барсаңдар екен)<br>Сіздер бар*са*ңыздар игі еді (барсаңыздар екен) |
| Ол бар*са* игі еді (барса екен) | Олар бар*са* игі еді (барса екен) |

| V БӨЛІМ | ЕСІМДЕР СЫРЫ |
|---|---|
| 1 САБАҚ | Көптік жалғау. Туралы шылауы<br>Да/де/та/те жалғаулығы |

### Көптік жалғау (есімге қатысты)
**Окончание множественного числа (об именах)**

**Көптік жалғау жалқы есімге жалғанса, жинақтау, топтау мағынасын білдіреді.**
Если окончания множественного числа присоединяются к именам собственным, то они выражают значение совокупности и обобщения.

*Марат**тар** үйдің қасында отыр.* *(Марат (и его друзья) сидят около дома.)*
*Раушан**дар** киноға кетті.* *(Раушан (и ее знакомые, друзья) пошли в кино. )*

### *Да /де/та/те* жалғаулығы
**Союз *да /де/та/те***

**Ыңғайластық мәндегі жалғаулықтар.**
Соединительные союзы: әрі, да, де, та, те
*Оның **да** ұлты қазақ.* *(И он по национальности казах.)*
*Қонаевқа ескерткіш Шымкентте **де** , Алматыда **да** бар.*
(Памятник Конаеву есть и в Шымкенте, и в Алматы.)

Ыңғайластық мәндегі жалғаулықтар сөйлемнің бірыңғай мүшелерін, жай сөйлемдерді байланыстырады.
Соединительные союзы связывают однородные члены предложения, простые предложения.

**Бұл жалғаулықтар бөлек жазылады.**
Данные союзы пишутся раздельно.

### Туралы шылауы
**Служебное слово туралы**

Туралы шылауы атау септігімен тіркесіп қолданылады.
Служебное слово туралы употребляется с Именительным падежом.

*Бұл фильм кім туралы?*
*Олар ауа райы туралы сөйлесіп отыр.*

| V БӨЛІМ | ЕСІМІҢІЗ ҚАНДАЙ МАҒЫНА БЕРЕДІ? |
|---|---|
| 2 САБАҚ | -еке/-әке қосымшасы. -дай/-дей/... жұрнағы<br>Барлық, бәрі есімдіктері. ... деп ойлау |

**Барлық, бәрі есімдіктері**
**Местоимения барлық, бәрі**

Жалпылау есімдіктері – екі немесе одан да көп заттар мен құбылыстарды біріктіре, жинақтай айту үшін қолданылатын сөздер. Жалпылау есімдіктері: бәрі, барлық, барша, бар, бүкіл, бүтін, күллі, түгел. Олар жіктелмейді.
Собирательные местоимения – слова, использующиеся для обозначения совокупности предметов и явлений. Они не спрягаются.

*Бұл кинотеатрда барлық фильмдер қазақ тілінде өтеді.*
*Бұл кинотеатрда фильмдер**дің** бәрі қазақ тілінде өтеді.*
*Біз бәріміз тауға шығамыз. Біз барлығымыз қазақша сөйлейміз.*

**Тәуелденіп барып септеледі.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Атау | барлығы | бәрі | түгелі |
| Ілік | барлығының | бәрінің | түгелінің |
| Барыс | барлығына | бәріне | түгеліне |
| Табыс | барлығын | бәрін | түгелін |
| Жатыс | барлығында | бәрінде | түгелінде |
| Шығыс | барлығынан | бәрінен | түгелінен |
| Көмектес | барлығымен | бәрімен | түгелімен |

***деп ойлау, менің ойымша***

**«деп ойлаймын», «менің ойымша» құрылымдары сөйлеушінің ойға қатысты көзқарасын білдіреді.**
Сочетания «деп ойлаймын», «менің ойымша» выражают отношение говорящего происходящему.

*Бүгін жаңбыр жауады деп ойлаймын. (Я думаю, что сегодня пойдет дождь.)*

**«Менің ойымша» қыстырма сөзі сөйлем басында келсе, одан кейін үтір қойылады.**
Если сочетание «менің ойымша» употребляется в начале предложения, то после него ставится запятая.

*Менің ойымша, бұл өте тиімді әдіс. (По моему мнению, это очень эффективный метод.)*

***-еке/-әке* қосымшасы**
**Суффиксы *-еке/-әке***

***-еке/-әке* қосымшасы сыйлау немесе кішірейту, еркелету мақсатында кісі есімдеріне және кейбір зат есімдерге жалғанады.**

*Мысалы, бай – байеке, бастық – басеке, құда – құдеке.*

Суффиксы *-еке/-әке* присоединяются к собственным именам и к некоторым именам существительным и выражают уменьшительно-ласкательные и уважительные значения.

*Мәке, хал қалай?*
*Алло, Айеке, бұл мен ғой.*

**Жасалуы.** Образование:

| | |
|---|---|
| -ке(ң), -еке(ң), -е(ң)<br>-қа(ң), -ақа(ң), -а(ң) | Дүйсеке<br>Жездеке<br>Тоқаң |

***-дай/-дей* ... жұрнағы**
**Суффикс *-дай /-дей* ...**

**Есім сөзден туынды сын есім жасайтын жұрнақтар.**
Аффиксы образующие прилагательные от имен:

***-дай, -дей, -тай, -тей***

*Астанадай әдемі қала жоқ. (Нет города красивого как Астана)*

**Жасалуы.** Образование:

**Зат есім + -дай, -дей, -тай, -тей:**
**Сущ. + -дай, -дей, -тай, -тей**

*Ол баладай қуанды. (Он обрадовался как ребенок.)*

**Зат есім + тәуелдік жалғау +-дай, -дей, -тай, -тей:**
**Сущ. + притяжательность +-дай, -дей, -тай, -тей:**

*Сені інімдей көремін. (Я отношусь к тебе как к младшему брату.)*

VI БӨЛІМ

1 САБАҚ

# АДАМ КЕЛБЕТІ

...-дан кейін/соң. Алу етістігі.
...ға қарағанда

***... -дан кейін/соң***

***кейін/соң* сөздері өзінің алдында тұрған есімдіктің Шығыс септігінде тұруын қалайды.**
Перед словами *кейін/соң* местоимения употребляются в Исходном падеже.

*Бұл жұмысқа бізден кейін Айгүлдер орналасты.*
*Содан соң не болды?*

**Шығыс септіктегі (*-дан/-ден*) сөзге кейін, соң сөздерінің тіркесуі арқылы қимылдың, іс-әрекеттің орындалу мезгілі анықталады.**

*Жиналыстан кейін құжаттарды дайындадым.*
*Бір айдан соң іссапарға барамын.*

**Алу модальдік етістігі**
**Модальный глагол алу**

**Алу етістігі негізгі және ауыспалы «1. Бір нәрсеге ие болу, меншіктеу. 2. Пайда түсіру, кіріс кіргізу» мағыналарында қолданылады. Сонымен бірге көмекші етістік рөлінде «істеп көру, әрекеттену, бір нәрсенің қолынан келетінін көрсету» мағынасында қолданылады. Орысшаға аударғанда «могу, можешь сделать» сәйкес келеді.**

*Мен қазақша сөйлей аламын. (Я могу говорить на казахском языке.)*
*Балам, сен үйге өзің бара аласың ба? (Сынок, ты можешь сам дойти до дома?)*

***...-ға* қарағанда**
**смотря (сравнивая) на ...**

**қарағанда сөзі өзінің алдында тұрған зат есімдердің барыс септігінде тұруын талап етеді. Екі затты өзара салыстыру үшін қолданылады.**
Слово қарағанда требует чтобы существительные, стоящие перед ним, употреблялись в дательном падеже, а также оно используется для сравнения двух предметов и явлений.

*Қалаға қарағанда ауылдың ауасы таза.*
*Әлібекке қарағанда Айбектің бойы ұзын.*

***-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті* жұрнағы**
**Суффикс *-лы/-лі, …***

**Есім сөзден туынды сын есім жасайтын жұрнақтардың бірі – *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті*.**
Образование прилагательных от имен прилагательных с помощью аффиксов *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті:*

**Зат есім + *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті***

**Жұрнақтың жалғануы буын үндестігіне бағынады:**

*дәстүр+лі;*
*бақыт+ты;*
*қой көз+ді*

| ҮЙ | VII БӨЛІМ |
|---|---|
| Көру көмекші етістігі. Есімше | 1 САБАҚ |

### Көру көмекші етістігі
**Модальный глагол көру**

***Көру*** **етістігі негізгі және ауыспалы мағыналарында**
**1. Қарау, көз тігу.**
**2. Қызықтау, қасында болу.**
**3. Кездесу, жолығу» қолданылады.**
Глагол «Көру» употребляется в прямом и переносном значениях.

**Сонымен бірге көмекші етістік рөлінде «*талпыну, байқап көру, істеп көру, әрекеттену*» мағынасында қолданылады.**
Кроме того, употребляются в качестве вспомогательного глагола со значением «талпыну, байқап көру, істеп көру, әрекеттену».

*Мен француз тілінде сөйлеп көрейін. (Я попробую говорить на французском.)*
*Біз өзеннен балық аулап көрдік. (Мы попытались поймать рыбу на речке.)*

### Есімше
**Причастие**

**Есімше – есім сөздің де, етістіктің де қызметін атқаратын етістіктің ерекше түрі.**
Причастие – форма глагола, совмещающая в себе грамматические признаки глагола и имени.

**Есімше септеледі, тәуелденеді, көптеледі, жіктеледі.**
Причастие присоединяет окончания множественного числа и притяжательные окончания, изменяется по падежам и лицам, а также спрягается.

*Олимпиадаға қатысқан спортшыларды әуежайдан қарсы алдық.*
*(Мы встретили в аэропорту спортсменов, участвовавших в олимпиаде.)*

### Көру көмекші етістігі
**Модальный глагол көру**

***Көру*** **етістігі негізгі және ауыспалы мағыналарында «1. Қарау, көз тігу. 2. Қызықтау, қасында болу. 3. Кездесу, жолығу» қолданылады.**
Глагол «*Көру*» употребляется в прямом и переносном значениях.

**Сонымен бірге көмекші етістік рөлінде «талпыну, байқап көру, істеп көру, әрекеттену» мағынасында қолданылады.**
Кроме того, употребляются в качестве вспомогательного глагола со значением «талпыну, байқап көру, істеп көру, әрекеттену».

*Мен француз тілінде сөйлеп көрейін. (Я попробую говорить на французском.)*
*Біз өзеннен балық аулап көрдік. (Мы попытались поймать рыбу на речке.)*

## Есімше
### Причастие

**Есімше – есім сөздің де, етістіктің де қызметін атқаратын етістіктің ерекше түрі.**
Причастие – форма глагола, совмещающая в себе грамматические признаки глагола и имени.

**Есімше септеледі, тәуелденеді, көптеледі, жіктеледі.**
Причастие присоединяет окончания множественного числа и притяжательные окончания, изменяется по падежам и лицам, а также спрягается.

*Олимпиадаға қатысқан спортшыларды әуежайдан қарсы алдық. (Мы встретили в аэропорту спортсменов, участвовавших в олимпиаде)*
*Саған ұқсайтын адамды көрдім. (Я видел человека, похожего на тебя.)*
*Оның теннispен айналысып **жүретінін** білесің бе? (Ты знаешь, что он занимается теннисом?)*

| | |
|---|---|
| септеледі | алғанның, бергеннің |
| тәуелденеді | алғаным, бергенің |
| көптеледі | алғандар, келгендер |
| жіктеледі | мен алғанмын, сіз бергенсіз |

**Есімшенің жұрнақтары.**
Аффиксы причастий:

| | |
|---|---|
| *-ған, -ген, -қан, -кен* | алған, келген |
| *-ар, -ер, -р, -с* | барар, жүрер |
| *-атын, -етін, -йтын, -йтін* | алатын, санайтын |
| *-мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек* | бармақ, келмек |

**Септелуі.** Склонение:

| | | | |
|---|---|---|---|
| Атау | барған | баратын | барар |
| Ілік | барғанның | баратынның | барардың |
| Барыс | барғанға | баратынға | барарға |
| Табыс | барғанды | баратынды | барарды |
| Жатыс | барғанда | баратында | барарда |
| Шығыс | барғаннан | баратыннан | барардан |
| Көмектес | барғанмен | баратынмен | |

| VII БӨЛІМ<br>2 САБАҚ | ПӘТЕР |
|---|---|
| | ...-ғанша/-генше, -қанша/-кенше қосымшасы |

**-*ғанша* қосымшасы**
**Аффикс -*ганша***

**-ғанша, -генше, -қанша, -кенше қосымшасы етістікке қосылады.**
Эти аффиксы прибавляются к глаголам.

**Мағынасы.** Значение:
**Іс-әрекетті жасау мерзімін шектейді, нақты уақытқа дейін жұмысты аяқтау, т.с.с. іс-әрекеттерді көрсету үшін қолданылады.**
Ограничивает время выполнения действия, окончание действия до определенного конкретного времени и т.д

*Мен таң ат**қанша** жұмыс істедім.* (*Я работал до утра.*)
*Олар кел**генше** мен электронды хат жазайын.* (*Пока он придет, я напишу электронное письмо.*)

| IX БӨЛІМ<br>1 САБАҚ | ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІ |
|---|---|
| | |

**Бұрынғы өткен шақ**
Давно прошедшее время

**Бұрынғы өткен шақ өткен уақытта болған және аяқталған оқиғаны білдіреді. Нәтиже бар, бірақ іс-әркетті айтушы көрмеген немесе сенімсіз болады. Орыс тіліне аударғанда "оказывается" мағынасын береді.**

**Төмендегі үлгіде көрсетілген. Кестені қараңыз.**

Давно прошедшее время (не очевидное) обозначает действие, завершившееся в прошлом. Говорящий не был очевидцем этого действия, или в его достоверности не уверен. При переводе на русский язык даёт значение "оказывается"

**Болымды/** положительный

| **Етістік/** глагол | **жұрнақ/** суффикс ып/іп/п | **Жіктік жалғауы/** Личные окончания | Мысалдар/ Примеры |
|---|---|---|---|
| бару | бар+ып | +пын | Мен кішкентай кезімде ауылға *барыппын*. |
| жазу | жаз+ып | +ты | Ол достарына хат *жазыпты*. |
| айту | айт+ып | +сың | Сен оларға жақсы жаңалық *айтыпсың* |

**Болымсыз**/ отрицательный

| **Етістік/** глагол | **Болымсыз қосымша/** Отрицательные формы *-ма/-ме/-ба/-бе/-па/-пе* | **жұрнақ/** суффикс ***ып/іп/п*** | **Жіктік жалғауы/** ***Личные окончания*** | Мысалдар/ Примеры |
|---|---|---|---|---|
| бару | бар+ма | +п | пын | Мен кішкентай кезімде ауылға бармаппын. |
| жазу | жаз+ба | +п | ты | Ол достарына хат жазбапты. |
| айту | айт+па | +п | сын | Сен оларға жақсы жаңалық *айтпапсың* |

# IX БӨЛІМ 2 САБАҚ

# ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ

**Қаратпа сөздер**

Сөйлемде айтылған ойдың кімге арналғанын білдіру не оған басқаның назарын аудару мақсатында жұмсалатын сөз немесе сөз тіркесі.
Обращение – слово или сочетание слов, называющее того, к кому или к чему обращаются с речью.

Мысалы/ Примеры

| **Балаға қатысты (Еркелету мақсатында да жұмсалады)** Эти слова используются как ласкательные. | балам | құлыным | қарағым | көгершінім | қозым |
|---|---|---|---|---|---|
| Қоғамдық орындарда | ағай | апай | қарындас | інішек | жігітім |
| Ресми орындарда | ханым | мырза | әріптестер | жолдастар | |

Қарындас, мына көше қай көше? Айтып жіберіңізші.

Құрметті әріптестер, жиналысты ашық деп жариялаймын.

Балам, кітапты бере салшы.

«,» үтір/запятая
Балам,
Ағай,
Ханым,

| X БӨЛІМ | ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРЫНДАРЫ |
|---|---|
| 1 САБАҚ | |

**Барыс септік**
Дательный падеж

Сұрақтары. Вопросы:

*кімге? (кому?, к кому?)*
*неге? (чему?, к чему?, зачем?, почему?)*
*қайда? (куда?)*

Жалғаулары. Окончания:

*-ға/-ге, -қа/-ке.*

Мағынасы. Значение:

1) Іс-әрекет бағыты. Направление действия:
Жазда ауылға бардым. (Летом я ездил в ауыл)

2) Заттың бағасы. Стоимость предмета:
Кітапты жүз теңгеге алдым. (Я книгу купил за сто тенге)
Жалғаулардың қосылуы. Присоединение окончаний:

| **соңғы дыбыс** (последний звук) | п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, б, в, г, д | | а, ә, е, і, ү, ұ, ө, о, ы, ғ, ж, з, м, н, ң, л, р, й, у | |
|---|---|---|---|---|
| жалғау (окончание) | жуан (твердое) | жіңішке (мягкое) | жуан (твердое) | жіңішке (мягкое) |
| | ***-қа*** | ***-ке*** | ***-ға*** | ***-ге*** |
| үлгі (пример) | Сарыағашқа (в Сарыагаш) | мектепке ( к школу) | тауға (к горе) | үйге (в дом) |

Күрделі атаулардағы барыс септігі
Дательный падеж в сложных словах

***-на/-не Қайда? Куда?***

| күрделі сөздер/ сложные слова | тәуелдік жалғау/ Притяжательные окончания<br><br>ІІІ жақ<br>-сы/-сі/-ы/-і | Барыс септік / Дательный падеж | Мысалдар/ Примеры |
|---|---|---|---|
| Қазақстан Республика | +*сы* | +*на* | Қазақстан Республикасы*на* |
| Халыққа қызмет көрсету орталық | +*ы* | +*ны* | Халыққа қызмет көрсету орталы*ғына* |

Тігін шеберханасы+*на*
«АзияКредит» банкі+*не*
Жанармай бекеті+*не*
Сұлулық салоны+*на*
Тапсырыс бөлімі+*не*

Күрделі атаулардағы шығыс септігі
Исходный падеж в сложных словах

*-нан/-нен Қайдан? Откуда?*

| күрделі сөздер/ сложные слова | тәуелдік жалғау/ Притяжательные окончания<br><br>III жақ<br>-сы/-сі/-ы/-і | Барыс септік / Дательный падеж | Мысалдар/ Примеры |
|---|---|---|---|
| Қазақстан Республика | *+сы* | *+нан* | Қазақстан Республикасы*нан* |
| Халыққа қызмет көрсету орталық | *+ы* | *+нан* | Халыққа қызмет көрсету орталы*ғынан* |

Тігін шеберханасы+*нан*
«АзияКредит» банкі+*нен*
Жанармай бекеті+*нен*
Сұлулық салоны+*нан*
Тапсырыс бөлімі+*не*

# X БӨЛІМ 2 САБАҚ
## ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАР

***«-уға болады/болмайды» құрылымы***

«*-уға болады/болмайды*» құрылымы рұқсат ету және тыйым салу мағынасында жұмсалады.

Структура «*-уға болады/болмайды*» используется при разрешений и запретов.
Даёт значение «можно, нельзя»

Болады- можно, разрешается
Болмайды – нельзя, запрещено

| Етістік Глагол | *-ға/ге* | ***болады/болмайды*** | Мысал Пример |
|---|---|---|---|
| суретке түсіру | *-ге* | болады | суретке түсіруге болады |
| кітап алу | *-ға* | болады | кітап алуға болады |

| XI БӨЛІМ 1 САБАҚ | ӨМІРБАЯН |
|---|---|

**« соң, кейін» шылауы**

Қазақ тілінде шылау негізгі сөзден кейін келеді.
Послелоги ставятся после основного слова.
« соң, кейін» - после

**Шығыс септік** / **Исходный падеж + « *соң, кейін*»**

| | | |
|---|---|---|
| кейін<br>соң | после<br>после | мектептен кейін |
| | | сабақтан кейін |
| | | барған соң |
| | | барғаннан кейін |
| | | айтқан соң |

Олар мектен кейін үйге келді.

Мен сабақтан кейін киноға барамын.

Мен барған соң Асан үйге келді.

| XI БӨЛІМ 2 САБАҚ | ЖЕКЕ ІС-ПАРАҒЫ |
|---|---|

**Шығыс септік + «бері» шылауы**

*-дан/-ден/-тан/-тен/-нан/-нен*

Шығыс септік + «бері» шылауы іс-әрекеттің қашан басталғанын білдіреді.
Исходный падеж + и послелог «бері» означает начало действий.

| Уақытқа қатысты сөздер<br>Слова означающие время | Шығыс септік<br>Исходный падеж | бері<br>(с,со) |
|---|---|---|
| кеше | + ден | кешеден бері |
| 2015 жыл | +дан | 2015 жылдан бері |
| түс | +тен | түстен бері |
| таңертең | +нен | таңертеңнен бері |

Мен **былтырдан бері** спортзалға барып жүрмін.
Ол **кешеден бері** үйге келген жоқ.
Сен **түстен бері** тамақ іштің бе?

| XII БӨЛІМ | ІС ҚАҒАЗДАР |
|---|---|
| 1 САБАҚ | |

**Тәуелдік жалғауы + Ілік септігі**
Притяжательные окончания III форма +
Родительный падеж

Тәуелдік жалғауы бір заттың екінші бір затқа тиесілі, тәуелді сол заттың меншігінде екенін білдіреді.
В казахском языке существует притяжательная форма, которая показывает принадлежность или зависимость одного предмета от другого предмета.

**Ілік септігі**
Родительный падеж

Мағынасы. Значение:
меншіктілікті, бір затқа тән екендігін көрсетеді. Указывает на принадлежность.

Сұрақтары. Вопросы:

кімнің?( кого?)
ненің? (чего?)

Жалғаулары. Окончания:

*-дың/-дің, -тың/-тің, -ның/-нің.*

Тәуелдік жалғау III формадан кейін (*сы/-сі/-ы/-і*) *-ның/-нің* жалғанады.
После III формы притяжательного окончания добавляются -ның/-нің

Қаржы бөлім+*і*+*нің* бастығы
«Қазбілім» компания+*сы*+*ның* директоры

| XII БӨЛІМ 2 САБАҚ | БҰЙРЫҚ |
|---|---|

**Ырықсыз етіс**/ *Страдательный залог*

Іс-әрекеттің атқарушысы, қимыл иесі арнайы айтылмай, қимыл өздігінен істелетіндігі көрінеді.
Действие совершается над объектом и не важно кто сделал, есть результат.

**Мысалы:** Үй жиналды – үйді кім жинағаны белгісіз, бірақ үй таза.

| Сағат 10:30 | Сағат 11:00 | Сағат 11:30 |
|---|---|---|
| Үй жиналған жоқ | Үйді бір адам жинап жатыр. | Үй жиналды. |
| Әрекет басталған жоқ | Әрекет болып жатыр | Нәтиже бар |

| | |
|---|---|
| Егер түбір сөзде «Л» дыбыс болса, *-ын,-ін, -н* қосымшаларын жалғаймыз. | Басқа жағдайларда *-ыл, -іл, -л* қосымшаларын жалғаймыз. |
| Если в корне есть буква «л» тогда добавляется *-ын,-ін, -н*<br>Қабылдау - қабылдан | В остальных случаях *-ыл, -іл, -л*<br>орындау-орындал |

Бұйырық рай/ Повелительное наклонение
III жақ/ III лицо

***сын / сін***

Ырықсыз етіс + Бұйрық рай III жақ

| Етістік/ Глагол | Ырықсыз етіс/ Страдательный залог | Бұйрық рай/ Повелительное наклонение I II жақ/ III лицо |
|---|---|---|
| орындау | орындал | орындалсын |
| жүктеу | жүктел | жүктелсін |
| ұйымдастыру | ұйымдастырыл | ұйымдастырылсын |
| төлеу | төлен | төленсін |

| Ырықсыз етіс | Бұйрық рай | |
|---|---|---|
| -ын<br>-іл<br>-ыл<br>-л<br>-н | -сын<br>-сін | ұйымдастырылсын<br>төленсін<br>жүктелсін<br>орындалсын |

Осы бұйрықтың орындалуы А.Т. Сапаровқа тапсырылсын. (тапсыру)

А.М. Сапаровқа айлық жалақы төленсін. (төлеу)

# СӨЗДІК ҚОР

## І бөлім, 1 сабақ
## Отбасы

**ата-ана** – родители
**әке-шеше** – родители
**бауыр** – брат, преданный человек
**бауырмал** – любящий своих родственников
**кенже** – младший ребенок в семье
**кіші** – младший
**қара шаңырақ иесі** – фразеологизм: младший сын, хранящий очаг отчего дома
**отау иесі** – фразеологизм: старший сын, создавший свой семейный очаг

**бұрын** – раньше
**деп айту** – сказать (как-то)
**деп атау** – назвать (как-то)
**есім** – имя
**жату** – лежать
**жатыр** – лежит, лежат
**жүру** – идти
**келу** – приходить
**оқу** – учиться, учеба
**үлкен аға** – старший брат
**туу** – родить
**ұлт** – национальность
**зейнеткер** – пенсионер
**жұбай** – супруг
**аға лейтенант** – старший лейтенант
**аға оқытушы** – старший преподаватель
**ай** - месяц
**әдейілеп** – специально, намеренно
**әскери қы кейін зметке міндеттімін** – военнообязан
**білім** – образование, знание
**жетік** – досконально, в совершенстве
**құрметті** – уважаемый
**мәлімет** – данные
**меңгеру** – владение
**металлургия өнеркәсібі кафедрасы** – кафедра металлургической промышленности
**ойнап айтқаны ғой** - пошутил
**оқуға түсу** – поступить в ВУЗ
**отыру** – сидеть
**өзімді** – себя
**өкпелеме** – не обижайся
**өмірбаян** – биография
**солай** – так
**сондай** – такой
**сурет** – рисунок, картинка
**сынып** – класс
**толық** – полный, полностью
**туған жері** – место рождения
**туған жыл** – год рождения
**тұру** – стоять, жить
**ұзақ жылдар бойы** – в течение многих лет
**фотосурет** – фотография
**шығу** – выходить, выход
**іздеу** – искать
**Windows бағдарламасы** – программа Windows

**Жайлы жатып, жақсы тұр!** – Спокойной ночи!

## І-бөлім, 2 сабақ
## Менің отбасым үлкен

**ағайынды** – братья
**ағайын-туған** - родственники
**бөле** – двоюродный (дети сестер)
**жезде** – зять (муж старшей сестры)
**жеңге** – сноха (жена старшего брата)
**жиен** – внук (ребенок дочери), племянник (ребенок сестры)
**жиеншар** – внучатый племянник (внук сестры)
**келін** – сноха (жена младшей сестры)

**көке** – дядя
**күйеу бала** – зять (муж младшей сестры)
**нағашы** – родственник по материнской линии
**немере** – внук
**немере аға** – двоюродный брат (дети братьев)
**тәте** – тетя
**тегі** – фамилия
**туған** – родной
**туыс** – родственник
**туысқан** – родственник
**ағылшын** – англичанин, английский
**дүнген** – дунган
**кәріс** – кореец
**қазақ** – казах, казахский
**неміс** – немец, немецкий
**орыс** – русский
**түрік** – турок, турецкий
**ұйғыр** – уйгур, уйгурский
**ұлт** – национальность

**әртүрлі** – разный
**барып қайту** - сходить, съездить
**болып есептеледі** – считается
**болып келеді** – приходится
**бөлме** – комната
**бұл жолы** – на этот раз
**бұрындары** – раньше, прежде
**бір жағынан** – с одной стороны
**бірдей** – одинаковый
**деген** – значит
**ер-азамат** – мужчина
**ерте** – рано
**жарасу** – соответствовать
**жиі** – часто
**инженер-құрылысшы** – инженер-строитель
**құрылыс компаниясы** – строительная компания
**мамандық** – профессия, специальность
**мен, пен, бен** – и
**мұндағы** – здешний
**немесе** – или
**оралу** – возвращаться
**сирек** – редко
**сұрай беретін еді** – часто спрашивали
**үйлендіру** – женить
**үйленсе де** – несмотря на то что женился

## II-бөлім, 1 сабақ
### Ғимараттар

**автобекет** – автовокзал
**автотұрақ** – автостоянка
**ағаш** – дерево
**ақпарат** – информация
**алаң** – площадь
**асхана** – столовая
**аялдама** – остановка
**әуежай** – аэропорт
**бағдаршам** – светофор
**балабақша** – детский сад
**гараж** – гараж
**гүлзар** – бульвар
**ғимарат** – здание
**даңғыл** – проспект
**дәмхана** – кафе
**дәріхана** – аптека
**дүңгіршек** – киоск
**ескерткіш** – памятник
**жол айрығы** – развязка
**көпір** – мост
**қонақүй** – гостиница
**мешіт** – мечеть
**мұнара** – башня, минарет
**мұражай** – музей
**мүсін** – скульптура
**өзен** – река
**пошта** – почта
**сарай** – дворец
**саябақ** – парк
**сән салоны** – салон красоты
**субұрқақ** – фонтан
**теміржол бекеті** – железнодорожный вокзал
**тұрғын үй** – жилой дом
**шаштараз** – парикмахерская
**шеберхана** – мастерская
**шіркеу** – церковь

**алды** – передняя часть
**арты** – задняя часть
**жаны** – около, рядом
**қарама-қарсысы** – напротив (в местном падеже)
**әлем** – мир (окружающий мир)
**биіктік** – высота
**бойында (көше бойында)** – по (по улице)
**бірнеше** – несколько
**гүл** – цветок
**ен** – ширина
**ең** – самый
**ескі** – старинный, старый
**жағалау** – берег
**жолақ** – полоса
**кең** – просторный, широкий
**көптеген** – много, множество

**қасы** – около (в местном падеже)
**оң жағы** –правая сторона
**ортасы** – центр
**сол жағы** –левая сторона

**күрделі** – сложный, составной
**қызықты** – интересный, увлекательный
**мың** – 1000 – тысяча
**оң** – правый
**орналасқан** – расположен, расположены
**салыну** – строиться
**сипаттама** – описание
**сол** – левый, тот
**тар** – тесный, узкий
**тұру** – состоять, жить, стоять
**шақырым** - километр
**шынында** – на самом деле, действительно

**Телефонға шақырып жібересіз бе?** – (вы) можете пригласить к телефону? (позовите)
**өкінішке орай (қарай)** – к сожалению
**шақырып жіберші** – пожалуйста, пригласи (позови)
**қазір шақырамын** – сейчас приглашу (позову)
**сені телефонға шақырып жатыр** – тебя приглашают (зовут) к телфону

## ІІ-бөлім, 2 сабақ
## ... қалай баруға болады?

**арасы** – между

**батыс** – запад, западный
**оңтүстік** – юг, южный
**аласа** – низко, низкий
**алыс** – далеко
**басқаша** – по-другому
**биік** – высоко, высокий
**бұрылу** – поворачивать
**білу** – знать
**ешқашан** - никогда
**жақын** – близко, близкий
**жан-жаққа** – в разные стороны
**жаңа** – новый
**жергілікті** – местный
**жету** – дойти, добраться
**жолақты жол** – пешеходный переход
**тура** – ровно, прямо
**тұйық көше** – переулок
**тұрғын** – житель

**солтүстік** – север, северный
**шығыс** – восток, восточный
**жүре беру** – продолжать идти
**зәулім** – очень высокий
**көру** – видеть
**көріну** – видеться
**көше бойы** – по улице, вдоль улицы
**күн сәулесіндей** – как луч солнца
**қарай** – в сторону
**қарау** – смотреть
**оң жақ** – правая сторона
**өту** – проходить, проводить
**сол жақ** – левая сторона
**сұрау** – спросить
**тоқтау** – остановиться
**түсу** – спуститься, выходить (из транспорта)
**тік** – прямой

**телефон соқ** – (ты) позвони
**қоңырау шал** – (ты) позвони

## III-бөлім, 1 сабақ
## Әуесқойлық

**әуесқой** – любитель,увлеченный
**әуесқойлық** – увлечение
**әуестену** – увлекаться
**әуестік** – увлечение, хобби
**бейнелеу** – изобразить
**жапсырма** – наклейка
**жеке** – личный
**жинақ** – коллекция

**жинастыру** – собирать, коллекционировать
**зат** – вещь, предмет
**қызыға жинау** – собирать с увлечением (с интересом)
**ойын дискі** – игровой диск
**ойыншық әскер** – игрушечный солдат
**топтама** – группа, коллекция
**төсбелгі** – значок, нагрудной знак

**ай** – месяц, луна
**қаңтар** – январь
**ақпан** – февраль
**маусым** – июнь
**наурыз** – март
**сәуір** – апрель
**мамыр** – май

**шілде** – июль
**тамыз** – август
**қыркүйек** – сентябрь
**қазан** – октябрь
**қараша** – ноябрь
**желтоқсан** – декабрь

**айтуынша** – по словам
**алғашқы** – первый, первоначальный
**астам** – более, свыше
**атақты** – известный, популярный
**ашылу** – открытие, аткрываться
**балалық** шақ – детство
**бойынша** – по
**дәл қазір** – прямо сейчас
**дәлел** – доказательство
**жануар** – животное
**көшіру** – переписать
**қазір** – сейчас
**қалам** – ручка
**қоңыз** – жук
**мақтан ету** – гордиться

**мақтан ету** – гордиться
**өлең** – стихотворение
**өсімдік** – растение
**сыйлау** – дарить, уважать
**тақырып** – тема
**туылған** – родился
**далалы жерге шығып серуендеу** – прогуливаться по бескрайним просторам
**түр** – вид, внешность, форма
**тіпті кейбіреуі** – даже некоторые
**ұстап алу** – поймать
**үшін** – для, ради
**хабарлау** - сообщать
**шабыт беретін** – вдохновляющий
**шашыраған** – рассыпанный

**Не болып қалды?** – Что случилось?
**Нұржан маған доп бермейді** – Нуржан не дает мне мяч.
**Саған не болды?** – Что с тобой случилось?
**Ештеңе болған жоқ** – Ничего не случилось.
**Сізге не болды?** – Что с вами случилось? ( в ед. ч.)
**Мен жиналыс туралы ұмытып кетіппін** – Я забыл о собрании.

## III-бөлім, 2 сабақ
## Әуесқой адамдар қандай заттар жинайды?

**айтыс** – айтыс (песенное состязание)
**айтыскер** – акын-импровизатор, участвующий в айтысе
**ақын** – акын, поэт
**домбыра тарту** – играть на домбре
**жеңімпаз** – победитель
**қазылар алқасы** – жюри
**қатысу** – участвовать
**суырыпсалма ақын** – акын-импровизатор

**азамат** – гражданин
**азаматша** – гражданка
**айырмашылық** – отличие, различие
**алдын ала** – заранее
**арқылы** – с помощью, посредством
**атану** – быть названным
**аудан** – район
**әйгілі** – известный, популярный
**ән шырқау** – петь
**әртүрлі** – разный, различный
**әріптес** – коллега, партнер
**байқау** – конкурс
**басталу** – начинаться
**бірақ** – но
**бірге** – вместе
**ғаламтор** – интернет
**ғасыр** – век
**дайындалу** – готовиться
**дамыған** – развитый
**дарынды** – одаренный, талантливый
**дауыс беру** – голосовать, дать голос
**дейін** – до
**деңгей** – уровень
**егер де** – если
**ел** – страна, народ
**ерекше** – особо, особенный
**ерекшелік** – особенность
**кездесу** – встреча, встречаться
**келесі** – следующий
**қазіргі кезде** – в настоящее время
**қолдану** – использовать, приминать
**құнды** – ценный
**құрылған** –составленный
**лезде** – быстро, моментально
**мемлекет** – государство
**мұнда** – здесь
**онда** – там, тогда
**орталық** – центр
**отан** – родина
**өмір сүру** – жить, существовать (о человеке в прошлом,. о животном)
**өнер** – искусство
**рет** – раз
**сабақ беру** – преподавать, давать урок
**тамашалау** – любоваться, наслаждаться
**таңдау** – выбирать
**тарих** – история
**тек қана** – только лишь
**топ** – группа
**ұқсас** – похож
**ұқсастық** – сходство
**ұпай** – балл
**үйрену** – научиться
**үлгі** – образец
**халық** – народ
**іс-шара** – мероприятие

**Танысып қойыңыздар!** – Познакомьтесь (вы во мн. числе)
**Танысып қойыңдар!** – Познакомьтесь (ты во мн. числе)
**Танысқаныма қуаныштымын!** – Я рад знакомству.

## IV-бөлім, 1 сабақ
## Уақыт

**жарым** – половина
**кеткенде** – когда уйдет
**қалғанда** – когда останется
**сағат** – часы, час

**тура** – ровно
**уақыт** – время
**жұмыстан тыс уақыт** – вне рабочее время

**ақсүйек** – аристократ
**алдымен** - в начале, сначала
**арнайы** – специальный
**аяқталу** – заканчиваться
**әрине** – конечно, безусловно
**байланыс** – связь
**бастау** – начать, начинать

**құрау** – составлять
**мәдениет** – культура
**мәлімет** – сведение
**меңгеруші** – заведующий
**мынандай** – вот такой
**міндет** – обязанность
**ойлану** – думать

**бөлім** – отдел
**бұнда** – здесь
**деу** – сказать
**домалақ** – круглый
**енгізу** – включить, внедрить
**жақында** – скоро, недавно
**жалақы** – зарплата
**жас** – молодежь, молодой
**жауапты** – ответственный
**жоспар** – план
**жуық** – примерно, приблизительно, около
**көрнекті орын** – достопримечательность
**көрсету** – показывать
**кіру** – входить
**қосу** – добавить
**қош келдің!** – добро пожаловать!

**құрастыру** – составлять
**ойын-сауық орталығы** – развлекательный центр
**орнату** – устанавливать
**өткізу** – проводить
**сауалнама** – анкета, вопросник
**сол** – тот, левый
**сосын** – потом, после
**тағы да** – еще
**тапқырлық** – находчивость
**тапсырма** – задание
**тізім** – список
**тікесінен қоя алады** – может поставить прямо
**ұйымдастыру** – организовать
**үздік** – лучший
**үшін** – для, ради
**шақыру** – приглашать

**әуежай** – аэропорт
**көтерілу** – подниматься
**қайда** – куда
**қайдан** – откуда
**қону** – приземляться

**ұзақтылық** – длительность
**ұшақ** – самолет
**ұшу** – летать, полет
**ұшатын рейс** – рейс, готовый к взлету

## IV-бөлім, 2-сабақ
## Уақытты тиімді пайдалану

**кешкі ас** – ужин
**сағат тілі** – стрелки часов
**таңғы ас** – завтрак

**тәулік** – сутки
**түскі ас** – обе (пища)

**арман** – мечта
**әдетте** – обычно
**әзірлеу** – готовить (еду)
**әсер ету** – влиять
**басқарылу** – управляться
**бастап** – начиная
**бөлу** – делить
**бірнеше** – несколько
**біріншіден** – во-первых
**демалу** – отдыхать
**екіншіден** – во-вторых
**жабу** – закрыть, закрывать
**жабылу** – закрываться
**жағымды** – положительный
**жарнама** – реклама
**жату** – лежать, ложиться
**жеу** – кушать
**жөндеу** – ремонтировать
**жуыну** – умываться
**көмек** – помощь
**көне** – старый, старинный
**күлімсіреп тұрған адам бейнесі** – образ улыбающегося человека
**қайтадан** – снова, заново, опять
**қалау** – желать
**қолдану** – пользоваться
**мақсат** – цель
**мезгіл** – период, время
**мерзім** – период, срок
**нақты** – конкретно, реально
**нәтиже** – результат
**одан басқа** – кроме того
**озық технология** – передовая технология
**ояну** – просыпаться
**өз (і)** – сам
**өз бетімен** – самостоятельно
**сағат сайын** – каждый час
**содан кейін** – после этого
**тартып алу** – отобрать, перетянуть
**тоқтап қалған еді** – остановились
**ұйықтау** – спать
**ұсыну** – предлагать
**хабарландыру** – объявление
**шамам жетер еді** – хватило бы сил
**ішу** – пить

бағыт – направление

## V-бөлім, 1 сабақ
## Есімдер сыры

**азан шақырып ат қою** – обряд нарекания именем новорожденного по канонам ислама
**ат қою** – дать имя
**«аты затына сай» (фразеологизм)** – «имя человека как проявление его сущности»
**деген ырыммен** – с приметой
**деп атау** – назвать (как-то)
**дүниеге келу** – родиться, прийти в этот мир
**есім** – имя собственное
**есім берілу** – нарекаться каким-то именем
**есіммен аталуы** – называть по имени
**құрмет** – честь, почет, уважение,
**құрметіне қойылу** – назвать в честь (кого-то)
**сәби** – малыш
**туылған** – родился, родившийся
**үмітпен атау** – назвать с надеждой
**үміттену** – надеяться

**ақылгөй ана** - мудрая мать,
**амандық** – благополучие
**бақыт** – сачстье
**бақытты** – счастливый
**батыр** – герой, храбрец
**бауы берік болсын** – традиционное пожелание счастливой жизни в честь рождения младенца
**беделді** – авторитетный
**дана** – мудрый
**денсаулық** – здоровье
**дені сау** –здоровый
**Елбасы** – президент, глава страны
**зор** – крепкий, крепко

**кейінгі кезде** – в последнее время
**көбейе бастау** – начать увеличиваться
**қайталау** – повторять
**қол** – рука
**қою** – дать, ставить, класть
**құлақ** – ухо
**құттықтау** – поздравлять, поздравление

**мағына** – значение
**өнерлі** – талантливый
**сай** – соответствует
**табыс** – удача
**табысты** – удачный
**туралы** – о, об, про
**тілек** – пожелание
**тілеу** – желать, пожелание

## V-бөлім, 2 сабақ
## Есіміңіз қандай мағына береді?

**ежелгі** – древний
**есте сақтау** – запомнить
**қос** – двойной
**құрастырушы** – составитель

**қысқартылу** – сокращаться
**қысқару** – сократиться
**мағына** – значение
**тарихи** – исторический
**үйлесу** – сочетаться, гармония

**аспау** – не превышать
**ауыстыру** – поменять, изменить
**барлық** – все
**бәрі** – все
**білдіру** – означать, выражать
**ғылым** – наука
**деп ойлау** – думать так
**дәстүр** – традиция, обычай
**әріп** – буква
жапондық – японский
**жер-су атауы** – название местностей и водных объектов
**жүз жасасын** – пусть проживет сто лет
**керек** – нужно
**күмістен жаратылған** – сделанный из серебра

**қағаз** – бумага
**қайталану** – повторяться
**қанат** – крыло
**қолданылу** – использоваться
**құрылу** – образовать, составить
**құс** – птица
**мүмкін** – возможно
**ойлау** – думать
**менің ойымша** – по-моему мнению, на мой вгляд
**сандық** – цифровой
**тырысу** – стремиться
**Үндістан** – Индия
**шын аты** – настоящее имя

**Айтқаның келсін!** – Пусть исполнятся твои желания!
**болсын** – пусть будет
**жаңалық** – новость
**жемісін көр** – пожинай плоды (своего труда)

**керегесі кең** –просторные стены
**қоныс тойы** –новоселье
**шаңырағы биік** – возвышенный купол

## VI-бөлім, 1 сабақ
## Адам келбеті

**аққұба** – светлокожий
**арық** – худой
**бас** – голова
**бет** – лицо
**бой** – рост
**бұйра** – кудрявый
**егіз** – близнецы
**ерін** – губы
**кекіл** – челка
**келбет** – внешность
**қой көз** – карие глаза

**көз** – глаза
**қал** – родинка
**қараторы** – смуглый
**қас** – бровь
**құлақ** – ухо
**мең** – родимое пятно, родинка
**мойын** – шея
**секпіл** – веснушка
**сұлу** – красивый
**сұңғақ бойлы** – стройный
**сыңар** – пара (о близнецах)

**ажырату** – разделить, разъединить
**айнымау** – быть похожим, как две капли воды
**айырмашылық** – отличие, различие
**алу** – брать, взять; (в модальной форме) мочь, уметь
**ауырып қалу** – заболеть
**ашық қоңыр** – светло-коричневый
**әзіл** – шутка
**әйтеуір** – все-таки, наконец-то, кое-как
**әлде** – или
**бір-бірі** – друг друга
**ел кезу** – пройтись по родной земле
**емдедім ғой** – я же лечил
**емтихан** – экзамен
**ешкім** – никто
**жұқа** – тонкий

**жүз** – лицо, облик
**кейін** – после
**кескін** – лицо, внешний вид
**күлу** – смеяться
**қалың** – густой
**(оған) қарағанда** – по сравнению (с кем-то)
**қатты** – твердый, жесткий
**қоңыр** – коричневый
**қор болдым** – (я) замучился
**мән беру** – придавать значение
**оқиға** – приключение, история
**ренжіп қалу** – обидеться
**сәл** – немного, чуть-чуть
**соң** – после
**талай** – много раз
**ұқсастық** – схожесть
**ұқсау** – быть похожим

**жолақысы** – стоимость проезда

## VI-бөлім, 2 сабақ
## Түр және талғам

**бұрым** – коса
**көрікті** – видный
**кірпік** – ресница
**қарақат көз** – глаза как смородина (черные)
**қиғаш қас**- дугообразные брови
**қою қас** – густые брови
**қушық бет** – узкое лицо
**қыр мұрын** – прямой тонкий нос
**мұрт** – усы

**пұшық мұрын**– курносый
**реңді** – притягательная внешность
**реңсіз** – невзрачный
**сақал** – борода
**салмақ** – вес
**сопақ бет** – продолговатое лицо
**толық** – полный, полно
**томпақ** – пухленький, упитанный
**түр-кескін** – внешность
**тік** – прямой

**басты** – главный, основной
**еркек** – мужчина
**жауап беру** – отвечать, дать ответ
**келіншек** – молодая замужняя женщина
**керек** – нужно
**көгілдір** – голубой
**көзілдірік** – очки
**қажет** – нужно
**қысқарту** – укоротить, сократить
**орта** – средний
**ортақ** – общий (для всех)
**пікір** – мнение
**сарғыш** – желтоватый
**тағу** – носить (очки)
**талап** – требование
**талғам** – вкус
**темекі тарту** – курить сигареты
**ірі** – крупный

**алғыс** – благодарность
**алғыс білдіру** – выразить благодарность
**алғыс сөз** – слова благодарности
**бояу** – краска
**жолаушы** – пассажир
**құны** – стоимость, цена
**мың да бір рақмет!** – безграничное спасибо!
**ниет** – искреннее намерение
**шексіз** – безграничный

## VII-бөлім, 1 сабақ
## Үй

**аспалы шам** – люстра
**асүй** – кухня
**әжетхана** – туалет
**баспана** – жилище, дом
**дәліз** – коридор
**еден** – пол
**жатын бөлме** – спальня
**жер телімі** – земельный участок
**жертөле** – подвал
**жиһаз** – мебель
**жуынатын бөлме** – ванная комната
**кереует** – кровать
**кілем** – ковер
**кіреберіс** – прихожая
**қабырға** – стена
**қонақ бөлме** – гостиная
**орындық** – стул
**перде** – штора
**саты** – лестница
**терезе** – окно
**төбе** – потолок
**үстел** – стол
**шам** – лампа
**шатыр** – крыша

**аңға шығу** – охотиться
**балық аулау** – рыбалка
**бейбітшілік** – мир
**болашақ** – будущее
**бөлек** – отдельно
**ғасыр** – век
**ерекше** – особенный, особый
**есту** – слышать
**жаппай** – массово
**жеке** – личный, собственный
**жоба** – проект
**жоспарлану** – планироваться
**заманауи** – современный
**келісім** – согласие
**кеме** – корабль
**көл** – озеро
**көтерілу** – подниматься
**күмбез** – купол
**құн** – стоимость
**мәселе шешу** – решать проблему
**пішін** – форма
**сақталу** – сохраняться
**сатылу** – продаваться
**төмен** – вниз
**тіркеу** – прописка, регистрация
**ұзақ** – долго
**ұсыну** – предлагать
**шаршы метр** – квадратный метр

**есіңде ме?** – (ты) помнишь?
**есіме түсті** – (я) вспомнил
**есімде жоқ** – (я) не помню
**топ** – группа

## VII-бөлім, 2 сабақ
### Пәтер

**ақжайма** – простыня
**ас қасық** – столовая ложка
**жастық** – подушка
**кесе** – пиала, чашка
**көрпе** – одеяло
**кір жуғыш мәшине** – стиральная машина
**микротолқынды пеш** – микроволновая печь
**пышақ** – нож
**табақ** – блюдо (посуда)
**тәрелке** – тарелка
**тоңазытқыш** – холодильник
**төсек** – постель
**төсек-орын** – постель
**тұрмыстық техника** – бытовая техника
**шай қасық** – чайная ложка
**шанышқы** – вилка
**шаңсорғыш** – пылесос
**ыдыс** – посуда
**ыдыс жуғыш мәшине** – посудомоечная машина
**ыдыс-аяқ** – посуда

**берілу** – дать, предлагать
**жалға алу** – арендовать
**жүйе** – система
**күн бату**  – заход солнца
**қамтамасыз ету** – обеспечивать
**қоса** – вдобавок
**орнату** – установить
**таң ату** – рассвет
**уайымдау** – переживать
**шет** – край, окарина

**кездескенше** – до встречи
**көріскенше** – до встречи
**жүздескенше** – до встречи

## VIII-бөлім, 1 сабақ
### Менің елім

**бұлақ** – родник
**қорық** – заповедник
**орман** – лес
**сапарға шығу** – собраться в путь
**саяхат жасау** –путешествовать
**су қоймасы** – водохранилище
**табиғат** – природа
**тарихи** – исторический
**шипажай** – санаторий

**аймақ** – регион
**аралау** –  ходить (среди)
**ауа** – воздух
**бағыт** – направление
**белсенді** – активный
**былтыр** – прошедший год
**демалыс** – отдых
**дің** – ствол
**ем** – лечение
**емдеу** – лечить
**енді** – теперь
**жан-жақ** – вокруг
**жасау** – делать
**жерасты** – подземный
**қайық** – лодка
**қатынау** – ехать, сообщаться
**қашау** – тесать, долбить
**құдық** – колодец
**науқас адам** – больной человек
**өмір** – жизнь
**пайдалану** – использовать
**ресейлік** – российский
**танымал** – популярный
**тегін** – бесплатно
**шаруа** – дело, хозяйство
**шетел** – иностранный

**тыйым салу** – запрещать

## VIII-бөлім, 2 сабақ
## Көрікті орындар

**атамекен** – родина предков
**дала** – степь
**кешен** – комплекс
**көрікті** – видный
**қор** – фонд, запас
**мекен ету** – обитать
**мұхитаралы** – океанариум
**ойын-сауық орталығы** – развлекательный центр
**табиғи** – природный, естественный
**таңғажайып** – чудесный

**әйнек** – стекло
**бағытталу** – направляться
**басты** – главный
**бой көтеру** – строиться
**кеңістік** – пространство
**кесене** – мавзолей
**қапталу** – обшиваться, обертываться
**құрылыс** – строительство
**мүсінше** – статуэтка
**нүкте** – точка
**орналастырылу** – расположить
**сауда** – торговля
**сәулетші** – архитектор
**сыртқы жағы** – наружная сторона
**тұс** – сторона
**тұтас** – целый
**тіршілік иесі** – существо (животное)
**шұғыла** – сияние

## IX-бөлім, 1 сабақ
## Өсімдіктер әлемі

**қызғалдақ** – тюльпан
**раушан** – роза
**шырмауық** – вьюнок
**бәйшешек** – подснежник
**қазтамақ** – герань
**түймедақ** – ромашка
**қалампыр** – гвоздика
**қоңырау гүл** – колокольчик
**райхан гүлі** – красный цветок
**үй гүлі** – домашние цветы
**дала гүлі** – дикие цветы
**гүлзар** – газон; цветник
**көгал** – газон
**шырша** – ель
**қарағай** – сосна
**терек** – тополь
**емен** – дуб
**қайың** – береза
**баяғы заманда** – давным-давно
**түс көру** – видеть сны
**патша** – король
**ханзада** – принц
**ғой** – част. ведь; же; то; ну; уж (слово, придающее высказыванию значение законченности и утвердительности)
**ерте заманда** – давным-давно
**жанұясын асырау** – кормить семью
**емші** – знахарь
**қайғы** – печаль/горе
**жолға шығу** – отправиться в путь
**жалбарыну** – умолять/просить
**жас** – слезы

## IX-бөлім, 2 сабақ
## Жануарлар әлемі

**гүлге су құю** – поливать цветы
**қасқыр** – волк
**аю** – медведь
**қой** – овца
**жылқы** – лощадь
**сиыр** – корова
**қоян** – заяц
**арыстан** – лев
**маймыл** – обезьяна
**жолбарыс** – тигр
**керік** – жираф
**ешкі** – коза
**түйе** – верблюд
**түлкі** – лиса
**барыс** – барс
**бұғы** – олень

**тышқан** – мышь
**киік** – сайгак
**қабан** – кабан
**бостандық** – свобода
қолға **үйрету** – приручать
**жаңа ет** – свежий мясо
**қоректену** – питаться
**жұп құрау** – создать пару
**бөлтірік** – волчонок
**ұрғашы** – самка
**еркек** – самец
**үйір** – стая
**қашықтық** – растояние
**иісті сезу** – чувствовать запах
**ажырата алу** – различать
**соқыр**, **саңырау** – глухой, немой
**қауіп** – опасность
**мекендеу** – обитать
**тері** – кожа/ шкура
**қозым, қошақаным** – ягненок мой (ласкательное слово)
**ботам** – верблюжонок
**құлыным, құлыншағым** – жеребенок
**лағым** – козленок
**көжегім** – зайченок
**қарақұйрық** – джейран
**көртышқан** – крот
**заң бойынша қорғау** – защищать по закону
**омыртқа** – позвоночник

## Х-бөлім, 1 сабақ
## Қызмет көрсету орындары

**қоғамдық орындар** – общественные места
**мырза** – господин
**ханым** – госпожа
**інішек** – братишка
**қарындас** – сестренка
**досым** – друг, дуржище
**жігітім** – молодой человек
**шаштараз** – парикмахер
**сән салоны** – салон красоты
**көлік жөндеу орталығы** – станция технического обслуживания
аяқ **киім жөндеу шеберханасы** – ремонт обуви
**сағат жөндеу шеберханасы** – ремонт часов
**жанармай бекеті** – автозаправочная станция
**халыққа қызмет көрсету орталығы** – центр обслуживания населения
**көшірме орталығы** – копировальный центр
**жөндеу** – ремонтировать
**бұзылу** – сломаться
**рәсімдеу** – оформлять
**анықтама** – справка
**қоңырау шалу** – позвонить
**заңды тұлға** – юридическое лицо
**жеке тұлға** – физическое лицо
**үйге қатысты анықтамалар** – справки по отношению жилья
**жеке басқа қатысты құжаттар** – документы удостоверяющие личность
**несие беру** – дать кредит
**ақша аудару** – переводить деньги
**ақша айырбастау** – обменять валюту
**таңдау** – выбирать
**басу** – нажимать

## X-бөлім, 2 сабақ
## Қоғамдық орындар

**құжаттарды куәландыру** – заверять документы
**қатты сөйлеу** – громко разговаривать
**жаяу серуендеу** – гулять пешком
**қоғамдық көліктер** – общественные транспорты
**автотұрақ** – автостоянка
**теміржол бекеті** – железнодорожный вокзал
**қатты күлу** – громко смеяться
**шекілдеуік шағу** – щелкать семечки
**қоқыс тастау** – выбросить мусор
**ішімдік ішу** – употреблять спиртные напитки
**сағыз** – жевательная резинка
**дөрекі сөздер айту** – хамить/грубить
**адамдардың мазасын алу** – мешать окружающим
**алаң** – площадь
**бөтен адам** – посторонний человек
**ортақ тәртіп** – единое правило
**айыппұл** – штраф
**шіркеу** – церковь
**баспалдақ** – лестница/площадка
**көгершін** – голубь
**Араб Әмірліктері** – Арабские Эмираты
**жағажай** – пляж
**ереже** – положение; правило
**арнайы тәртіп** – специальное правило
**спектакль жүріп жатқанда** – во время спектакля
**бұрылу** – делать поворот
**көлік қою** – парковать машину
**айналу** – двигаться вокруг; обходить вокруг
**қала тұрғындары** – жители города
**қала қонақтары** – гости города
қалааралық – межгород
**жапсыру** – наклеить
**есте сақтау** – запоминать
**кедергі келтіру** – мешать

## XI-бөлім, 1 сабақ
## Өмірбаян

**университетті аяқтау** – закончить университет
**жоғары оқу орны** – высшее учебное заведение
**жұмысқа тұру, жұмысқа орналасу** – приступать на работу
**марапат** – награда
**орта білім алу** – получить среднее образование
**жоғары білім алу** – получить высшее образование
**қызмет істеу** – работать
**қабылдану** – быть принятым на ..... (работу)
**қосымша ақпарат** – дополнительная информация
**тәжірибе** – опыт
**кезінде** – во время
**кейін** – после
**орта мектеп** – средняя школа
**қосымша мәліметтер** – дополнительная информация
**алғыс хат** – благодарственное письмо
**әскери міндет** – военная обязанность
**еркін форма** – свободная форма (письмо)
**ресми құжат** – официальный документ
**кадрлар бөлімі** – Отдел кадров

## XI-бөлім, 2 сабақ
## Жеке іс-парақ

**еңбек өтілі** – стаж работы
**негізгі қызметі** – основные обязанности
**куәліктің нөмері** – номер сертификата, свидетельства
**отбасы жағдайы** – семейное положение
**жеке қолы** – роспись
**жеке іс парақ** – личный листок
**мамандық** – специальность
**диплом бойынша** – по диплому
**ұйым** – организация
**талап ету** – требовать
**арнаулы бланк** – специальный бланк
**еңбек кітапшасы** – трудовая книжка
**дәлме-дәл** – в точь-точь
**сәйкес** – соответствие
**азаматтық** – гражданство
**ұлты** – национальность
**біліктілік** – квалификация
**ғылыми дәреже** – ученая степень
**ғылыми еңбек** – научный труд
**міндет** – обязанность

## XII-бөлім, 1 сабақ
## Іс қағаздар

**жұмысқа қабылдану** – быть принятым на работу
**жұмыстан босатылу** – увольняться (быть уволенным)
**рұқсат сұрау** – спросить разрешение
**кезекті еңбек демалысы** – очередной трудовой отпуск
**айлық жалақы** – зарплата
**өз еркімен** – по собственному желанию
**бөлім бастығы** – начальник отдела
**кезектен тыс демалыс** – вне очередной отпуск
**өтініш** – заявление
**байланысты** – в связи
**мәселені шешу** – решить вопрос/проблему
**іссапар** – командировка
**бала күтімі** – уход за ребенком
**лауазым** – должность
**себеп** – причина
**пайдалану** – использовать
**рұқсат ету** – разрешить
**сұрау** – спросить
**меңгеруші** – заведующая
**басқарма** – администрация; правление; управление
**орынбасар** – заместитель
**өкілетті орган** – уполномоченный орган

## XII-бөлім, 2 сабақ
## Бұйрық

**марапаттау** – награждать
**сөгіс беру** – сделать выговор
**ескерту беру** – сделать замечание
**сынақ мерзімі** – испытательный срок
**еңбек тәртібі** – трудовая дисциплина
**жеке еңбек шарты** – трудовой договор
**бұйрық шығару** – издать приказ
**қамтамасыз ету** – обеспечить
**БҰЙЫРАМЫН** – приказываю
**орындалу** – исполняться
**жүктелу** – возложить
**төлену** – прозвести оплату
**бекітілу** – утвердить
**Еңбек кодексі** – Кодекс Труда
**мекеме басшысы** – руководитель организаций
**өзгерту** – изменить
**қосымша сөз қосу** – добавлять слова/предложения
**жою** – аннулировать
**дана** – экземпляр

## CD-ДИСКІГЕ АРНАЛҒАН ТЫҢДАЛЫМ ТАПСЫРМАЛАРЫ. MP3

### 1-тапсырма. Первое задание.

**Мәтінді тыңдаңыз. Тиісті сөздер мен жалғауларды жазыңыз.**
**Прослушайте рассказ. Напишите соответствующие слова и окончания.**

*Мен, Қуаныш Есенұлы Оспанов, 1979 жылы 1 мамырда Семей облысы, Аягөз ауданы, Ақтас ауылында тудым. Ұлтым – қазақ. 1986-1996 жылдар аралығында ауыл мектебінде оқыдым. 1996 жылы 1 қыркүйекте Алматы қаласындағы Қазақ политехника институтының металлургия факультетіне оқуға түстім. Қазір металлургия өнеркәсібі кафедрасының аға оқытушысымын. Ата-анам бар: әкем – Есен Оспанов, құрметті зейнеткер, анам – Хадиша Мансұрова ұзақ жылдар бойы орта мектепте мұғалім болып істеді, қазір зейнеткер. Отбасым бар: жұбайым – Ғалия Сәрсенқызы, жоғары білімді маман, дәрігер. Үш балам бар, олар мектепте оқиды. Әскери қызметке міндеттімін. Аға лейтенант атағым бар. Қосымша мәліметтер: қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік білемін. Windows бағдарламасын толық меңгергенмін. Интернетте жұмыс істеймін.*

### 2-тапсырма. Второе задание.

**Диалогты тыңдаңыз. Дұрысын белгілеңіз.**
Прослушайте диалог. Отметьте правильные варианты.

*Жандос:* *Сәлеметсіз бе, Бексұлтан ағай!*
*Бексұлтан:* *Сәлем, Жандос!*
*Жандос:* *Хәліңіз қалай?*
*Бексұлтан:* *Рақмет, жақсы. Мынау не?*
*Жандос:* *Бұл отбасылық фотосуреттерім.*
*Бексұлтан:* *Бұл кім? Сенің қарындасың ба?*
*Жандос:* *Жоқ, қарындасым емес, әпкем.*
*Бексұлтан:* *Қайда жұмыс істейді?*
*Жандос:* *Ол ауруханада дәрігер болып жұмыс істейді.*
*Бексұлтан:* *Ааа. Мына фотосуретте кім?*
*Жандос:* *Менің әйелім. Есімі – Сәуле.*
*Бексұлтан:* *Балаларыңның суреттері бар ма?*
*Жандос:* *Бар. Міне.*
*Бексұлтан:* *Бұл сенің кенжең бе?*
*Жандос:* *Жоқ, үлкен ұлым. Аты – Таңат. Ол біздің отау иесі. Екінші ұлым да отау иесі.*
*Бексұлтан:* *Ол қайда?*
*Жандос:* *Міне, отыр.*
*Бексұлтан:* *Ааа, аты кім?*
*Жандос:* *Ержан. Міне тұр.*
*Бексұлтан:* *Кенжең қыз ба, ұл ма?*
*Жандос:* *Қара шаңырақ иесі. Аты – Нұржан.*
*Бексұлтан:* *Ол қайда?*
*Жандос:* *Мына фотосуретте диванда жатыр. Мен оны Кенжетай деп атаймын.*

## 3-тапсырма. Третье задание.

**Мәтінді тыңдаңыз. Тиісті сөздерді жазыңыз.**
Прослушайте рассказ. Напишите соответствующие слова.

*Менің досым Санжар сондай бауырмал адам. Оның төрт бауыры, үш әпкесі бар. Бұрын олар Қарағанды қаласында тұрды. Қазір Астанада тұрады. Бірақ досымның кіші інісі Павлодарға көшіп кеткен. Аты, аты ... м-м-м, Амантай ма, Айберген бе? Тағы да ұмытып қалдым. Жақында Павлодарға келгенде әкімдікте Санжардың сол бауырымен кездесіп қалып едім. Ол мені бірден таныды, мен болсам оған: «Аа, сен Серіктің кенжесісің бе?» - деп сұрағанда ол: «Жоқ, Санжардың інісімін» деп атын айтқан еді. Бірақ қайтадан атын ұмытып қалғанымды қарашы. Санжарға айтып беріп едім, ол күлді де қойды.*

## 4-тапсырма. Четвертое задание.

**Қысқа мәтіндерді тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Прослушайте короткие рассказы. Ответьте на вопросы.

*№1*
*Менің үш жиенім бар. Олар бір-біріне бөле болып келеді.*
*№2*
*Менің атам мен әжемнің бір жиені бар.*
*№3*
*Біз бөлелер емеспіз, бір әкеден туғанбыз.*
*№4*
*Менің есімім – Дәулет. Менің үш бөлем бар. Олар туған ағайындылар.*
*№5*
*Мен Назеркемін, тегім Асанбаева. Менің екі бөлем бар. Олар бір-біріне бөле болып келеді.*

## 5-тапсырма. Пятое задание.

**Мәтінді тыңдаңыз. Осы адам туралы жазыңыз. Жіктік жалғауды жалғаңыз.**
Прослушайте текст. Напишите об этом человеке, используя личные окончания.

*Менің досымның есімі – Мұрат, фамилиясы – Қаражігітов. Қызылордада тұрады. Жасы жиырма бесте. Ол құрылыс компаниясында инженер-құрылысшы болып жұмыс істейді. Әйелі жоқ, бойдақ. Өткен жазда Мұрат ағайын-туғанның ауылына барып қайтты. Бұрындары үлкендер одан «Оқуың қалай? Жұмысың қалай?» деп сұрай беретін еді, ал бұл жолы «Қашан үйленесің? Келін әкелмейсің бе?» деп сұрай беріпті. Мұрат «Үйлену керек екен, жас та келіп қалыпты ғой» деп қалаға оралды. Ал мұндағы достары болса «ерте үйленіп қайтесің. Қазір ер-азамат 30-ға келіп үйленсе де жарасады» дейді. Бір жағынан олардың да айтып отырғаны дұрыс. Аталарымыз бұрындары 13-те отау иесі деп ұлдарын ерте үйлендірген. Қалай ойлайсыздар?*

## 6-тапсырма. Шестое задание.

**Тыңдаңыз, дұрыс жауапты белгілеңіз.**
Прослушайте, отметьте правильный вариант.

*№1*
*Алаңның ортасында ағаш тұр.*
*№2*
*Қонақүйдің оң жағында мүсін бар.*
*№3*
*Дәріхананың қарама-қарсысында шеберхана орналасқан.*

## 7-тапсырма. Седьмое задание.

**Тыңдаңыз. Мәтінде айтылған ғимараттарды суретке салыңыз.**
Прослушайте. Нарисуйте здания, упомянутые в тексте

*Мынау – Қалдаяқов көшесіндегі саябақ. Саябақтың сол жағында субұрқақ бар. Су бұрқақтың қарама-қарсысында азық-түлік дүкені бар. Су бұрқақтың қасында Алдар көсенің мүсіні бар. Азық-түлік дүкенінің сол жағында жүз отыз бесінші мектеп орналасқан. Саябақтың қарама-қарсысында «Әдемілер» шаштаразы бар. Саябақтың оң жағындағы тұрғын үйдің нөмірі – елу. Шаштараздың жанында екі дүңгіршек тұр. Елуінші тұрғын үй мен дүңгіршектердің оң жағына ұзын көпір салынған.*

## 8-тапсырма. Восьмое задание.

**Тыңдаңыз, картаға қарап, сұрақтарға толық жауаптарды жазыңыз.**
Прослушайте, посмотрите на карту и дайте полные ответы на вопросы.

*Бірінші сұрақ.*
*Асхана мен Музыка сарайының арасында не орналасқан?*
*Екінші сұрақ.*
*Кітапхананың артында қандай ғимарат бар?*
*Үшінші сұрақ.*
*Теміржол бекетінің оң жағында не орналасқан?*
*Төртінші сұрақ.*
*Шеберхананың қарама-қарсысында шіркеу тұр ма?*
*Бесінші сұрақ.*
*«Балалық шақ» алаңының ортасында не бар?*
*Алтыншы сұрақ.*
*Музыка сарайының алдында неше мұнара бар?*
*Жетінші сұрақ.*
*«Балалық шақ» алаңының ортасында не тұр?*

## 9-тапсырма. Девятое задание.

**Тыңдаңыз, айтылған жүру бағыттарын картадан көрсетіңіз.**
Прослушайте, покажите на карте услышанные направления движения.

*Бірінші бағыт.*
*Сіз кинотеатрдың алдында тұрсыз. Қазір сіз Батырлар көшесімен бағдаршамға қарай жүріңіз. Алтынсарин даңғылына бұрылыңыз. Сіз қонақүй мен кітапхананың арасына тұрыңыз.*

*Екінші бағыт.*
*Сіз «Балалық шақ» алаңының ортасында жүрсіз. Қазір сіз Ордабасы көшесіне қарай жүріңіз. Дәріхананың артына барыңыз. Сізге балабақша көрінеді. Балабақша мен дәріхананың арасында тоқтаңыз.*

*Үшінші бағыт.*
*Сіз 82-үйдің сол жағында тұрсыз. Енді сіз шіркеудің қасынан өтіңіз, сосын Ордабасы көшесімен Алтынсарин даңғылының қиылысына қарай жүре беріңіз. Алтынсарин көшесінің сол жағына бұрылыңыз. Қонақүйге қарай барыңыз. Сол ғимараттың алдынан тоқтаңыз.*

## 10-тапсырма. Десятое задание.

**Тыңдаңыз, сұрақтардың дұрыс жауабын белгілеңіз.**
Прослушайте, отметьте правильные ответы на вопросы.

*Бірінші сұрақ.*
*– Бүгін нешесі?*
*– Бүгін оныншы қараша.*
*Екінші сұрақ.*
*– Сабыржан не жинаумен әуестенеді?*
*– Ол ойыншық әскерлерді жинайды.*
*Үшінші сұрақ.*
*– Ол ойыншық әскерлерді неше жастан бастап жинастырып жүр?*
*– Ол бала кезінен жинастырып жүр.*

## 11-тапсырма. Одиннадцатое задание.

**Тыңдаңыз. Керек сөзді жазыңыз.**
Прослушайте. Напишите нужные слова.

*Ер:*
*Мен фильмдерді аударумен айналысамын. Бұл менің негізгі жұмысым емес. Мен қазір шет тілдері университетінде төртінші курста оқимын. Мен өзім шет тілінде фильм көруді жақсы көремін. Және бұл менің тілді тез үйренуіме көмектеседі деп ойлаймын. Бір күні досым: « Сен неге сол фильмдерді аудармайсың?» деп сұрады. Ол маған өте жақсы идея берді. Сол күннен бастап мен өзім көрген фильмдерді аудара бастадым. Фильм аудару менің болашақ аудармашы болуыма көп көмектеседі деп ойлаймын. Мен бұл идеяны курстастарыма айттым. Олар келісті. Қазір біз қысқа уақытта шет тіліндегі фильмдерді аударамыз да, оны Ютуб каналына саламыз. Фильмді мыңдаған адамдар көреді. Менің ойымша, біздің әуес ісіміз басқа адамдарға пайдалы деп ойлаймыз. Мысалы олар жақсы көретін фильмдерін өз ана тілдерінде көре алады. Және каналда өз ойларын және пікірлерін жазады, рақмет айтып жатады. Осы жұмыстың нәтижесін көрдік. Енді шет тіліндегі кітаптарды аударуды ойлап жүрміз. Бұл жұмыс та көп адамдарға пайдалы болады деп ойлаймыз.*

## 12-тапсырма. Двенадцатое задание.

**Тыңдаңыз. Сұраққа жауап беріңіз.**
Прослушайте, ответьте на вопрос.

*№1*
*Привет! Как дела?*
*№2*
*Hi! What is your name?*
*№3*
*Біз Астана қаласында тұрамыз.*
*№4*
*Bonjour!*

## 13-тапсырма. Тринадцатое задание.

**Тыңдаңыз. Сұрақтарға толық жауаптар жазыңыз.**
Прослушайте. Дайте полные ответы на вопросы.

*Бірінші әңгіме.*
*Әуесқой адамдар түрлі заттар: маркалар, жапсырмалар, төсбелгілер сатып алады. Олардың жинақтары әртүрлі тақырыпта болады.*
*Екінші әңгіме.*
*Кітап әуесқойлары кітапханаға және кітап дүкендеріне жиі барады. Олардың жинақтарында құнды кітаптар кездеседі. Олар жинақтарын мақтан етеді.*
*Үшінші әңгіме.*
*Суырып салма ақындардың арасындағы байқау айтыс деп аталады. Егер ақын облыстық деңгейдегі айтыста жеңімпаз атанса, республикалық деңгейдегі айтысқа қатысады.*

## 14-тапсырма. Четырнадцатое задание.

**Тыңдаңыз. Сұрақтарға бір сөзбен жауап беріңіз.**
Прослушайте. Ответьте одним словом.

***Бірінші диалог.***
*– Маған диск беріңізші.*
*– Нешеу?*
*– Екеу.*

***Екінші диалог.***
*– Сізге неше билет керек?*
*– Маған бес билет беріңіз.*

***Үшінші диалог.***
*– Машинаға қанша адам отырды?*
*– Жеті адам отырды. Жоқ, жоқ, жетеу емес, сегіз адам отырды.*

***Төртінші диалог.***
*– Қызым, мына екі сөмкенің қандай айырмашылығы бар?*
*– Әке, олар әртүрлі ғой. Егер мына сөмкенің түсі сары болса, ана сөмке қып-қызыл ғой. Және мына сөмке үлкен, ал анау кішкентай. Екеуі де өте сәнді!*
*– Жарайды, екеуін де сатып ал.*
*– Рақмет, әке!*

## 15-тапсырма. Пятнадцатое задание.

**Тыңдаңыз, дұрыс нұсқаларды белгілеңіз.**
Прослушайте, отметьте правильные варианты.

*Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының мұражай-үйі Шығыс Қазақстан облысындағы Жидебай ауылында орналасқан. Бұл үйде ол 1894 жылдан бері тұрды. Семей қаласында жас Абай 1855 жылдан 1858 жылға дейін оқыды. Сол жылдары орыс тілінен сабақ алды.*

### 16-тапсырма. Шестнадцатое задание.

**Тыңдаңыз, айтылған сағаттарды цифрмен жазыңыз.**
Прослушайте, напишите цифрами названные часы.

*№1*
*Қазір сағат жеті жарым болды.*
*№2*
*Қазір сағат екіден он сегіз минут кетті.*
*№3*
*Қазір алты жарым.*
*№4*
*Бірден он минут кеткенде сабақ аяқталады.*
*№5*
*Теледидардан қызық киноны сағат сегізге бес минут қалғанда көрсетеді.*
*№6*
*Мен бассейнге шамамен сегізде барамын.*

### 17-тапсырма. Семнадцатое задание.

**Тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.**
Прослушайте, ответьте на вопросы.

*Кеше, жексенбі күні, мен кеш тұрдым. Сағат тоғыздан жиырма минут кеткенде досым телефон шалып, кешке кездесуге шақырды. Сағат тура онда үйден шығып, саябақта жүгірдім. Он бір жарымда үйге келдім. Тамағымды ішіп, теледидар көрдім, интернетте отырдым, сағат беске дейін үй жинадым. Сағат жетіге он минут қалғанда машинаға отырып, дәмханаға достарыммен кездесуге бардым.*

### 20-тапсырма. Двадцатое задание.

**Тыңдаңыз. Мәтінге қай тақырып сай келеді? Белгілеңіз.**
Прослушайте. Какой заголовок соответствует тексту? Отметьте.

*Уақытты үнемдеу – табысқа жетудің жолы. Көптеген адамдар өз уақытын дұрыс үнемдейді. Табысқа жеткен адамдар тайм менеджмент заңдарын жақсы меңгерген. Табысқа жеткен адамдар төмендегі кеңестерді ұсынады:*

- *Жасайтын жұмыстарды үнемі жазып жүріңіз. Жұмыстарды тек қойын кітапшаға емес, сондай-ақ, телефонға, ноутбукке, жұмыс үстеліне жазуға болады.*
- *Әр күнді жоспарлаңыз. Алдымен, маңызды деген жұмыстарды істеу, сосын басқа жұмыстарға уақыт бөлу.*
- *Күн сайын жасаған және аяқталмаған жұмыстарды жазып отырыңыз. Бұл сіздің бір күндегі жұмысыңыздың нәтижесін көруге мүмкіндік береді.*
- *Әр сағатты жоспарлаңыз. Бір тәуліктегі жұмыс уақытын тиімді пайдалану үшін әрбір сағатты жоспарлаңыз. Бұл уақытты босқа өткізбеуге ықпал етеді.*
- *Жұмысты нәтижеге істеңіз. Егер жұмыс тек күнделікті қайталанатын әрекет болса, жетістікке жете алмайсыз.*
- *Бір жұмысты бастасаңыз, соңына дейін жасаңыз. Жұмысты ортасынан тастамаңыз. Қиын болса, жұмысты қайтадан бастаңыз.*
- *Істейтін жұмысыңызды жақсы көріңіз. Жұмысты көңілді күймен бастаңыз.*
- *Ең бастысы, өз жеке өміріңізді ұмытпаңыз. Жеке өміріңізді бірінші орынға қойыңыз.*

### 19-тапсырма. Девятнадцатое задание.

**Тыңдаңыз, дұрыс нұсқаларды белгілеңіз.**
Прослушайте, отметьте правильные варианты.

*Мен, әдетте, таңертең сағат жетіден он минут кеткенде оянамын. Сосын жуынамын таңғы асымды ішемін. Сегізге он минут қалғанда үйден шығамын, өз машинаммен жұмысқа жетемін. Түскі асымды сағат бірде жұмыстағы асханадан ішемін. Үйге сағат беске он минут қалғанда келемін. Әйелім мен балаларыммен бірге кешкі асымды ішемін. Содан кейін демаламын. Сағат он бірде ұйықтаймын.*

### 20-тапсырма. Двадцать первое задание.

**Әннен үзіндіні оқыңыз. Орындаңыз.**
Прочитайте отрывок из песни. Спойте.

*Құс та болғым келмейді, қанатым бар.*
*Қанатым бар, қанатым бар күмістен жаратылған.*
*Сәби болғым келеді, сәби болғым,*
*Мына өмірден хабарсыз жаңа туған.*
*Сәби болғым келеді, сәби болғым,*
*Мына өмірден хабарсыз жаңа туған...*

### 21-тапсырма. Двадцать второе задание.

**Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқаны белгілеңіз.**
Прослушайте. Выделите правильный вариант.

*Бірінші мәтін.*
*Кеше Павлодарда жаңбыр жауды, бірақ күн жылы болды.*
*Екінші мәтін.*
*Мен үйленгенмін. Әйелім Жансая отыз төрт жаста. Екі ұлым бар. Үлкенім мектепке барады, кенжем балабақшаға барады.*
*Үшінші мәтін.*
*Менің атым Бауыржан. Есімімді нағашы атам азан шақырып қойды. Бауыржан Момышұлы құрметіне қойды. Маған есімім ұнайды.*
*Төртінші мәтін.*
*Олар әдетте сағат тура жетіде оянады. Беті-қолын жуады. Сағат сегізден бес минут кеткенде автобусқа отырады. Жұмыста тура сағат тоғызда болады. Кешкі сағат бесте үйге келеді.*

### 22-тапсырма. Двадцать третье задание.

**Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Прослушайте. Ответьте на вопросы.

*Менің есімім – Санжар. Менің атымды әжем қойды. Әжем дәрігер болып жұмыс істейді. Мені Санжар Асфендияров секілді академик болсын деп қойған. Қазір мен медициналық университетте оқимын, сондықтан әжем менің атымды қателеспей қойған деп ойлаймын. Адамның болашағына есімі әсер етеді дегенге сенемін.*

*Менің атым – Дінмұхамед. Атымды нағашы әжем мен атам қойған. Олар мені Дінмұхаммед Қонаев секілді басшы болсын деп қойған. Алайда мен қазір өнер университетінде оқимын. Менің театр актері болғым келеді. Менің атым өзіме ұнайды, алайда есім адамның болашағына әсер етеді дегенге сенбеймін.*

*Менің есімім – Ботагөз. Менің атым «көзі ботаның көзі» секілді әдемі, мөлдір көз деген мағына береді. Атамды әкем қойған. Себебі, әкем Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» романын қатты жақсы көреді. Мен қазір студентпін. Алайда менің көзім ботаның көзіндей емес, керісінше қысықтау әрі көк. Сондықтан менің атым өзіме ұнамайды. Менің ойымша, балаға ат қоюда баланың түріне қарау керек секілді.*

## 23-тапсырма. Двадцать четвертое задание.

**Тыңдаңыз. Көп нүкте орындарына тиісті сөздерді жазыңыз.**
Прослушайте. Напишите вместо многоточий соответствующие слова.

***1-әңгіме***
*Бауырымның аты – Талғат. Нағашы көкем атақты Талғат Бигелдиновтей батыр болсын деген ниетпен атын қойды. Есімі бәрімізге ұнады.*
***2-әңгіме***
*Есімім – Үміт. Маған дейін отбасымда 3 әпкем дүниеге келген, ал мен туыларда ұл бала болады деп үміттенген, сондықтан атымды Үміт деп қойған. Менен кейін отбасымда ұл бала дүниеге келді.*

## 24-тапсырма. Двадцать пятое задание.

**Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Прослушайте. Ответьте на вопросы.

***1-диалог***
*Әсет Құдайбергенұлы, жарнамаға қандай сурет салуға болады?*
*Менің ойымша, жарнамаға сағат суретін салу керек.*

***2-диалог***
*- Сені достарыңның бәрі Мәке деп атайды, толық атың кім?*
*- Сен қалай ойлайсың?*
*- Мүмкін, Марат?*
*- Жоқ, Мұрат.*

***3-диалог***
*7 шілдеде түскі сағат тура екіде салтанатты залда жиналыс өтеді.*
*Барлық жұмысшыларды шақырамыз.*

***4-диалог***
*- Ұлыма Илья есімін қойдым.*
*- Неге Илья?*
*- Илья Ильиндей атақты спортшы болсын деген үмітпен қойдым.*

## 25-тапсырма. Двадцать шестое задание.

**Әннен үзінді оқыңыз. Орындаңыз.**
Прочитайте отрывок песни. Спойте.

*Білмеймін, аққұба ма қара ма екен,*
*Мейірім бір көргенде қана ма екен?*
*Ел кезіп, аудан қоймай жүргенімде,*
*Япырмай, қайсы ауылдан, қайсы ауылдан табам екен?*

*Айсұлу әлде Нұрсұлу,*
*Жансұлу әлде Күнсұлу.*
*Атын білмей қор болдым.*
*Әйтеуір, сол қыз,*
*Әйтеуір, сол қыз,*
*Әйтеуір, сол қыз – бір сұлу.*
*Әйтеуір, сол қыз,*
*Әйтеуір, сол қыз,*
*Әйтеуір, сол қыз – бір сұлу.*

## 26-тапсырма. Двадцать седьмое задание.

**Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Прослушайте. Ответьте на вопросы.

*Күн жұма. Жұмыстамын. Құрбым Жанат телефон соқты:*
*– Сәлем, қайдасың?*
*– Жұмыстамын.*
*– Бүгін киноға барайықшы. Сәуле екеуіміз сені күтеміз.*
*Не кино екенін де сұрап үлгермедім. Уәделескен уақытта мен кинотеатрға кіріп бардым. Жанат пен Сәуле мені күтіп тұр екен. Қолдарындағы билетке қарасам: «Жаужүрек мың бала» деп тұр. Қуанып қалдым. Бұл фильм 3 мамырдан бастап Алматыдағы кинотеатрлардан көрсетіліп жатқан еді. Дәл сол күні мен іссапармен Ақтөбеге кетіп қалған едім. Сонымен, бүгін бұйырып тұр екен. Енді, тек мұқият қарау керек.*
*Сағат кешкі сегізден жиырма кетті. Үлкен экраннан көрсетіле бастаған фильм орыс тілінде сайрап тұр.*
*– Мен әдейі қазақ тіліндегі фильмге билетті сатып алып едім, бұл қалай болды? - деді Жанат. Басқа да көрермендер шулай бастады. Бір кезде жүріп жатқан фильм тоқтады да, қазақ тілінде қайта бастады. «Еее, осылай болу керек еді ғой» деген көрермендер енді орындарына ыңғайланып жайғасып алды.*

## 27-тапсырма. Двадцать восьмое задание.

**Тыңдаңыз. Дұрыс нұсқаларды таңдаңыз.**
Прослушайте. Выберите правильные варианты.

*Бүгін сәрсенбі, 21 қыркүйек. Жұмыс сағат тоғызда басталды. Сағат тоғыздан он бес минут кеткенде қабылдау бөліміне бір ақсақал кірді. Оның үстінде қара костюм-шалбар, қолында көк түсті папкасы бар екен. Амандасты, папкасынан екі парақ қағазды алып, маған берді. «Оқып болған соң маған хабар етесіз» - деді де, визит карточкасын қалдырып кетті. Артынан парақтарына қарасам, елорда туралы мақала жазыпты. Маған ұнады. Дереу редакторға апардым. Оған да ұнады. Сөйтіп, жаңа тілшіміздің мақаласын газетке жарияладық. Содан бері ол кісі аптасына кем дегенде бір мақаласын беретін болды.*

## 28-тапсырма. Двадцать девятое задание.

**Тыңдаңыз. Кестеге тиісті әріпті жазыңыз.**
Прослушайте. Напишите соответствующие буквы.

*Бұл ер адам ұзын бойлы. Арық денелі, беті сопақша келген, мұрты бар. (5)*
*Ол – ірі адам. Шашы жоқ. Пұшық мұрынды. Темекі тартады. (6)*
*Ол – аққұба әйел. Орта бойлы, толықша келген, шашы бұйра, сары түсті. Мойны қысқа. (1)*

*Ол – денелі адам. Беті жалпақ, мұрны пұшық, шашы жоқ. Бойы аласа. Көзілдірік тағады. (4)*
*Ол – реңді келіншек. Беті сопақша келген, сары шашты, қиғаш қасты. Мойны ұзын. (7)*
*Ол – қара шашты әйел. Бойы орташа. Беті қушық. (3)*
*Ол – қушық бетті адам. Мұрны ұзын. Бойы орташа. (2)*

## 29-тапсырма. Тридцатое задание.

**Тыңдаңыз және жетіспейтін заттарды үйдің жоспарына қосыңыз.**
Прослушайте и включите недостающие предметы в план дома.

*Кіреберісте қабырғаның қасында шкаф тұр, алдында орындық тұр.*
*Әжетхана еденінде кішкентай кілемше жатыр.*
*Жуынатын бөлмеде джакузи бар.*
*Жатын бөлменің кіреберісінде кілем жатыр.*
*Төргі бөлмеде аласа шкафтың үстінде теледидар тұр.*
*Асүйде бір үстел мен үш орындық тұр.*

## 30-тапсырма. Тридцать первое задание.

**Сұрақтарды тыңдаңыз, толық жауаптар жазыңыз.**
Прослушайте вопросы и напишите полные ответы на них.

*1-сұрақ.*
*Сіз қазақ ауылдарында болып көрдіңіз бе?*
*2-сұрақ.*
*Ауыл тұрғындарының үйлерінде қонақтап, ет жеп көрдіңіз бе?*
*3-сұрақ.*
*Шатыры биік салынған үйлерді кездестірдіңіз бе?*
*4-сұрақ.*
*Есік алдында үлкен гүлзар өсетін үй көрдіңіз бе?*

## 31-тапсырма. Тридцать второе задание.

**Диалогтерді тыңдаңыз, дұрыс жауапты белгілеңіз.**
Прослушайте диалоги и отметьте правильные ответы.

*1-диалог.*
*– Алло! Сәлеметсіз бе! Хабарландыру бойынша телефон шалып тұрмын.*
*– Сізді тыңдап тұрмын.*
*– Пәтеріңіз таза ма?*
*– Иә, таза, жақында жөндеу жұмыстарын жүргізгенмін.*
*– Қайда орналасқан?*
*– Абай көшесінде, қарама-қарсысында тұрмыстық техника дүкені орналасқан. Үйдің нөмірі –15.*
*– Пәтерде ыдыс-аяқ, жиһаз бар ма?*
*– Асүйде жаңа ыдыстар тұр, қасық, пышақ, шанышқылар бар. Кір жуатын машина жұмыс істеп тұр. Қонақ бөлмеде жасыл түсті диван бар. Жатын бөлмеде екі кереует пен шкаф тұр. Төсек жабдықтары өздеріңізден.*
*– Құны қандай?*
*– Айына 50 000 теңге.*
*– Рақмет. Қашан көруге болады?*

*– Күн батқанша келіңіз.*
*– Жарайды. Көріскенше.*

*2-диалог.*
*– Алло! Бұл жалға беру мекемесі ме?*
*– Иә, «Ақжайық» компаниясы.*
*– Сіздерде үш бөлмелі пәтер бар ма?*
*– Иә, Сейфуллин көшесінің бойында, 71-үйде 3 бөлмелі пәтер жалға беріледі.*
*– Қанша тұрады?*
*– Айына 40 000 теңге.*
*– Пәтер қандай, таза ма?*
*– Төбелері шамалы лас, тазалау керек.*
*– Жиһаздар бар ма?*
*– Қонақүйде үлкен теледидар тұр, диван, екі кресло, аласа үстел, еденде кілем жатыр.*
*– Ыдыс-аяқ бар ма?*
*– Асүйде ыдыс-аяқ жоқ, өздеріңіз әкелесіздер. Ал жатын бөлмеде ақжайма, көрпе, жастықтар бар.*
*– Асүй тұрмыстық техникамен қамтамасыз етілген бе?*
*– Кір жуатын машина жоқ, бірақ тоңазытқыш бар. Сіздер пәтерге кіргенше кір жуатын машинаны пәтер иесі сатып алады, өзі орнатады.*

## 32-тапсырма. Тридцать третье задание.

**Жарнама мәтінін тыңдаңыз. Дұрыс нұсқаларды белгілеңіз.**
Прослушайте рекламный текст. Выберите правильные варианты.

*Құрметті қарағандылықтар және қала қонақтары! Жексенбі сайын біздің туристік компаниямыз Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғат бағына экскурсия ұйымдастырады. Табиғи бақтағы бір-бірімен аралас орналасқан бес таулы топтан тұратын Бұғылы, Шаңкөз, Мәтен, Айыртау және Кент тауларын көре аласыздар. Қарқаралы таулары мен Кент алабы ерекше ландшафты асимметрияға ие: оның солтүстік баурайы шығыс және батысқа қарағанда өсімдіктерге және бұлақтарға өте бай. Мұнда таулы бұлақтардан таза су ішесіздер. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген көптеген өсімдіктер мен ағаштарды таба аласыздар. Ал жануарлардан: арқар, елік, қара ләйлек, бүркітті көруге болады.*
*Бұл экскурсия таңғы сағат 9-дан кешкі 19.00-ге дейін созылады. Билет құны – 2000 теңге.*

## 33-тапсырма. Тридцать четвертое задание.

**Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Прослушайте текст. Ответьте на вопросы.

*Сарыағаш – Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан жер асты минералды суларға бай аймақ. Көптеген тұрғындарды термалды сумен қамтамасыз етіп отыр. Бұл денсаулыққа пайдалы ыстық суды 1946 жылы жер асты қазба байлығын іздеген геологтар кездейсоқ тапқан. Ең танымал болып есептелетін «Сарыағаш» шипажайы Шымкент қаласынан оңтүстікке қарай 130 километр жерде Көктерек поселкісінде орналасқан. Жазы ыстық, қысы жұмсақ. Емге пайдаланатын минералды суының температурасы 49-52°C. Ас қорыту органдарының қызметі, зат алмасуы бұзылған, жүйке жүйесі, қол-аяқ, тері, әйел ауруларымен сырқаттанғандар емделеді. Бұл шипажайда жылына 20 мыңнан астам адам емделеді.*

## 34-тапсырма. Тридцать пятое задание.

**Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Прослушайте. Ответьте на вопросы.

*Біздің аудан орталығында жаңа емхана мен мектеп салынды. Емхана кешенінде емхана, аурухана, алмалы бақ бар. Бақтың ортасында шағын көлді балықтар мекен етеді. Таулы жерде әдемі ағаштар өсіп тұр. Аудан әкімдігінің сол жағында қазақ мектебі ғимараты бой көтерді. Құрылыс бір жыл жүрді. Бұл екі қабатты ғимаратта 700-ден астам оқушы оқиды. Мектеп артында спорт алаңы бар. Алдында гүлзар өсіп тұр. Мектептің сыртқы жағы сары түсті.*

## 35-тапсырма. Тридцать пятое задание.

**Тыңдаңыз. Көп нүкте орнына тиісті сөздерді жазыңыз.**
Прослушайте. Напишите вместо многоточий соответствующие слова.

*Елордамыз Астана қаласында жаңа ғимараттар Есіл өзенінің сол жағалауында салынып жатқаны бәрімізге мәлім. Солардың бірі «биші» тұрғын үйі «Солтүстік шұғыла» деп аталады. Бұл кешеннің жобасын астаналық сәулетші Сәкенов Мырзабек жасаған.*
*Кешенде мың жиырма пәтер бар, жалпы үш-төрт мың адам тұра алады. Мұнда инфрақұрылым жақсы қалыптасқан. Жертөлесіне мәшине қоюға болады, азық-түлік пен киім дүкендері де бар. Осында тұратын адамдар сыртқа шықпай-ақ сән салонына, спортзалға, бассейнге бара алады. Бірінші және екінші қабатта банк, пошта, интернет-кафе, мейрамханалар, нотариус кеңселері бар. Ал үшінші қабаттан бастап бір, екі, үш, төрт және бес бөлмелі пәтерлер жоспарланған.*

## 36-тапсырма. Тридцать шестое задание.

**Тыңдаңыз. Белгілеңіз.**
Прослушайте. Отметьте.

*Ерте заманда қыс ұзақ болыпты, аяз ұзақ тұрыпты. Сол заманда бір шағын отбасы өмір сүріпті. Әкесі жанұясын асырау үшін жұмыс іздеп алысқа кеткен екен. Әйелі мен екі баласы оны күтумен болады. Бір күні қаңтар айының аяғында ұл бала қатты ауырып қалыпты. Анасы баланы емшіге алып барыпты. Емші әйел оның ауруының себебін анықтайды. Ол баланы емдеу үшін жаңа өсіп тұрған гүлдер мен жапырақтар керек екендігін айтыпты. Анасы мен бауырының қайғысын көрген әпкесі емшіге керекті өсімдіктерді іздеп жолға шығыпты. Қараса, айналаның бәрі мұз, қалың қар. Қыз не істерін білмей қатты жылайды да, Құдайға жалбарына бастайды. Көзден шыққан ыстық жастар қарды тесіп, жердің түбіне дейін жетіпті. Көздің жасы бәйшешектерді оятады. Олар қарды тесіп, жер бетіне шығыпты. Қыздың жасы тамған жерлердің бәрі әдемі ақ гүлдерге айналады. Қыз оларды теріп алып, үйіне алып барыпты. Бәйшешекті інісіне береді. Інісі жазылыпты. Содан бері бәйшешек үміттің символы болған екен.*

## 37-тапсырма. Тридцать седьмое задание.

**Тыңдаңыз. Дұрыс нөмірді қойыңыз.**
Прослушайте. Вставьте правильные цифры.

*Жануарлар туралы қызықты деректер*

*№ 1. Қарақұйрық лағы туғаннан кейін екі күннен кейін сағатына 95 километр жылдамдықпен жүгіре алады.*
*№ 2. Алтын балықтың есте сақтау қабілеті тек 3 секундқа дейін ғана жетеді.*

*№ 3. Дельфиндер бір көзін ашып ұйықтайды.*
*№ 4. Піл – төрт тізесі бар жалғыз жануар.*
*№ 5. Көртышқандар бір түнде 76 метрлік туннель қаза алады.*
*№ 6. Киттің жүрегі минутына 9 рет соғады.*
*№ 7. Ягуарларды заң бойынша қорғайтын жалғыз мемлекет – Белиз.*
*№ 8. Бегемоттар су астында өмірге келеді.*
*№ 9. Шимпанзе – айна алдында өзін-өзі тани алатын жануар.*
*№ 10. Түйенің өркеші бола тұра, оның омыртқасы түзу болады.*

## 38-тапсырма. Тридцать восьмое задание.

**Тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.**
Прослушайте. Впишите нужные слова.

*Оператор: – Сәлеметсіз бе! «Самал» сұлулық салоны тыңдап тұр.*
*Тұтынушы: – Сәлеметсіз бе! Мен шеберге жазылайын деп едім.*
*Оператор: – Жақсы. Қай шеберге?*
*Тұтынушы: – Тырнақ шеберіне.*
*Оператор: –Сағат нешеге?*
*Тұтынушы: – Мүмкін болса, түстен кейін. Сағат төртке.*
*Оператор: – Қазір, тырнақ шеберінің кестесін қарайын. Ммм, сағат төртте бос екен. Жазайын ба?*
*Тұтынушы: – Иә, жазыңыз.*
*Оператор: – Атыңыз кім?*
*Тұтынушы: – Алтынай.*
*Оператор: – Алтынай, онда сағат төртте сізді күтеміз. Мекенжайды білесіз ғой.*
*Тұтынушы: – Иә, білемін. Рақмет! Сау болыңыз!*
*Оператор: – Сау болыңыз!*

## 39-тапсырма. Тридцать девятое задание.

**Тыңдаңыз. Жауап беріңіз.**
Прослушайте. Ответьте.

*1-сұхбат*
*Оператор: – Сәлеметсіз бе! «Қазақ» банкі тыңдап тұр.*
*Тұтынушы: – Сәлеметсіз бе! Мен төлем карточкасын аштырайын деп едім. Ол үш қандай құжаттар керек?*
*Оператор: – Төлем карточкасын аштыру үшін жеке құжатыңыз ғана қажет.*
*Тұтынушы: – Сағат нешеге дейін жұмыс істейсіздер?*
*Оператор: – Кешкі сағат беске дейін.*
*Тұтынушы: – Рақмет! Сау болыңыз!*
*Оператор: – Сау болыңыз!*

*2-сұхбат*
*Оператор: – Сәлеметсіз бе! Көлік жөндеу орталығы тыңдап тұр.*
*Тұтынушы: – Сәлеметсіз бе! Сіздерде техникалық байқау бар ма?*
*Оператор: – Иә, бар.*
*Тұтынушы: – Бағасы неше?*
*Оператор: – Ол мәшиненің маркасына және жылына байланысты.*
*Тұтынушы: – Ааа, жақсы. Сіздерге жазылуға бола ма?*
*Оператор: – Әрине, болады. Қай күнге жазыласыз?*
*Тұтынушы: – Мүмкін болса, ертеңге.*

*Оператор: – Әрине, болады. Сағат нешеге жазыласыз?*
*Тұтынушы: – Таңертең сағат онға.*
*Оператор: – Жақсы, аты-жөніңіз кім?*
*Тұтынушы: – Омаров Ғазиз.*
*Оператор: – Ғазиз, онда ертең сағат онда сізді күтеміз. Мекенжайды білесіз ғой?*
*Тұтынушы: – Жоқ, айтып жібересіз бе?*
*Оператор: – Жазып алыңыз. Қабанбай батыр көшесі, он бесінші үй.*
*Тұтынушы: – Рақмет! Сау болыңыз!*
*Оператор: – Сау болыңыз!*

## 40-тапсырма. Сороковое задание.

**Тыңдаңыз. Белгілеңіз.**
Прослушайте. Отметьте.

*Гид: – Сәлеметсіздер ме, құрметті оқушылар. Сіздерді мұражай ережесімен қысқаша таныстырып кетейін. Мұражайда суретке түсіруге, экспонаттарды қолмен ұстауға, қызыл белдіктен асуға және мұражай ішінде қатты сөйлеуге болмайды.*
*1- оқушы: – Кешіріңіз, өзімізбен бірге су алып кіруге рұқсат етіле ме?*
*Гид: – Әрине, рұқсат етіледі. Алайда тамақ алып кіруге болмайды.*
*2-оқушы: – Ал экспонаттарды суретке түсіруге рұқсат па?*
*Гид: – Барлық залдарда емес. Кейбір залдарда түсіруге болады.*

## 41-тапсырма. Сорок первое задание.

**Тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.**
Прослушайте. Впишите нужные слова.

*Ол үнемі өзінің жалғыз емес екенін есте сақтайды. Өзін басқа адамдарға кедергі келтірмейтіндей ұстайды. Біреумен сөйлесіп тұрып сағыз шайнамайды. Шайнаған сағызын жерге тастамайды немесе үстелге, орындыққа, қабырғаға жапсырмайды. Үлкен кісіге жол береді. Қоғамдық көлікте үлкендер мен балалы әйелдерді өткізіп жібереді, оларға орын береді.*
*Автобустан шығарда алдындағы кісілерді итермей, өткізіп жіберуді сұрайды.*
*Көліктен түсерде қарттар мен балалы әйелдерге көмектеседі.*
*Біреудің аяғын басып кетсе, кешірім сұрайды, ал егер өзінің аяғын басып кетсе, ашуланбайды үндемей шыдайды. Кәмпиттің немесе сағыздың қағазын т. б. заттарды жерге немесе қоқыс салғыштың сыртына лақтыра салмайды.*
*Көшені тек рұқсат етілген жерден не бағдаршамның жасыл түсіне кесіп өтеді.*

## 42-тапсырма. Сорок второе задание.

**Тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.**
Прослушайте. Впишите нужные слова.

### *Өмірбаян*

*Мен, Понарин Александар Иванович, 1983 жылы 4 наурызда Алматы қаласы Медеу ауданында дүниеге келдім. Ұлтым – орыс. Қазақстан Республикасының азаматымын. Әкем Понарин Иван Алматы қаласында салық комитетінде бас маман болып жұмыс істейді. Анам Анна Викторовна жекеменшік фирмада есепші болып жұмыс істейді.*
*1990 жылы Алматы қаласындағы №3 орыс орта мектебіне бірінші сыныпқа қабылдандым. 1999 жылы ата-анам Астана қаласына жұмыс бабымен ауысты. Сол себепті 2001 жылы Астана қаласындағы №5 лицейді аяқтадым.*

*2001 жылы Астана қаласындағы Еуразия Ұлттық университетінің экономика факультетіне оқуға түстім. Университетті 2006 жылы бітірдім. Сол жылы аталған университеттің магистратурасына қабылдандым. Магистратураны 2008 жылы бітірдім. Мамандығым – экономист-есепші.*
*Отбасылық жағдайым: үйленбегенмін. Әскери қызметке міндеттімін. Запастағы лейтенантпын.*
*Қазақ,о рыс, ағылшын тілдерін жетік меңгергенмін. Қазақ және ағылшын тілінен жоғары дейгейді растайтын сертификаттарым бар. Әуес ісім – спортпен айналысу. Каратэден қара белдік иегерімін.*
*Мекенжайым: Астана қаласы, Республика даңғылы, 62-үй, 20-пәтер. Байланыс телефондарым: 87026859878. Үй телефоным: 2-96-65-98*

## 43-тапсырма. Сорок третье задание.

**Тыңдаңыз. Толтырыңыз.**
Прослушайте. Дополните.

*Кадр бөлімі маманы: – Сәлеметсіз бе!*
*Сырым: – Сәлеметсіз бе!*
*Кадр бөлімі маманы: – Толық аты-жөніңізді айтсаңыз.*
*Сырым: – Жүнісов Сырым Қаленұлы.*
*Кадр бөлімі маманы: – Қай жылы және қай жерде дүниеге келдіңіз?*
*Сырым: – 1979 жылы, 4 қарашада, Алматы қаласында дүниеге келдім.*
*Кадр бөлімі маманы: – Ұлтыңыз?*
*Сырым: – Ұлтым – қазақ.*
*Кадр бөлімі маманы: – Біліміңіз орта ма?*
*Сырым: – Жоқ, білімім жоғары.*
*Кадр бөлімі маманы: – Қашан және қайда оқыдыңыз?*
*Сырым: – 1997-2001 жылдар аралығында Абай атындағы мемлекеттік университетінде білім алдым.*
*Кадр бөлімі маманы: – Қандай мамандық бойынша?*
*Сырым: – Қаржы-экономист мамандығы бойынша.*
*Кадр бөлімі маманы: – Диплом бойынша біліктілігіңіз қандай?*
*Сырым: – Экономист.*
*Кадр бөлімі маманы: – Ағылшын тілін білетін шығарсыз?*
*Сырым: – Әрине, ағылшын тілі – еркін, орыс тілі – еркін.*
*Кадр бөлімі маманы: – Ғылыми дәрежеңіз және атағыңыз бар ма?*
*Сырым: – Жоқ.*
*Кадр бөлімі маманы: – Жұмыс тәжірибеңіз туралы айтасыңыз?*
*Сырым: – 2003-2007 жылдар аралығында «Арасан» жекеменшік фирмасында есепші болып жұмыс істедім.*
*– 2008-2012 жылдар аралығында сол фирмада есеп бөлімінің бастығы болдым.*
*Кадр бөлімі маманы: – Марапаттауларыңыз бар ма?*
*Сырым: – Иә. Аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталғанмын.*
*Кадр бөлімі маманы: – Әскери міндеттісіз бе?*
*Сырым: – Иә, запастағы лейтенантпын. Жаяу әскерде, командалық құрамда.*
*Кадр бөлімі маманы: – Отбасылық жағдайыңыз туралы айтасыңыз?*
*Сырым: – Үйленбегенмін.*
*Кадр бөлімі маманы: – Ммм. Мекенжайыңыз, байланыс телефондарыңызды айтыңыз.*
*Сырым: – Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 16 үй, 78 пәтер. Үй телефоным: 78-98-98. Ұялы телефоным: 87056805507*
*Кадр бөлімі маманы: – Рақмет, мына жерге қол қойып берсеңіз.*
*Сырым: – Жақсы.*

## 44-тапсырма. Сорок четвертое задание.

**Тыңдаңыз. Толтырыңыз.**
Прослушайте. Дополните.

***№ 1 өтініш***

*«Жетісу» компаниясының директоры*
*А.Н. Айдаров мырзаға*
*Экспорт бөлімінің менеджері*
*А.С. Оспановтан*

*Өтініш*

*Астана қаласына көшуіме байланысты 2015 жылдың 30 қыркүйегінен бастап Астана қаласындағы филиалға ауыстыруыңызды сұраймын.*

*2015 жыл «20» қыркүйек* *қолы: А.С. Оспанов*

***№ 2 өтініш***

*«Жетісу» компаниясының директоры*
*А.Н. Айдаров мырзаға*
*Экспорт бөлімінің маманы*
*А.С. Нұрымовтан*

*Өтініш*

*Маған денсаулығыма байланысты 2015 жылдың 10-15 қазан айы аралығында кезектен тыс еңбек демалысын беруіңізді сұраймын.*

*2015 жыл «09» қазан* *қолы: А.С. Нұрымов*

***№ 3 өтініш***

*«Жетісу» компаниясының директоры*
*А.Н. Айдаров мырзаға*
*Есеп бөлімінің есепшісі*
*А.С. Ысқақовтан*

Өтініш

*Отбасы жағдайыма байланысты 2015 жылдың қараша айындағы кезекті демалысымды желтоқсан айына ауыстыруға рұқсат етуіңізді сұраймын.*

*2015 жыл «30» қазан* *қолы: А.С. Ысқақов*

## 45-тапсырма. Сорок пятое задание.

**Тыңдаңыз. Тиісті сөзді жазыңыз.**
Прослушайте. Впишите нужные слова.

*кері шақырту туралы*

*Өндірістік қажеттілікке сәйкес*

*БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Жоспарлау бөлімінің бас маманы А.Т. Жүнісовтің сырқаттануына байланысты Жоспарлау бөлімінің маманы А.О. Оспанов 2014 жылдың 20 мамырынан бастап еңбек демалысынан кері шақыртылсын.*

*2. Бас есепші А.С. Маратов А.О. Оспановқа тиісті мөлшерде үстемақы төлесін.*

*3. Осы бұйрықтың орындалуы Жоспарлау бөлімінің бастығы А.Қ. Зариповке жүктелсін.*

*Негіздеме: Жоспарлау бөлімінің бастығы А.Қ. Зариповтың қызметтік хаты*

## 46-тапсырма. Сорок шестое задание.

**Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**
Прослушайте. Ответьте на вопросы.

*Материалдық көмек беру туралы*

*Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Еңбек шартына сәйкес*

*БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Халыққа қызмет көрсету бөлімінің маманы А.Т. Сабыровқа отбасы жағайдына байланысты 120 мың теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілсін.*

*2. Материалдық көмек қолма-қол ақша түрінде фирма кассасынан бөлінсін.*

*3. Осы бұйрықтың орындалуы касса маманы А.Қ. Қайырбековке жүктелсін.*

*Негіздеме: А.Т. Сабыровтың өтініші*

# ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ҚОСЫМШАЛАРЫ

**I-бөлім.**

**Отбасы. 16-беттегі 1-тапсырма. (Сөйлесім)**



**IV-бөлім.**

**Уақыт. 84-беттегі 1-тапсырма. (Сөйлесім)**

Менің жоспарым. 21 тамыз, жексенбі

| | |
|---|---|
| 8.00-9.20 | гимнастика жасау |
| 9.20-11.45 | үйді жинау |
| 11.00-13.30 | теледидар көру |
| 14.00-16.50 | фитнесклубқа бару |
| 16.50-19.30 | кинотеатрға бару |

**VI-бөлім.**

**Адам бейнесі. 124-беттегі 1-тапсырма (Сөйлесім)**



**VIII-бөлім.**

**Менің елім. 158-беттегі 1-тапсырма (Сөйлесім)**

Қазақстандағы әдемі көлдердің бірі – Үлкен Алматы көлі. Ол Алматы қаласынан оңтүстікке қарай 28,5 км жерде 2497 метр биіктікте орналасқан. Ең жоғары температурасы 12,8 градусқа жетеді.

Жаз салқын болады, көп жаңбыр жауады. Ал қыста суық болады және көл мұздайды. Орташа су температурасы + 4,7 градус. Үлкен Алматы көлінің суы таза. Оның жағалауында шипажай, қонақүйлер салуға тыйым салынған.

## Редакциялағандар:

А. Әбдіхалықов
А. Бердикулова

## Техникалық редакциясына жауаптылар:

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті академиясы, Арнаулы-тактикалық факультетінің профессоры, ф.ғ.д. Алдаш Айманкүл Мырзалықызы;

«Назарбаев Университеті», Қазақ тілі, әдебиеті және мәдениеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.д. Күзекова Зейнехан Сейітханқызы;

С. Демирел университеті, Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының доценті, ф.ғ.д. Жолшаева Майра Сатыбалдықызы.

## Көркемдеуші дизайнер:

С. Тлемисов

ISBN 978 601 7504 37 3

Басуға 07.11.2016 ж. қол қойылды.
Пішімі 60х90 1/8 . Офсеттік басылым. Шартты б.т. 40,0
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №118

«Palitra Press» ЖШС-нде басылды.
050000, Алматы қаласы, Л.Хамиди көшесі,4а